

С.Қасқабасов, Р.Әлмұханова, Е.Раушанов, Қ.Қайырбай

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

8







Алматы



«Жазушы», 2018

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72
Қ 17

Шартты белгілер:

 БІЛУ	 ТАЛДАУ
 ТҮСІНУ	 ЖИНАҚТАУ
 ҚОЛДАНУ	 БАҒАЛАУ
 Тыңдау CD	 Ғаламтор
 ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ	
 ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	
 АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ	

Қ 17 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. / Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Қайырбай Қ. – Алматы: «Жазушы», 2018. – 216 бет, суретті.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72

© Қасқабасов С., Әлмұханова Р.,
Раушанов Е., Қайырбай Қ., 2018
© “Жазушы” баспасы, 2018
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
«Жазушы» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-200-599-8

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Халқымыздың рухани құндылықтарының бір саласы әдебиет – өлемге мақтанышпен көрсете алатын мәдениетіміздің айғағы.

8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы төрт бөлімді қамтиды. Бірінші бөлім «Дананың сөзі – ақылдың көзі» деп аталады. Бұл бөлімде Қорқыт ата, Ахмет Ясауи, Ақтамберді, Шалкиіз жыраулардың поэзиясымен танысасыңдар. Олардың көркем ойларын оқу арқылы қазақ халқының тарихынан, сөз байлығынан көп мағлұмат алатын боласыңдар.

«Көркем әдебиет және эпикалық сарын» деп аталатын екінші бөлімде Мұрат Мөңкеұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары оқытылады. Оларды оқи отырып, халқымыздың тағдырындағы күрделі кезеңдердің сырларына да қанығасыңдар.

Үшінші бөлім «Махаббат және абырой» деп аталады. Бұл бөлімде М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы, Б.Момышұлының «Үшқан ұя» повесі, Д.Исабековтің «Өпке» драмасымен және М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасымен танысып, көркемдік қуатын сезінесіңдер.

«Қиял мен шындық» атты төртінші бөлімде Т.Ахтановтың «Күй аңызы», Ж.Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл», Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімелері топтастырылған.

Бұл шығармалардың қай-қайсысы да ғибратты. Оларды оқу, түсіну, талдау, ой жинақтау, бағалау арқылы ой-пайымдарың кеңейеді. Көркем туындыларды қадірлеу арқылы сендердің тұлға ретінде дұрыс қалыптасуларың болашақ үшін маңызды. Өйткені жаңартылған оқу бағдарламасы сендердің ой бөлісе білулеріңе, өз көзқарастарыңның болуына ықпал жасайды. Солайша сендер қоғамға өз үлестеріңді қоса алатын азамат ретінде қалыптасуларыңа мүмкіндік жасалады. Ең бастысы – ынта қойып оқу. Сондықтан, жас достар, іске сәт!

Авторлар





ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ



Қай халықтың болса да, тарихы, мәдениеті бар. Ал сол тарихты, мәдениетті жасайтын – адам. Олардың өмір жолында ұстанған әдемі үлгісі, ұлағатты сөздері өз ортасында әңгіме болып, кейінгі ұрпақтарға тарайды. Солайша халыққа қызмет еткен даналардың есімдері әрқашанда ардақты болады. Қазақ халқы да өз тарихын, мәдениетін қастерлейді. Даналардың сөздерін, тағылымды еңбектерін ұрпақтан-ұрпаққа өнеге етіп, насихат құралына айналдырады.

Әлемдегі басқа халықтарға қарағанда, қазақ мәдениетінің өз ерекшелігі бар. Өйткені ұлттық рухани мұралардың көбі бізге ауызша сөз арқылы жеткен. Оларды ғылым тілімен фольклор, яғни авторы ұмытылған шығармалар дейміз. Бұл жағдайда ол бүкіл халықтың мұрасы, рухани азығы ретінде қастерленеді. Сонымен бірге ауызша жетсе де, белгілі бір автордың сөзі ретінде саналатын шығармалар бар, олар авторлы ауыз әдебиеті делінеді. Жазба әдебиетке қосылатын шығармалардың авторы нақты өмірде болған, еңбектері де анық өзінікі деп бағаланады. Қазақ мәдениетін жасауда бұлардың бәрі – руханиятымыздың асыл қазынасы. Сондықтан бүкіл халықтың рухына күш беріп, ұлт ретінде әлемге танылуымызда дана бабаларымыздың сөздері әрдайым қажет.



ҚОРҚЫТ



Қорқыт ата
(VIII–X ғасыр)

Қорқыт атаның есімі тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарына ардақты. Атап айтқанда, әзербайжан, башқұрт, түрік, түркімен, т.б. ұлттардың орта ғасырлардағы мәдени мұрасынан белгілі. Өйткені ол – түркі халықтарының орта ғасырлардағы тарихына ортақ тұлға. Бір кездері Түркі қағанатына біріккен тайпа, руларды құраған халықтар кейін жеке ұлттарға бөлінгенде де, бабаларынан қалған сөздерді ұмытпаған.

Солайша Қорқыт ата көп халыққа белгілі болған. Әсіресе, «Қорқыттың көрі» деген сөз тіркесі ата-бабалардың әңгімелерінде жиі айтылған. Түркілер әлі күнге дейін бұл сөз тіркесін қолданады.

Қорқыт атаның өмір сүрген дәуіріне қатысты аңыздар мен «Қорқыт ата кітабы» туралы зерттеу көп. Көрнекті шығыстанушылар В.В. Бартольд, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин еңбектері, қазақ ғалымдарынан Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, А.Жұбанов, Ә.Марғұлан, Р.Бердібай, С.Қасқабасов және т.б. зерттеулері белгілі. Дегенмен әлі қызу пікірталас бар. Оның себебі: Қорқыт ата тарихта шын болған ба, әлде халықтың қиялы бойынша сомдалған бейне ме, осы мәселе пікірталас тудырды. Бірақ, қалай болғанда да, Қорқыт ата есімі бәріміз үшін қадірлі болып қала береді.

Қорқыт атаның нақты өмірде болғанын дәлелдеуге әзірше мүмкіндік болмай тұр, өйткені ол өмір сүрген кезден деректі құжаттар сақталмаған. Алайда халық аңыздарына сүйеніп, болжамдар жасалды. Біз үшін маңыздысы – «Қорқыт ата кітабының» сақталуы және біздің Отанымызда – Қазақстанда Қорқыт атаға арнап салынған кесененің болуы, ол туралы аңыздардың көптеп сақталуы.



Осы мәліметтерді зерделей келе, ғалымдар Қорқыт ата, шамамен, VIII–X ғасырларда Сырдария бойында өмір сүрген деп болжайды. Біз VIII–X ғасырлар деп, ауқымды кезеңді атауымыздың мәні сол. Бұл кездегі қазақ тарихына қатысты екі үлкен жағдайды атап өтуіміз керек. Бұл екі жағдай: түркі халықтарының біразына Оғыз дәуірі ортақ болған және қазақтар, Орта Азиядағы басқа да халықтар ислам дінін қабылдай бастаған кез болатын. Қорқыт атаға қатысты аңыздарда осы тарихи кезеңнің сипаттары анық сақталған. Қорқыт атаның есімін қадірлеп, осы күнге дейін ұмытпай, аңыздарды ұрпақтар санасына сіңіруде. Ол аңыздарда Қорқыт – әулие, дана, жыршы, жырау, қобызшы, бақсылардың пірі.

Қорқыт атаның «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Елім-ай, халқым-ай», «Әушпай», «Сарын», «Қорқыт», «Башпай», «Желмая», «Байлаулы киіктің зары», т.б. күйлері белгілі. Бұл күйлердің көбі қылқобыз аспабында орындалады. Бұл күйлер тек қазақта ғана сақталған.

Әр күйді тартқанда, күйшілер оның шығу тарихын айтады. Қорқыт ата ажалдан қашқанында Желмаясы серік болған, оған «Желмая» атты күй арнаған. Ал «Байлаулы киіктің зары» атты күйдің аңызында Қорқыт ата жер бетіндегі барлық жан-жануардың тілін біледі екен делінеді. Қазақ арасында Қорқыт атаның ажалдан қашқаны туралы баяндайтын әңгіме де сақталған. Ол – ажалды жеңу үшін қобыз жасап, қырық жыл бойы өнердің құдіретімен өлімді өзіне жақындатпаған. Оның осындай өнегесі есімін ардақ тұттырып, ұрпақтан-ұрпаққа үлгі етеді.

«Қорқыт ата кітабы» дегенде, оны кітап деп атау шартты түрде ғана, бұл өзіміз күнделікті көріп жүрген кітаптан бөлек. Оны Қорқыт атаның өзі жазбаған. Қазақ және Орта Азиядағы басқа да түркі халықтарына ортақ жырларды естіген адамдар қағазға көшіріп алған. Солайша «Қорқыт ата кітабы» бізге қолжазба күйінде жеткен. Оның екі нұсқасы бар, бірі – Германиядағы Дрезденде, екіншісі – Ватикан кітапханасында сақтаулы. Дрезден кітапханасында сақталған нұсқада он екі жыр араб қарпімен жазылған. Ал Ватикан нұсқасында алты ғана жыр, яғни айырмашылық – көлемінде, көшірме жасаған адамдар өз білгенін ғана қағазға түсірген. Зерттеулер бойынша, бұл екеуінің негізі – бір. Ғалымдар бұл қолжазбалардағы жырлар қазақ және Орта Азиядағы халықтардан алынған, ал қағазға XIV ғасырда түсірілген деп тұжырым жасады.

«Қорқыт ата кітабының» алғашқы беттерінде «Қорқыттың нақыл сөздері» берілген. Мұнда «Баят бойында Қорқыт ата дейтін бір ер тұрыпты.



Ол кісі оғыз ішіндегі ең білгіші екен. Ғайыптан айтқан болжамдарының бәрі түп-тура келіп отырған Әулиенің көңіліне Тәңірім нұр құйған ғой...

Ол алдымен оғыз қауымының мүшкіл халін айтқан. Нендей іс болса да, әбден таныспайынша, көз жеткізбейінше кіріспейтін Қорқыт атаның сөзін халық ақыр соңына дейін ұйып тыңдаған» деп жазылған.

«Қорқыт ата кітабындағы» шығармалар жыр деп бағаланады. Жыр поэзия түрінде келетіні белгілі. Ал бұл кітаптағы шығармалар прозалық үлгіде, арасында поэзияға орын берілген. Бірақ сонда да бұларды жыр деудің өз себебі бар. Батырлық ертегімен салыстырғанда, мұндағы оқиғалардың баяндалуы мазмұн жағынан, уақытты қамту жағынан кеңдігімен ерекшеленеді.

Ғалымдар арасында Қорқыт деген атаудың өзіне қатысты біраз пікірлер айтылды. Кейбір ғалымдар «құттың қоры» дегеннен шыққан десе, енді бірі «құтты адам», «құт әкелетін адам» дейді. Ал кейбірі оның Әулие ретінде мойындалуымен байланыстырады. Әулиеге баратын адам оған жан-тәнімен сеніп, шын ықыласымен баруы керек, олай болмаған жағдайда, қиындыққа душар болуы мүмкін деген ойлар болған. Осындай түсініктердің әсерінен, қасиеттен қорқып, уақыт өте келе, оның аты Қорқытқа айналған болуы мүмкін дейді.

«Қорқыт ата кітабындағы» он екі жырдың бәрі дерлік қазақ және басқа да түркі халықтарына белгілі. Мысалы, «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны», т.б. жырлар. Бізге белгілі жеке жырларға қарағанда, «Қорқыт ата кітабындағылардың» өз ерекшелігі бар. «Қорқыт ата кітабы» – он екі жырдың басын қосып, оны ұрпақтарға жеткізуші, сақтаушы ғана емес, сонымен бірге бұл жырлардағы негізгі кейіпкерлердің бәріне Қорқыт ата – ақылшы, дана, бата беруші.

Қорқыт ата өмір сүрген заманда нәрестеге бірден ат қойылмайтын. Ер бала Әуелі елі үшін ерлік көрсетуі тиіс, содан кейін ғана оған ат қойылған. Міне, осылайша өзін танытқан, болашақта батыр болатын ұлдарға Қорқыт ата ат қойған. Оларға әрдайым қолдау көрсетіп, батасын берген. Олардың бәрі жыр бойынша атақты болып шыққан, ел үмітін ақтаған.





СӨЗДІК

Ватикан – қала-мемлекет, Рим папасы орналасқан ел. Ватикан тарихы 756 жылдан басталады.

Дрезден – Германиядағы қала.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Қызылорда облысы Қармақшы ауданында Қорқыт ата стансасынан 3 км жерде Қорқыт атаға арналған мазар болған, ол, шамамен, IX –X ғасырларда тұрғызылған деп болжанады. 1925 жылдан бастап оның қабырғалары опырыла бастаған. Бірақ Ә.Диваев, И.Кастанье, т.б. бұл мазарды көріп, Қорқыт атаға қатысты деректерді жазып алған. Бізге бұл мазар «Түркістан альбомы» атты жинақта

жарияланған фотосурет арқылы белгілі. Мазардың бұрынғы орнына бүгінде мемориалдық тақта орнатылған.



Қорқыт Ата
мемориалдық кешені.
Қызылорда облысы

1980 жылы осы өңірдегі Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт стансасының түбінде Қорқыт ата ескерткіші тұрғызылды. Авторлары – сәулетші Бек Ыбыраев, физик-акустик С.Исатаев. Бұл ескерткіш – тәуелсіз Қазақстанның ұлы бабаға деген құрметі. Оның жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады.

Ескерткіштің ішкі жағына мәңгілік өмір сырын іздеген киелі баба Желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін ишаралайтын «Түйе табан» өрнегі салынған.





1. Қорқыт ата кім болған және қай дәуірде өмір сүрген?
2. Оғыз дәуірінің қазақ тарихы үшін қандай маңызы бар?
3. Қорқыт ата күйлері туралы айтып беріңдер (оларды ұнтаспадан тыңдаңдар).
4. Қорқыт шығармалары қайда сақталған? Қорқыт ата жайлы зерттеушілердің қандай пікірлерін білесіңдер?
5. Қорқыт ата туралы қандай аңыз әңгімелер оқыдыңдар?



1. Жырда қандай оқиға суреттелген? Түсінгендеріңді баяндаңдар.
2. «Қорқыт ата кітабын» зерттеушілер оны неге жыр деп бағалайды?



1. «Қайда барсаң – Қорқыттың көрі» деген тіркестің мағынасын ашып, қобыз бен мөңгілік өмір арасындағы байланысты анықтаңдар.
2. Қорқыт атаның ақылшы, дана, бата беруші аталуының себебі неде деп ойлайсыңдар?



«Ежелгі дүниежүзі тарихынан» Гильгамеш туралы оқыдыңдар. Қорқыт ата мен Гильгамештің ажалдан қашуын бейнелейтін сюжеттерге салыстыру жасаңдар.



1. «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың негізгі идеясы мен тақырыбы қандай?
2. Хрестоматиядан Қорқыт атаға қатысты аңыздарды оқып, халықтық наным-сенімдер, ондағы автор көзқарасы туралы пікірлеріңді айтыңдар.
3. Қорқыт атаның қобызшылық өнері қазіргі таңда жалғасын тапты ма?
4. «Қорқыт атаның өнегесі» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.





1. Киелі бабаның Желмаясымен мәңгілік өмір сырын іздегені және шартарапқа жол тартқан қобыз сарынымен байланысы туралы өз көзқарастарыңды білдіріңдер.
2. Қобыз – ұлттық құндылығымыздың бірі, неге оны тартушылар азайып барады? Өз көзқарасыңды білдір.
3. «Оқушы күнделігіне» назар аударыңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

«Қыркүйектің үші, 2018 жыл. Бүгін біз сабақта Қорқыт ата туралы көп ақпарат естідік. Қорқыт ата, шынында да, ұлы тұлға екен. Оның өмір сүруге деген құштарлығы біз үшін керемет үлгі деп ойлаймын. Адамдар Күннің жарығын көргеніне қуанып, өмірін мәнді өткізе білуі керек деп есептеймін. Мен өзім өмірге құштарлықпен қарап, болашағымды жасайтын боламын».



Тыңдау CD 1-1. Қорқыт ата. «Елім-ай, халқым-ай», «Желмая», «Ұшардың ұлуы» күйлері. Орындаған: Мұсабек Жарқынбеков

«БАЙБӨРІ БАЛАСЫ БАМСЫ-БАЙРАҚ ТУРАЛЫ ЖЫР» ЖАЙЫНДА

Жырдың сюжеттік желісі мен тәрбиелік мәні. «Қорқыт ата кітабындағы» он екі жырдың үшіншісі – «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» деп аталған. Батырлық жырлардан тарихи соғыстардың хабарын білуге болады. Бірден ерекшелеп айтар нәрсе – фольклорлық мұраларда, мейлі ол аңыз болсын немесе жыр болсын, соғыс көріністерін нақты құжат сияқты жеткізуді мақсат етпейді. Батырлық жырларда қазақтың ел қорғайтын батыр ұлдарын дәріптеу мақсаты бар және болашақ ұрпақ осындай батыр болса екен деген арманы бар.

Отан қорғау ұлға да, қызға да ортақ парыз. Сондықтан батырлық жырларда жігіттер де, қыздар да ақылды, қайратты. Сол үшін жырда тек Бамсы-Байрақ қана емес, Бану Шешек те күш-қайратты қыз ретінде сомдалған.



Ерте дәуірлерде өмір сүрген адамдар ел қорғайтын батырлардың туысы да ерекше болуы керек деп білген. Сондықтан батырлық жырлардың көбінде олар Құдайдан тілеп алған жалғыз бала деп суреттеледі. Байбөрі өзінің перзентсіз екенін айтып, хан мен оның бектерінің алдында жылауы, оған сол жердегі халықтың тілектес болып, дұға еткенін баяндаған көрініс – осының айғағы.

Қазақ халқында «Ер қаруы – бес қару» деген сөз бар. Бұл ер жігіттің Отан қорғауға қажетті құралдары түгел болуы керек деген ойдан туған. Байбөрі де ұлының қару-сайманы түгел болуын ойлап, көпестерді Румға аттандырған.

Ежелгі дәуірде ер бала ерлік көрсетпейінше, оған ат қойылмаған. Бұл жыр сол жағдайдан да хабар береді. Балаға ат қойған Қорқыт ата деп айтылған. Ол: «Ұлыңның атын «Бамш» деп атап жүр едің, ендігі аты Бамсы-Байрақ болсын, мінген аты Байшұбар деп аталсын. Менің қойған атым – сол, Тәңрі оның жұрымын берсін!» – деп, бата береді. Осылайша баланың атын қойған атақты Қорқыт ата болып шыққан, ал оның өмірін Тәңір берсін деу сол кездегі адамдардың сенімін білдіреді. Шынында да, жаңа туған сәбиге ат қоюдың өзіне үлкен мән берілген. Жалпы, балаға қатысты салттардың бөріңде елге ардақты адам таңдалатын болған. Шын өмірде Бамсы Байрақ деген балаға Қорқыт ата ат қойды деп нақты айту мүмкін емес. Фольклорлық жыр үшін маңыздысы – Қорқыт ата есімінің бүкіл түркі жұртына ардақты болуы.

Қорқыт атаның Бану Шешекке құда түсуге баратын адам болып таңдалуы да осындай оймен қосылған. Ежелгі дәуірлерде құда түсу кезінде сынақтар болған. Қорқыт атаның Дели Қаршармен кездестірілуі осы салтан хабар береді. Дели Қаршар дегендегі Дели оның тентектігін айту үшін қолданылған. Ол ақылға қонбайтын қиын тапсырмаларды шарттайды. Бірақ оны атақты Қорқыт ата ғана жеңе алатын болып шығады. Ал Дели Қаршардың тосын шарттары жырды тыңдаушыны қызықтыра түседі және оны Қорқыт ата жеңсе екен деген ойда отыратын болады.

Ер жігіт өзінің жарын адаспай табуы керек, жырда Бамсы-Байрақ өзіне атастырылған қалыңдығын жолықтырады. Ол, сондай-ақ, өзінің жолдас-тарына да адалдығын дәлелдейді.

Бамсы-Байрақ – жыр кейіпкері, ол батырға төн қасиеттерге ие болған соң, оған көпірдің қызы да ғашық. Бамсының тұтқыннан босап шығуына сол қыздың көмегі тиеді. Бұл да батырды сомдауға қажет.



Жырларда батырлардың сенімді достарының бірі – оның аты. Байшұбар иесін танып, екі аяғымен жер тарпып, кісінейді. Өзінің атына мінген Бамсы-Байрақ тұтқында қалып бара жатқан отыз тоғыз жігітін көпірлерге аманат етеді. Кейін өзі қайтып келіп, оларды құтқаратынына сенеді. Алдымен Бану Шешекті Жалғаншы баласы Жарташұқтың алуына жол бермеуі керек, сол үшін еліне қайтады.

Қалыңдығын қорғай білу де батырдың міндеті. Бамсы осы міндетті де орындап шығады.

Батырдың бейнесі, оның адамгершілігі, ер жігітке тән бір сөзді болуы – мұның бәрі тыңдаушылардың қызығушылығын арттыра түскен.

Жыр халықтық салт-дәстүрлермен, наным-сенімдермен сабақтас айтылады, ол сонда ғана тыңдаушы қауымға түсінікті болады. Сонда ғана халықтың ойынан шығады.

Жырдың көркемдік ерекшелігі. Жыр батырлықты дәріптейді. Сондықтан көркемдеуіш құралдар да осы мақсатта қолданылады. Бұл жырда теңеулер, эпитет, метафора, т.б. молынан кездеседі. Сондай-ақ диалог, монолог та көркемдік ерекшелікті дамыта түседі.

Жырдың тарихи құндылығы және көркемдік құндылығы. «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» біздің халқымыз үшін өте маңызды мұра. Өйткені бұл жыр – қазақ халқының оғыз дәуірінен сақталған рухани мұрасы, яғни халқымыздың тарихы тереңнен басталатынын айғақтайтын асыл туындылардың бірі.

Жырда қазақ, жалпы түркі халықтарына ортақ салт-дәстүрлер де баяндалған. Мысалы, сәби өмірге келе сала, бесікқұда болу – қазақ халқында көп ғасырлар бойы сақталған дәстүр.

Бамсы-Байрақты өлді деп ойлап, Байбөрінің «Ұлым, ұлым» деп, бүйірін таянып, зарлап жылауы, анасы мен қарындастарының, қалыңдығы Банудың сол кездегі дәстүрге сай қара жамылуы, т.б. оғыз дәуіріндегі салт-дәстүрлерден хабар береді.

Тарихи құндылық деп бағалайтын маңыздылық: Бүкіл түркі халықтары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізген жырлар – күллі түркі дүниесіне ортақ тарихи құндылық. Бабаларымыз айтқан жырлар ұмытылмасын деген үлкен мақсатпен қағаз бетіне жазылып алынған бүгінге күнге жетті.

Қорқыт жырларының көркемдік құндылығы өлемдегі ең бағалы саналатын шығармалармен тең деңгейде. Өлем ғалымдары «Қорқыт ата кітабын», мұндағы жырларды зерттеуге көп еңбектер арнауы оның маңызды-



лығына байланысты. Батырлардың бейнесін сомдаудағы әдіс-тәсілдердің бәрі халқымыздың көркем ойын паш етеді.

Қорыта айтқанда, «Қорқыт ата кітабы» – тарихи құнды мұра. Өйткені ол түркі халықтарына ортақ болған тарихи кезеңнен – оғыздар дәуірінен ақпарат сақтаған рухани мұра. Сондай-ақ батырлық жырлар арқылы қаһармандарды үлгі етіп, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейді. Сондықтан талай ғасыр бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, тәрбие құралы да болды.

БАЙБӨРІ БАЛАСЫ БАМСЫ-БАЙРАҚ ТУРАЛЫ ЖЫР

Хан ием! Қам-Ғанұлы Баяндүр бір күні төсегінен тұрып, қара жерге өзінің ақ шатырын тіккізді. «Төбесі көкке жеткен ала шатырлар тігілсін, оған мың жерден кілемдер төселсін», – деп бұйрық берді. Ішкі және тысқы оғыздардың барлық бектері Баяндүр хан тойына жиналды. Баяндүр хан тойына Байбөрі бек те келді. Баяндүр ханның қарсы алдында найзасына сүйеніп, Қара Көне баласы Қара Бодақ, оң жағында Қазанның баласы Ораз, солында Қазылық Оғыз бектің баласы Иекенк тұрған еді. Мұны көргенде, Байбөрі бектің көкірегі қарс айрылды. Өкіріп жылап, қолына орамалын алып, көздерін сұртті. Сонда бүкіл оғыз елінің тірегі, Баяндүр ханның күйеуі Қазан-Салор тізерлеп отырып, Байбөрі бекке үңіле қарады да: «О, Байбөрі бек, мұнша неге қайғырасың?» – деп сұрады. «Хан Қазан, қалай жылап, қайғырмасын? Басына менің тәжімді киер ұл жоқ. Өкшемді басар іні жоқ. Мен Құдайдың қарғысына ұшыраған жан болдым. О, бектерім, мен өзімнің тәжім мен тағымның қамын жеп, қайғырып отырмын. Күнім жетсе, бір күні өлемін. Өле қалсам, орныма, үйіме кім ие болмақ?» – деді Байбөрі. «Бар тілегің сол ма?» – деді Қазан. Байбөрі оған: «Иә, бар тілегім – сол, менің де ұлым болып, ол Баяндүр ханның алдында қызмет істеп тұрса, соны көріп, мен де қуанышты болар едім, қайғым кетіп, мақтанар едім», – деді. Бұл сөзді есіткенде, барлық оғыз елінің бектері қолдарын жайып, жүздерін көкке жая, жалбарынып, «Тәңірі саған ұл берсін», – десті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, дұғасы қабыл болушы еді. Сол кезде перзентсіз Байбіжан орнынан тұрып: «Бектер, маған да бір тілек бата беріңдер, Тәңірі маған да бір қыз берсе екен», – деді. Барлық оғыз елі қол жайып, оған да дұға оқыды. Тәңірі жарылқаса, сен де қызды боларсың», – десті. «О, бектер, егер көк Тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің ба-



ласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», – деді.

Күндерден күн өтіп, Тәңірі Байбөріге ұл, Байбіжанға қыз берді. Мұны есіткенде, бүкіл оғыз елі қуанып, той жасады. Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, бұйрық берді: «О, саудагерлерім, Тәңірі мені жарылқап, ұл берді. Балам өскенше, Рум еліне барып, соған жақсы қару-жарақ әкеліңдер», – деді. Саудагерлер жол шегіп, Стамбулға келді. Бағалы бұйымдар, оған жақсы тартулар сатып алды. Олар Байбөрі баласына бір теңіз айғырын (су жылқысын), бір емен садақ, бір күрзі (шоқпар) сатып алды, сөйтіп, еліне қайта тартты. Бұл уақытта Байбөрінің баласы бес жасқа толып еді. Одан соң ол онға, он беске толды. Өзі сұлу, жақсы жігіт болып өсті. Ерлігі қара құсқа төнген бүркіт сияқты еді. Ол кезде адам өлтіріп, қан төкпесе, балаға ат қойылмаушы еді. Байбөрінің баласы атына мініп, аңға шықты, аңдарды қуа-қуа, ол әкесінің отардағы малдарына келді. Жылқышылардың бастығы оның алдынан шықты да, атынан түсіріп алып, қонақасы берді. Бұлар ішіп-жеп отырған кезде, баяғы саудагерлер де еліне жетіп, қара сайға келіп түскен еді. Ниеті қара гәуірлер оларды Оник қамалында күтіп тұр еді. Саудагерлер ұйқыда жатқанда, бес жүз гәуір олардың қосына тиіп, дүниелерін тонап алды. Саудагерлердің үлкендері тұтқынға түсіп, кішілері оғыз еліне қарай қашты. Келсе, оғыз жерінің шетіне алашатырлар тігілген екен, онда хан баласындай бір сұлу жігіт отыр, оңы мен солында – қырық жігіт. «Бұл оғыз елінің жақсы жігіті болар, соған барып, көмек сұрайық», – десті олар. Саудагерлер оған келіп: «О, жігіт, бек жігіт. Менің сөзіме құлақ сал, арызымды тыңда. Біздің сапар шегіп, оғыз елінен кеткенімізге он алты жыл болыпты. Біздер оғыз бектеріне гәуірлер елінен сирек кездесетін қымбат заттар алып келе жатыр едік. Соңғы қонған жеріміз қара сайдағы Пасаң даласы болған еді. Бізге Оник қамалында жатқан бес жүз гәуір шапқыншылық жасап, менің ағам солардың қолында кетті. Олар біздің алып келе жатқан барлық бұйымдарымызды тонап алды. Өзім қара басымды сақтап, осында келіп жеттім. О, жігіт, көмек көрсетіп, жаудан кегімді алып бер», – деді. ...«Не айтып тұрсың? Сол жерге мені бастап алып жүріңдер, жүйрік атымды ерттендер, жарақ-жабдығымды түгелдендер, мені сүйетін жігіттер түгел атқа мінсін», – деді.

Тірек сөздер



Оғыз елі
Перзент
Дұға
Кертпе бесік
Құда



Шешім осылай болды. Саудагерлер алға түсіп, жол бастады. Гәуірлер бір жерге барып, бас құрап, дүние бөлісіп жатыр екен. Солардың үстіне жас батыр, қанды соғыстың арыстаны, ерлердің жолбарысы келіп жетті. Екі ауыз сөзге келместен, ол гәуірлерге қылыш жұмсап, қырғидай тиді. Басын көрсеткендердің бәрінің де қыл мойнынан қылыш ұрып, қыра берді... Сонда саудагерлер тұрып: «О, бек жігіт, сен бізге шын ерлерше көмек көрсеттің. Енді қосымызға барып, қалаған затыңнан сыйлық ал», – деді. Жігіттің көзі теңіз жылқысы шұбар айғырға, темірден соққан шоқпарға, еменнен істелген садаққа түсті. Оған ұнағаны осы үш нәрсе болған еді. «О, көпестер, маған сыйлық бергілерің келсе, су айғырын, анау садақ пен шоқпарды беріндер», – деді бала. Бұған саудагерлер қиналып қалды. Сонда жігіт: «Неге ойланып қалдыңдар, көпестер? Әлде мен көбірек сұрадым ба?» – деді. Саудагерлердің бірі: «Әңгіме оның көп-аздығында емес. Бұл үш бұйым біздің еліміздің бегінің баласына әкеле жатқан тартулар еді», – деді. Сонда жігіт: «Ол қандай бектің баласы, білесіңдер ме?» – деп сұрады. Көпестер оған: «Ол – Байбөрінің баласы, аты Бамсы болса керек», – деді. Осылай депті олар. Көпестер өздерінің алдында тұрған жігіттің Байбөрі баласы екенін білмеуші еді. Жігіт үндемей, ішінен: «Бұл заттарды қарыздар болып, көпестер қолынан алғанша, қарызсыз өз әкемнің қолынан алғаным дұрыс болар», – деген ойға келді. Сөйтті де, атына қамшы ұрып, жолға түсті. Көпестер оның артынан қарап тұрып. «Бұл тегін адам болмады, қайырымды батыр жігіт екен», – деді.

Жас жігіт үйіне келіп, әкесіне көпестердің келіп жеткенін айтты. Әкесі бұған қуаныш білдіріп, ақ шатырын орнатып, ақ отаулар тіккізді, оған жібек кілемдер төсетті. Сол кілемдердің үстімен ол төрге шықты да, баласын оң жағына отырғызды. Бала өзінің көпестерге қалай болысқанын, гәуірлердің қалайша қырғын тапқанын әкесіне айтпады. Сол кезде көпестер келіп, бастарын иіп, Байбөріге сәлем берді. Қараса, баяғы жауды жеңіп, қан төккен жігіт Байбөрінің оң жағында отыр екен. Көпестер балаға жақындап келіп, оның қолынан сүйді. Бұған Байбөрі бек шамданып: «Иттен туған құрбандыққа жарамас» деген. Әкесінің қасында отырған баланың қолынан сүю көргенсіздік болады», – деді. Сонда көпестер: «Хан ием, бұл жігіт сіздің ұлыңыз ба еді?» – деп сұрады. «Иә, ол – менің ұлым», – деді Байбөрі. Көпестер бұған таң болып: «Хан ием, мұны біз білгеніміз жоқ еді. Жақсы бопты. Егер біз оның қолынан сізден бұрын сүйіп алған болсақ, онда кешіріңіз, ашу қылмаңыз. Сіздің бұл ұлыңыз бізге болысып, ерлік



көрсетпесе, әкеле жатқан тауарларыңыз Грузия жерінде қалған болар еді, біздің бәріміз тұтқында кеткен болар едік», – десті. Байбөрі оларға: «Айтыңдар, менің балам жаулардың басын кесіп, қан төкті ме?» – деді. «Иә, ол көп адамның басын кесіп, жерді қанға бояды», – десті көпестер. «Ендеше оған ат қоятын мезгіл өтіп те кеткен екен» деп, Байбөрі барлық оғыз елінің бектерін шақырып, той қылды. Сол тойға менің атам Қорқыт келіп, балаға ат қойды. Тойда отырып, ол: «Сөз тыңда, Байбөрі бек! Тәңірі саған ұл берді, өмірі ұзақ болсын. Ол оғыздардың тірегі, ту ұстайтын батыры болсын. Басынан қар кетпейтін биік тауларға шығамын десе, ұлың соның ең биік құзына шығатын болсын. Ағысы қатты қан сасыған өзендерден өтемін десе, Тәңірі оның жүзіп өтуіне жар болсын. Ұлың қара ормандай жау ортасына кірер болса, Тәңірі оның ісіне сәт берсін. Ұлыңның атын «Бамш» деп атап жүр едің, ендігі аты Бамсы-Байрақ болсын, мінген аты Байшұбар деп аталсын. Менің қойған атым – сол, Тәңірім оның жұрымын берсін», – деді. Оғыз елінің бектері бұл билікке қол көтеріп, жақсы тілек білдірді. «Ұлыңның аты өзіне сай болды, бақытты болсын», – деп, бата берді.



"Жекпе-жек". Авторы: Қ. Ахметжан





СӨЗДІК

Бек – үстем тап өкілі, ру басы, ел билеуші.

Дұға – амандық, сау-саламаттықты тілейтін Құранның қысқа аяттары.

Жұрымын (көне түркі сөзі) – өмірін.

Кәпір – бұрын дінге сенетін адам өзі мойындаған құдайды ғана ойлап, басқа діндегілерді құдайсыз деп санаған. Ал ғылымда атеист деп ешқандай құдайды мойындамайтын адамдарды атайды.

Көпес – меншігінде сауда жасайтын кәсіпорны бар бай саудагер.

Күрзі – салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар.

Кіріс – садақтың керме бауы.

Кертпе бесік – айттыратын ұл-қызға күні бұрын бесіктің арқалығын кертіп, үкі тағып, белгі салу.

Тәңір – қазақ, жалпы түркі халықтары ислам дінін қабылдағанға дейін көк аспанға, Тәңірге табынды. Тәңір деген сөздің түбірі – таң, яғни халқымыз әр таңнан, әр күннен жақсылық күткен үміті сақталған.

Ұзан – ежелгі түрік жырауы.



Жер-су атаулары:

Стамбул – Түркиядағы ең үлкен қалалардың бірі.

Басин, Пасаң, Оник – Түркия жерінде болған қала, дала мен қамалдардың атаулары. Мәтін бойынша аталатын бұл жерлер Шығыс Анадолы аймағындағы Эрзурум және Карс облыстарының аралығында болған.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Халықтық мұра материалдық және рухани мұра деп екіге бөлінеді. Материалдық мұра – өзінің аты айтып тұрғандай, нақты бір зат, яғни қолға ұстап көруге болатын дүниелер. Олар жойылып кетпеуі үшін арнайы тізімге енгізіп, сақтаудың амалдары ұйымдастырылады.

Рухани мұра – халықтың мәдениетіндегі құндылықтар. Оған жыр, халық әндері, күйлер, шешендік өнер, т.б. жатады. Кейде рухани мұраны материалдық емес мұралар деп атау да бар.



Әдебиет теориясы

Жыр – қазақ поэзиясындағы 7–8 буынды өлең өлшемі. Фольклордағы жырлар осы өлшеммен шығарылған, бұл ырғаққа салуға ыңғайлы.

Батырлық ертегі – фольклорлық шығармалардың бір саласы. Фольклор болып есептелу себебі – олардың авторы ұмытылған. Батырлық ертегілер өте ерте замандарда, рулар мен тайпалардың кезінен пайда болып, жылдар өте дамып, жетілген. Батырлық ертегілердің басты тақырыбы – ерлікпен, яғни қаһармандықпен үйлену және өзінің ру-тайпасына қауіп төндірген неше түрлі құбыжықтармен, дұшпандармен соғысып, халқын азат ету, елінің намысын қорғау.

Батырлық ертегілер пайда болу кезеңіне қарай екі топқа бөлінеді. Бірі – көне ертегілер және екінші топ – кейінгі дәуірде, яғни XVIII–XIX ғасырларда туған ертегілер. Көне ертегілерге «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік», ал кейінгі дәуірде туған ертегілер қатарына «Таласпай мерген», т.б. жатады.

Жыр мен батырлық ертегілер жеке жанрлар болғанымен, олар өздерінің даму жолында ертегіден жырға немесе жырдан ертегіге айналу мүмкіндігі бар.

Ал авторлық ертегілер фольклордан бөлек, оның өзі айтып тұрғандай, авторы белгілі болады. Бұл ертегілердегі қиял-ғажайып оқиғалар да басқаша айтылады.

Аңыз – фольклорлық жанрдың бір түрі. Елдің болашағын ойлап, халыққа қызмет еткен атақты адамдар туралы айтылған сөздер аңыз деп бағаланады. Ол аңыздарды ең алғашқы айтқан адамдар ұмытылған, сондықтан ол фольклор болып есептеледі.

Аңызда шындықтың, яғни тарихи оқиғаның көрінісі белгілі деңгейде ғана айтылады, бірақ ол тарихи құжат ретінде қабылданбайды. Аңыздарда қиялға орын көп берілмейді.





1. «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырындағы» оқиғалар кімдердің басынан өтті? Шығарманың мазмұны туралы өңгімелендер.
2. Қазақ ұлтына тән салт-дәстүр мен әдет-ғұрып, наным-сенім жырда қалай көрінеді?



Кестені толтырыңдар.

Жырдағы ерекшеліктер
Жырдың тақырыбы мен идеясы
Жырдағы кейіпкерлердің образы
....
....



1. Жырдағы жер-су атауларын тауып, сөздік бойынша тарихына мән беріңдер.
2. «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» – түркі халықтарының рухани мұрасы. Оны қазақ халқының ұлттық мәдени құндылығы деп атауға бола ма? Өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



1. Қазақ ертегілеріне, батырлық жырларына жырдың қандай ұқсастықтары бар, салыстырыңдар.
2. Хрестоматиядан «Қорқыт ата кітабы» бойынша берілген «Қаңлы Қожаұлы Торалы өңгімесінің баяны» атты жырды оқып, басты кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстырып, баға беріңдер.



1. Бамсы-Байрақ пен Бану Шешектің қасиеттерін салыстырып, сипаттама беріңдер.



2. «Бектердің ішінде қылышқа шалымды, зор денелі, өнерлі, жақсы жігіт болып өсті». Одан әрі батырдың қандай іс-әрекеттері суреттеледі?



1. Бамсы-Байрақ туралы жырдың құндылығы неде?
2. «Жырдан алған тәрбием» деген тақырыпта пікір алмасындар.
3. Жырдың негізінде қазіргі таңдағы батырлық туралы әңгіме құрастырып көріңдер.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Жырды оқығаннан кейін алған әсерлеріңді жазыңдар. Бүгінгі заманда батырлық жырларды насихаттау үшін не керек деп ойлайсыңдар? Өздерің қандай үлес қосар едіңдер? Осы туралы ойларыңды жазыңдар.

ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ

«Қорқыт ата кітабында» он екі жыр жазылған. Ал бұл жырлардың алдында «Қорқыттың нақыл сөздері» деген тақырып бар, оны жырдың кіріспесі деп ұсынған.

Қорқыт ата түркі халықтарына ортақ тұлға болғандықтан, оның нақыл сөздері де ортақ. Түрік және әзербайжан ғалымдары Қорқыттың нақыл сөздерін «Аталар сөзі» деп те атайды.

Қорқыт ата айтқан нақыл сөздер тек кіріспе бөлімде ғана жазылмаған. Оларды кітапқа енген он екі жырдың қай-қайсысынан да табуға болады.

Нақыл сөздердің тілдік ерекшелігі. Ең алдымен «Қорқыт ата кітабының» орта ғасыр мұрасы екенін ескеру керек. Дегенмен Қорқыт атаның нақылдары қазақ халқындағы мақалдармен үндес. Ал жырларда: «Сонда батыр бүй дейді, Бүйдегенде, сүйдейді» дегенге ұқсас «Қорқыт ата сөйлейді» деп, бір рет жазса, басқаларын «Қорқыт ата тағы да сөйлейді, тыңдап көрелік, не дер екен?» немесе «Қорқыт ата тағы да сөйлеп кетті, тыңдап көрелік, не айтар екен?», «Қорқыт ата тағы да сөйлеп кетті, не сөйлер екен?» деп берген.

Қорқыт ата нақылдары табиғат көріністері, хайуанаттар тіршілігінен хабар беретін сөздермен сабақтас жеткізілген. Солайша көркем ойға да жетелейді.



Бұл нақыл сөздердің өзі аңыз арқылы жеткен. Қорқыт атаның руын айту арқылы оның өмірде болғанына сендіруге деген ықылас байқалады.

Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні. Қорқыт атаның нақыл сөздері ешқашан маңызын жоймайды. Өйткені тәрбиелік маңызы зор. Ол сөздерді тақырыптар бойынша бөліп қарасақ, әке мен ана үлгісі, ұл мен қыздың тәрбиесі, жағымсыз әдеттерді сынауы деп қарастыруға болады. Мысалы, отбасындағы ұл мен қыздың тәрбиесіне арнап, «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол отбасының мерейі, бас-көзі», «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ», т.б. әр отбасында айтылатын сөздер.

Өтірікшілерді сынап отырып, ұрпақтардың жаман әдеттерден алыс болуын да ойлаған. «Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз» дейді, оның бұл сөзінде жақсы адамдарды үлгі еткені байқалады. «Тәкаппарлықты Төңірі сүймес» деп те айтқан. Тәкаппарлықтың жағымды көрінбейтіні түсінікті. Сондықтан мұның да өз маңыздылығы бар.

Нақыл сөздердегі ұлттық құндылық. Қорқыт атаның нақыл сөздері қазақ халқының мұраларында кең орын алған. Олар тек бабалардан қалған мұраларда ғана сақталған жоқ, бүгінгі заманда да ұлттық тіліміздің көркемдігін, ойымыздың кеңдігін танытуға қызмет етуде. Әсіресе, мақалдармен көп байланыстылық бар. Мысалы, бізде «Ата – баланың қорғаны», «Ата тілін алмаған, аман болып көп жүрмес», «Жақсы бала әкесінің басын төрге сүйрейді, Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрейді», «Анасын көріп, қызын ал», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Өтірік өрге баспайды», т.б. көптеген ортақ мақалдарды табуға болады.

Нақыл сөздердің өмірлік маңызы. Адам баласы өмірінде ата-баба сөздерін өзіне үлгі етеді. Соның ішінде нақыл сөздер өмір тәжірибесі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Оны адамдар арнайылап айтпауы да мүмкін, ол күнделікті өмірде сөздің дәлелі ретінде өзі-ақ сұранып тұрғандай қолданысқа енеді. Сондықтан әр адамның жадында сақталып, өмірлік қағида ретінде бағаланады. Шынайы өмірдің тәжірибесінен алынған тұжырым ретінде айтылған соң, басқалардың да қолданысына еніп, ол сөздер шыңдала, ширай түседі. Әр адамның қажетіне жарайтын өмірлік нұсқау деуге болады.



ҚОРҚЫТТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

(«Қорқыт ата кітабынан»)

Тірек сөздер



Баят
Қорқыт
Сәуегей
Ұзан
Жырау

Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңірі зердесіне салған соң, оның барлық болжамдары қатесіз болған. ...Оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ол ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған.

Қорқыт атадан қалған бір сөз мынадай: «Тәңірге сыйынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі пендесінің маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп, өлмейді. Өлген тірілмейді, кеудеңнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей, дүние жияды, байиды. Бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, төкаппар адамды Тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға Тәңірі бақ бермейді. Өзіңнен тумаса, ұл өгей: қаншама бағып-қаққанмен, ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң, өз жөніне кетеді, бәлкі ол тәрбиелеген адамға көрдім-білдім деген сөзді де айтпас. Күлді қаншама үйгенмен, төбе болмас. Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас. Күңге сары пай шапан жапқанмен – бөйбіше болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас. Гүлденіп өскен бөйшешек – күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай, жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол отбасының мерейі, бас-көзі. Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ. Уа, хан ием, сізді Тәңірім сондай ісінің сәті түспегендерден сақтасын.

Қорқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден ке-





лер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып, ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін құған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп,

өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз. Хан ием, сізге сансыз ұзақ ғұмыр тілеймін. Тәңірі сізді жамандықтан сақтап, бақ-дәулетіңіз арта берсін».

Қорқыт бұдан басқа не айтқан екен, соған келелік, хан ием: «Сайдың шөбін жеген білер, түздің шөбін бөкен білер. Күн мен түннің келгенін бозторғай білер. Иесінің иісін ат білер. Жүктің ауыр-жеңілін есек білер. Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер. Қолына қобыз ұстаған ұзан елден-елге, бектен-бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Қобызын сарнатқан жырауға думан керек. Уа, хан ием, мынау жарық дүниеде Тәңірім (сіз бен бізді) адастырып, жарты жолда қалдырмасын».

Әдебиет теориясы

Нақыл сөз – даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы әрі мағыналы сөз. Нақыл сөздердің фольклорлық және авторлық түрлері болады. Фольклорлық түрі дегенде алғашқы айтқан адам, яғни авторы ұмытылған және оның сөзі ғасырлар бойы халық тарапынан көп пайдаланылып, шыңдалып, ортақ мұра ретінде бағаланады. Ал авторлық түрінің нақты шығарушысы болады.





СӨЗДІК

Ғайыптан – кенеттен.

Жүген – ер-тұрман әбзелі. Ауыздық пен тізгін арқылы ат басын ырыққа көндіру үшін қолданылады.

Қамқа – зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.

Тауаны қайту – тауан – күш-қуат, әл-дәрмен; тауаны қайту – беті қайту, меселі қайту, тауы шағылу.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Қылқобыз – екі ішекті, ыспалы музыкалық аспап. Ол – қазақ халқының ұлттық аспаптарының ішіндегі ең көнесі. Жыңғыл, үйеңкі ағаштарынан ойып жасалады. Оның ішегі ықылым заманнан бері жылқының қылынан тартылады, аспаптың қылқобыз аталу себебі осыған байланысты.

Қылқобыз киелі аспап деп саналған. Ол үш әлем – жер асты, жер үсті мен аспан әлемін байланыстырушы деп ойлап, қасиетті саналған. Сондықтан ертедегі бақылар қылқобызды пайдаланған. Олардың қобыз аспабында орындайтын арнайы сарыны, мақамы болған.

Қобыз аспабын алғаш жасаушы және осы аспапта күй тартушы Қорқыт ата деп есептеледі.



1. Нақыл сөздер деген не?



1. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің ұмытылмау себебі неде?
2. «Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас. Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес. Ұл – атаның ері, екі көзінің бірі» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Нақыл сөздер қандай мақсатта айтылады?
4. Қорқыт ата ұрпақтармен мәңгі бірге екенін қалай білуге болады?





1. Қорқыт атаның нақыл сөздерін жаттап алыңдар.
2. Бүгінгі таңда ешбір өзгеріссіз қолданылып жүрген Қорқыт атаның нақыл сөздері туралы ой бөлісіңдер.



1. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің әрбір жолдарының мағынасын ашыңдар.
2. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің қазақ халқының мақал-мәтелдерімен ұқсастығы бар ма? Салыстырып айтыңдар.
3. «Күлді қаншама үйгенмен, төбе болмас. Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас». Бұл мақалдардың мағынасын ашып, түсіндіріңдер.
4. Қорқыт атаның «Хан ием» деп айтқан сөздері нақыл ма, бата ма, әлде тілек пе, анықтаңдар.



1. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің идеясын аша отырып, Қорқыт атаға мінездеме беріңдер.
2. Нақыл сөздерде қолданылған көркемдік тәсілдерді табыңдар.



1. «Қорқыт ата нақылдарының тәрбиелік мәні» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.
2. Отбасыларыңда үлкендер қандай мақал-мәтел, нақыл сөздерді жиі қолданады, байқап көріңдер де, дәптерлеріңе мағынасымен қоса жазыңдар.





Пазл-карта. «Қорқыт ата кітабының» екі нұсқасы да Еуропа кітапханаларында сақталған. Атап айтқанда, олар Дрезден және Ватиканда тұр. Ал «Қорқыт ата кітабындағы» жырлар Қазақстан мен Орта Азия елдерінде өмір сүрген халықтардан жазылып алынғаны белгілі және «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» деп аталған жырда жер аттары аталған.



Тапсырма: осыларды ескере отырып, бұл жырлардың Еуропаға жету жолын анықтаңдар. Ол үшін назарларыңа бірнеше елдің картасы берілді. Осыларды реттік нөмірлері бойынша әлем картасына сай орналастырыңдар. Жауап нұсқаларындағы 1-2 деген қолданыстың себебін түсіндіре аласыңдар ма?

Жауап нұсқалары:

- a) 1-2, 3, 4
- b) 2-1,3, 4
- c) 3, 1, 2-4
- d) 3, 2, 1, 4



АХМЕТ ЯСАУИ



Ахмет Ясауи
(1093–1166)

Қазақ халқы үшін Қожа Ахмет Ясауидің есімі ерекше қадірлі. Ол – ақын, философ, ислам дінінің көрнекті өкілі. Оның қай жылы өмірге келгені туралы нақты дерек жоқ. Ғалымдар арасында 1093, 1040, 1103, т.б. жылдар аталады. Ахмет Ясауи өзінің діни ұстанымына байланысты 63 жасында қылуетке кірген. Оның жер астынан қазып жасалған құлшылық мекенінде (қылуетте) нақты қанша жыл өмір сүргенін айту қиын. Тек болжамдар ғана жасалады.

Ахмет Ясауиді «Түркістан пірі», «Әулиелердің сұлтаны» деп атайды. Орта ғасырларда халық оны әулие деп танығандықтан, Әзірет сұлтан деп атап, құрмет тұтқан. Ол қазіргі Сайрам қаласында (бұрынғы атауы – Испиджаб) дүниеге келген. Оның тегі Ясауи деп аталу себебі ол дүниеге келгенде, бұл қаланың аты Ясы болғанымен байланысты.

Ахмет бабамыз алғашқы білімді өзінің әкесі шейх Ибрагимнен алған. Ол жастайынан білімге құштар болып, көп оқып, көп білуді мақсат еткен. Осы оймен ол Отырарға келіп, атақты Арыстан бабтың шәкірті атанған. Оған 16 жыл қызмет еткен. Дін ілімдерін үйреніп, ұстазы қайтыс болғаннан кейін сол кезеңдегі мұсылман әлемі құрмет тұтқан Бұхараға жол тартқан.

Қожа Ахмет Ясауи өзінің халыққа айтқысы келген ойларын хикметтері арқылы жеткізді.

Қожа Ахмет ислам дініндегі сопылық бағытты ұстанған. Оның айтар үлгісі – парасаттылық, қарапайымдылық. Ол озбырлық пен зұлымдыққа қарсы. Менмендік, өркөкіректік, нәпсіқұмарлық – адамшылықтан кетіретін зиянды нәрселер екенін айтқан. Ғұлама ақын осындай жамандық-



тардан алыс болуға, жақсы ойлармен өмір сүруге шақырады. Баба есімінің және оның «Даналық кітабының» ғасырлар бойы маңызы өшпейтіні – осындай қасиетінде.

Ахмет Ясауи ислам дінін қабылдаған адамдарға басқа діндегілерді де сыйлауға, оларды ренжітпеуге үндеді. Ол:

Бөгде нанымдағы адам келсе алдыңа,
ренжітпе сен оны.
Қаталдың жүрегінен,
жәбірленушінің жанынан
сырт айналар Құдіретті, –

деген.

Дана баба кемел адам үлгісін ұсынды. Ол имандылыққа шақыру арқылы барша түркі халықтарының мәдениетіне үлкен өзгеріс енгізді. Ислам дінін танытуға және насихаттауға араб тілі ғана керек деген ой-пікірді жоққа шығарды. Ол сол кезде түркі халқы қолданған шағатай тілін пайдаланып, Құранның мағынасын, шариғатты түсіндірді, өзінің хикметтерін адамдарға түсінікті тілде жазды.

Ахмет Ясауи бабамыздың есімі тек қазақ халқының арасында ғана белгілі болмаған, оның даңқы батыс және шығыстағы көп елге тараған. Басқа елдің де зиялы адамдары баба есімін ардақтап, дана, ғұлама деп бағалайды.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласында орналасқан. 1396–99 жылдары Әмір Темірдің бұйрығымен қабірінің басына тұрғызылған. Кесенені салуға сол дәуірде архитектураны жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз болды.

Ахмет Ясауиді Түркістандағы халық, ислам жолындағы адамдар әулие деп қадірлеген.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.
Түркістан қаласы



«ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ» ТУРАЛЫ

Ахмет Ясауидің өзі жазған «Диуани хикметі» («Даналық кітабы») бізге жетпеген. Бірақ оның шәкірттері арқылы көшіріліп алынған қолжазба көп, олар әлемнің түкпір-түкпіріне тараған.

Қолжазбаның атауы араб тілінде, яғни диуан – жинақ, ал хикмет – ақыл, парасат, даналық деген ұғымдарды білдіреді, сондықтан «Даналық кітабы» деп аталған. Бұл хикметтер белгілі бір мақамға салып айтылатын болған.

Бабамыз өзінің хикметтерінде Құдай, Құран, пайғамбар, сахабалар туралы және өзінің өмір белестері жөнінде түсінікті етіп айтқандықтан, сөздері сол кездегі адамдардың көңілдеріне ұнап, ел арасына тез тараған. Автордың мұны жазудағы мақсаты – көпшіліктің санасына сопылық ілімді жеткізу, сондықтан оның танымдық, тәрбиелік, идеологиялық қызметтері жетекші рөл атқарған.

«Даналық кітабы» мұнымен шектелмейді, оның көркемдік құндылығы да маңызды. Бұл хикметтерде теңеу, арнау, жұмақ пен тозақтың айтысы, шешендік сұрақ үлгісі қолданылып, ислам дініндегі сопылық бағыттағы бейнелер сомдалған. Сонымен қатар автор бұл еңбегінде өзін де таныстырған, солайша оның ғұмырнамалық баяны белгілі болады. Баба сөздері тек діни тұрғыда ғана емес, адамтану саласында да ұрпақтарға қызмет етеді. Өйткені ол өз өміріндегі белестерді айтып, жамандықтан жиіркеніп, тек қана адалдықпен өмір сүруге үндейді.

Бұл жинақ Ташкент, Қазан, Стамбұл қалаларында бірнеше рет басылған. Түріктер 1876 жылы, өзбектер 1902 жылы баспадан шығарған. Ал қазақ тілінде «Диуани хикмет» 1901 жылы Батыс Қазақстан өңірінің тумасы Маңғыстау Тыныштықұлдың басқаруымен Қазан қаласынан жарық көрді.

1990 жылдан бері хикмет аудармалары қазақ тілінде 17 рет басылған.

«Диуани хикметтегі» хикмет саны – 152, оның арасында бір-екі хикмет шәкірттердікі деп есептеледі. Әлем бойынша тарап кеткен қолжазбалар түгел зерттелген кезде, оның нақты саны белгілі болады.

Ахмет Ясауидің сөзқолданыстарын зерттеу арқылы оның өзіне дейінгі араб әдебиетін, парсы тіліндегі кітаптарды жақсы білгенін аңғаруға болады.



ДАНАЛЫҚ КІТАБЫ

(үзінді)

1-хикмет

«Бісмиллә» деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым, міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен «Дәптер сөни» сөзін аштым, міне.

Сөзді айттым кімдерге де етсе талап,
Ашық сөйлеп, жақын жанды жанға балап.
Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым, міне.

Қайда жүрсең, көңіл жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң, мүсәпірді сырлас болғыл.
Махшар күні төңірге жақын болғыл,
Менменсіген халайықтан қаштым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул білді,
Сол кеште Миғраж шығып, дидар көрді.
Қайтып түсіп, ғаріп, пақыр халін білді,
Ғаріптердің жайын ұғып келдім, міне.

Үмбет болсаң, ғаріптерге жақын болғыл,
Аят, хадис, айтқандарға құлақ салғыл.
Ырзық берсе, тағдырға қанағат қылғыл,
Қанағат етіп, сауық сусынын іштім, міне.

Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,
Ғаріптікте азап тартып, сүйді жанып.
Жапа тартып, Жаратқанға келгені анық,
Ғаріп болып, ауыр жолды бастым, міне.

Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй,
Мұстападай елді кезіп, жетімді жи.
Дүниеқоңыз, пасықтардан бойыңды тый,
Бойым тыйып, дариядай тастым, міне.

Тірек сөздер



Хикмет
Ақиқат
Иман
Жаратқан



Ғашық есігін Мәулім ашты, маған сыйлы,
Топырақ қылып өзір бол деп, мойнымды иді.
Қара нөсер қарғыс оғы келіп тиді,
Найза алып, жүрек, бауырым сұқтым, міне.

Ділім қатты, тілім ащы, өзім залым,
Құран оқып, бойсұнбас жалған ғалым.
Жаным құрбан, аямаймын жоқ дүр малым,
Хақтан қорқып, отқа түспей күйді, міне.

Алпыс үшке жасым жетті, өттім ғапыл,
Хақ әмірін бекем тұтпай, болдым жаһил.
Ораза, намаз қаза қылып, болдым көпір,
Иман іздеп, жақсыларға жеттім, міне.

Уа, дарифа, махаббат шарабының дәмін татпай,
Қатын-бала, үй-мүліктен түгел қашпай,
Қылмыс, күнә айыбын мұнда шашпай,
Шайтанға еріп, жан берерде састым, міне.

Иманыма қол ұрып, қайғы салды,
Пірімұған өзір бол деп шырын алды.
Шайтандығым бар күнәсімен кете барды,
«Биһамдилла» нұрлы иман аштым, міне.

Пірімұған қызметінде зыр жүгірдім,
Жұмыс қылып, көзімді ілмей өзір тұрдым.
Медет қылды: өзәзілді қуалап ұрдым,
Одан кейін қанат қағып ұштым, міне.

Пақыр мен жетім болсын шат-шадыман,
Мойныңда тұзақ, ғазиз жаның болсын құрбан.
Туыс тапсаң, жан-төніңмен қылғыл мейман,
Хақтан естіп бұл сөздерді айттым, міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді әркім сұрар,
Разы болар ол пәндеден паруардігәр.
Ей, бейхабар, сені ол себепсіз-ақ өзі асырар,
Хақ Мұстапа уағызымен айттым, міне.



Жеті жаста Арыстан Бабқа қылдым салам,
Мұстапаның аманатын бер деп маған.
Сол мезетте мың бір зікір еттім тамам,
Нәпсім тыйып, Аллаға бет бұрдым, міне.

Құрма беріп, басым сипап, назар салды,
Бір мезетте ол дүниеге сапар салды.
Қоштасып бұл әлеммен кете барды,
Мектеп көріп, қайнап толып тастым, міне.

«Инна фатханы» оқып мағына білдім,
Нұрын төкті: естен танып дидаар көрдім.
Молдам ұрып: – Тыныш, – деді, – көз жазбадым,
Басым қатып, мең-зең болып тұрдым, міне.

Ей, надан, мағына осы деп айтты, білдім,
Одан кейін шөлдер кезіп, қияқ жедім.
Қуат берді, өзөзілді ұстап міндім,
Салмақ салып, белін басып, жаныштым, міне.

Зікір салып, мүсәпір-дуана болдым,
Хақтан өзге бір сөз де сөйлемес болдым.
От іздеген көбелектей шәкірт болдым,
Шоқ болып күйіп-жанып ұштым, міне.

Жалған атақтан арылып, сәби болдым,
Алла атын айта-айта, ашық болдым.
Аллаға бар жаныммен адал болдым,
«Фанафи Алла» мақамына салдым, міне.

Сүндет емес кәпірге де берсе азар,
Көңілі қатты, діл азардан құдай безер.
Ондай құлға Алланың азабы даяр,
Даналардан бұл сөзді естіп, айттым, міне.

Сүндеттерін бекем ұстап, үмбет болдым,
Жер астына жалғыз кіріп, нұрға толдым.
Сопылардың мақамына жақын болдым,
Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым, міне.



Нәпсім мені жолдан бұрып, қор етеді,
Телміртіп, халайыққа зар етеді.
Зікір салдырмай, шайтанға «жар» етеді,
Дайынмын деп, нәпсі басын жаныштым, міне.

Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті,
Қасіретпен тізе, көзден қуат кетті.
Қайғы менен өкініштің уақыты өтті,
Амалым жоқ, керуен болып көштім, міне.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



Әзірет Сұлтан мешіті. Астана қаласы

Әзірет Сұлтан мешіті – Астана қаласында орналасқан классикалық ислам үлгісіндегі мешіт. Ол қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері мен ұлттық нақыштағы сәндік белгілерін қолдану арқылы жасалған.

Оның ашылуы 2012 жылы 6 шілдеде салтанатпен өтті. Оған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

«Әзірет Сұлтан» мешіті – еліміздегі ең үлкен күмбезді мешіт. Мешіттің айшықты келбетін 4 мұнара толықтырады. Олардың әрқайсысының биіктігі – 77 метр.



Нысан	Бұрыннан білетінмін	Жаңа сабақтан білгенім
Ахмет Ясауи туралы ақпарат		
Қызметі		
Шығармаларының жанры		
Кітабының аты		
Кесенесі		





СӨЗДІК

Арыстан баб – Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы. Аңыз бойынша, Ахмет Ясауиге Мұхаммед пайғамбар аманаты – құрманы тапсырушы.

Әзәзіл – азғырушы шайтан.

Баб – араб тіліндегі мағынасы: есік, қақпа. Діни мағынасы: имам мен халық арасын жалғастырушы.

Ғаріп – мүсәпір, бейшара.

«Дәптер сәни» – Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерін «Дафтар сәни» деп атаған. Оның бұл атауды қандай оймен қолданғаны туралы ғалымдар арасында бірнеше пікір бар. Солардың бірі: Ахмет Ясауи бірінші деп Құран және өзге кітаптарды, ал Пайғамбар хадистерін екінші деп санаған болуы керек.

Жаратқан – Жаратушы – діни ұғым бойынша, бүкіл әлемді жаратқан ұлы күш, құдірет; Дүниеге келтіруші, өмір беруші.

Жаніл – Алланы ұмытқан; азғындық жолға түскен, надан.

Зікір – 1) Алланы үнемі ойлау; 2) бақсылардың «емдеу» тәсілі.

«Инна фатханы» – шындығында біз аштық.

Қылуәт – ортағасырлық жерасты мінәжат үйі.

Мәдине – арабша «қала» деген сөз. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан.

Махшар күні – діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет.

Миғраж – көкке көтерілу. Діни аңыздар бойынша, арабша ережеп айының жетінші кешінде Мұхаммед пайғамбар Алланың әмірімен ғарышқа ұшқан.

Нәпсі – зиянды нәрселерге құмарлық.

Пәруәрдигер – Жаратушы, Алла.

Пірімұған – Мұхаммед пайғамбар.

Расул – елші, яғни жіберілген, негізінен, Мұхаммед пайғамбарға байланысты айтылады.

Сопылық – ислам дінін берік ұстанған адамға қатысты айтылады.

Сүндет – исламның сүннит бағытын ұстанатындар ер балаларды мұсылман ету үшін жасайтын діни ғұрып.

Үмбет – ел, қауым, жамағат.

Шағатай тілі – Орта Азия мен оның төңірегіндегі аймақтарда (бұрынғы Шағатай ұлысында) XV–XVI ғасырларда классикалық тіл ретінде қалыптасып дамыған, ортағасырлық түркі жазба әдеби тілі.


«Фанафи Алла» – Алламен бірігу, яғни Аллаға толық сену.

Шейх – 1) қария, рудың, әулеттің ақсақалы; 2) Арабиядағы тайпа басшысының лауазымы.

Дүр – 1) маржан, інжу; 2) күрт, қауырт; 3) атақты; 4) су жаңа.

Мәулім – мәртебелі тақсыр; Алланың бір сипаты.



- 
1. Шығарманың «Даналық кітабы» деп аталу себебі неде?
 2. «Даналық кітабының» көркемдік құндылығы қандай?
 3. Жинақтың зерттелуі және қандай тілдерде жарыққа шыққаны туралы не білесіңдер?
 4. «Даналық кітабы» не туралы?



1. Жинақтағы ғибрат сөздер нені мақсат ететінін түсіндіріңдер.
2. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне, құрылысына талдау жасаңдар.
3. Өлең жолдарындағы өздеріңе ұнаған ғибратты сөздерді дәптерге жазыңдар. Осы ойтүйін бойынша пікірлесіңдер.



1. Автордың өлеңдеріндегі адамдарға деген көзқарасын ой елегінен өткізіңдер.
2. Өлеңдердегі тірек сөздердің мағынасына талдау жасаңдар.
3. Өлең шумақтарындағы діни сөздердің мәні мен мағынасына түсінік беріңдер.
4. Ақын өлеңдеріндегі өсиет, насихат сөздердің мағынасын ашып, талдаңдар.



1. Ясауидің рухани әлемін әр адамның таза ұстауы турасындағы философиялық көзқарасы туралы пікір алмасыңдар.
2. Ақын «мейірім», «ғашық болу» сөздерін қандай мағынада қолданған? Махаббат деп қандай сезімді айтады?
3. *Үмбет болсаң, ғаріптерге жақың болғыл,
Аят, хадис, айтқандарға құлақ салғыл,* – деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?



1. «Даналық кітабының» басты идеясы қандай?
2. Ясауи хикметтерінен қандай тәрбие алуға болады?



3. *Ел-жұрттан мейір, шапағат кетті, достар,
Үлкен, кіші адамдардан әдеп кетті,
Қыз, келіншек, нәзік жаннан ұят кетті.
«Ұят барда – иман бар» деп Расул айтты,
Арсыз қауым бұлдіріп бітті, достар.
Мұсылман мұсылманға болды қатал,
Нақақ істеп, хақ жұмысын бұзды батыл, – деген өлең жолдарында
ақын не айтқысы келді, оның бүгінгі күнмен байланыс бар ма?*



1. Қорқыт атаның нақыл сөздері мен Ясауидің даналық ойларын салыстыра зерделендер. Бұл туындылардың көркемдік құндылықтары қаншалық маңызды деп ойлайсыңдар?
2. Ясауи хикметтерін оқығаннан кейін өзіңе және достарыңа қандай даналық ойлар айтар едіңдер.
3. «Адамдық пен имандылық – асыл қасиет» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

«Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы Ахмет Ясауиге арналды. Мен бабамыздың ислам дінін насихаттағанын білемін. Оның уағыздары жаман қылықтарға ермей, тек қана адамгершілікпен, адалдықпен өмір сүруге үндейді. Мен ислам дінінің ізгі ойларына қарсы әрекет етушілерді қолдамаймын.

Біздің халқымыз ислам ханафи құқықтық мектебін ұстанады. Бұл халқымыздың ислам дінін қабылдағанға дейінгі ежелгі салт-дәстүріне үйлеседі, екеуін қатар қолдануға мүмкіндік береді. Біз ата-бабамыз ұстанған осы жолды қадірлейміз.

Әлемде бірнеше дін бар, біз бәріне де сыйластықпен қарауымыз керек».



ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ



Қазақ әдебиетінде жыраулар есімдері құрметпен аталады. Өйткені олар өз заманының көрнекті тұлғалары бола білді. Хандардың қасында жүрді, қажет кезде ақылын айтты. Сын айту керек кезде де олар ханға сөзін айта алған. Сондықтан жырауларды идеолог дейді. Идеолог сөзі идея дегеннен шыққан, идеясыз, мақсатсыз мемлекет болмайды. Жырау еліміздегі саясатқа ықпал жасай алатын тұлға болған.

Ал елімізге жау шауып, Отанымызды қорғау қажет болған кезде жауынгерлерге рух беретін толғаулар айтып, алдыңғы қатарда жүрді. Олар өмір, туған жерді қадірлеу, халықтың қамын ойлау туралы айтып, ханға да, жауынгерлерге де ықпал жасай білген. Солайша біздің Отанымызды қорғауға атсалысқан. Сондықтан жыраулар Қазақ елінің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген тұлғалар ретінде құрметтеледі. Мәселен, XV ғасырдың екінші жартысында, Қазақ хандығы құрыла бастаған кезде Асанқайғы Керей мен Жәнібек хандарды қолдаған. Доспамбет жорықшы жырау атанған. Енді сендер Шалкиіз бен Ақтамберді жыраулардың өмірімен, шығармашылығымен танысатын боласыңдар.

Жыраулардың көркем туындылары көбіне толғау, арнау, мадақтау түрінде болды. Дегенмен жыраулардың басты жанры – толғау. Бұл ойланып тұруға уақыт аз кездерде суырыпсалып айту үшін ыңғайлы жанр болды.

Бүгінде жыраулар поэзиясы қазақ халқының өткен тарихынан хабар беретін асыл мұра ретінде бағаланады.



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ



Ақтамберді Сарыұлы 1675 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Қаратау өңірінде дүниеге келген.

Ақтамберді ата-анасынан ерте айырылған, сол себепті туысы Бердіке деген батырдың қолында өскен. Бердіке оны жастайынан соғыс өнеріне баулып, мінезіне ерлік, қайсарлық қасиеттер дарытқан.

Ақтамберді Сарыұлының ақындық таланты ерте байқалған. Ол 10–11 жасында-ақ өлең шығара бастаған. Ал 17-ге толғаннан кейін қазақтардың Моғолстанға, Жоңғарияға жасаған жорықтарына қатысып, ұрыстарда қаһармандық көрсеткен. Оның:

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп Құдай тілекке! –



Ақтамберді Сарыұлы
(1675–1768)

деген сөздері он жеті жасында-ақ үлкендермен бірге шайқасқа араласқанын және намысты екенін танытады.

«Ақтабан шұбырынды» кезінде Ақтамберді атақты батыр әрі жырау ретінде танылды. Орта жүзге қарайтын руларды басқарушы, қазақтардың жоңғарларға қарсы күресін ұйымдастырғандардың бірі болды. Жоңғар мемлекеті күйрегеннен кейін туған халқын атамекенге орнықтыруда орасан зор еңбек етті. Өзі солармен бірге Қазақстанның шығысына көшіп келді.



Ақтамберді жырау 93 жасында қайтыс болды. Оның күмбезі Шыңғыстаудың Құндызды деген жерінде, Жүрекжота деп аталатын төбенің басында.

Ақтамберді жыраудың толғаулары «Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (С.Мұқанов, 1942) кітабына, «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «Қобыз сарыны» (1968), «XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1985), т.б. жинақтарға енген.

Ақтамберді Сарыұлының толғауларындағы негізгі тақырып – отбасын құрметтеу, Отанды сүю, ерлік, елдік мәселелері. Оның:

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар
Аз да болса, көшпен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең... –

деген сөздерінің өзінде үлкен тағылым бар.

Ол, сондай-ақ, өз ғұмырнамасын да толғаумен жеткізген. Оның «Балаларыма өсиет» толғауын оқығанда, өмірінің соңғы кезінде жазылғаны белгілі болады. Ұрпақтарын бірлікке, татулыққа үндейді. Жыраудың бұл ақылы оның жеке отбасына ғана емес, бүкіл қазақ жастарына арнаған даналық сөзі деп қабылдаймыз. Өйткені Ақтамберді Сарыұлының өмірі елдік мақсатқа арналған. Енді еліміз тәуелсіз мемлекет болғанда, жастардың перзенттік парызы ретінде қабылдануы тиіс.

Ақтамберді бабамыздан қалған шығармалар толық жетпеген. Ауызша айтылған толғаулардың біразы ұмытылған. Ал бүгінгі күнге жеткен толғауларының өзінде нақыл сөздері ерекше.

«КҮЛДІР-КҮЛДІР КІСІНЕТІП» ТОЛҒАУЫ

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екеміз?!
Күдеріден бау тағып,
Қамқапты киер ме екеміз?!



Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткілдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін
Біз де бір құрар ма екеміз?!
Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып,
Бетпақтың ен бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екеміз?!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын
Өлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!
Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам!
Асқар бір тауды жайласам,
Желілеп бие байласам,
Күнде жиын, күнде той,
Қыз-бозбала ойнатсам,
Тентегін түзеп, «Байқа!» – деп,
Ішінен биді сайлатсам,
Құлым бір ұлдай киінсе,
Көркемін көрген сүйінсе,
Атымтай жомарт секілді
Атағым жұртқа білінсе!
Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,
Ойпаң жерге он отау
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,

Тірек сөздер



Толғау
Жырау
Майдан
Жұрт

Қонағымды жайғасам!
Пышақтан малым кетпесе,
Қазаным оттан түспесе,
Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе,
Май жемесе қонағым,
Қан жемесе барағым,
Он кісіге жараса,
Бір кісіге арнап тартқан табағым!
Халыққа атым білініп,
Шүлеңгір мырза атанар ма екеміз?!
Төскейде кеңес топтанып,
Жақсылар үйде баптанып,
Нөкерлер жүрсе сап түзеп,
Қос-қосымен шаттанып.
Қиуадан ақыл алатын,
Қияннан айла табатын
Ерлерден салсам нөкерді
Дұшпаннан кекті алатын!
Жоны бір жалпақ жотадай,
Мойны бір жалпақ бұқадай,
Балуаннан нөкер барлатып
Күреске салар ма екеміз?!
Артықша көзге көрініп,
Балуаным жықса таңлатып,
Алмасын арнап суарып
Ақ сауыт соқса зергерім,
Таудағы сала бұғыны
Аңдып бір атса мергенім!



Көкорай көктем болғанда
Дауысы бар азандай
Желіні бар қазандай,
Жаралы қудай ыңырантып,
Жарылған мұздай күңіrentіп,
Қайрауықтың ащы күйіндей
Қайырып боздап күйлентіп,
Боталаған боз інген
Азан-қазан, у-да шу
О да бір алса мазамды-ай!
Алғайдың құба жонына
Жайылған қойым сыймаса,
Жүз бүркеншек, жүз қоспен,
Қатар жүріп жинаса!
Көк алалы көп жылқы
Көлге бір түссе көз жетпей,
Санап санын алуға
Есебіне жан жетпей...
Беглерім мінсе шұбарын

Жұлындай қылып жаратып.
Елден елді аралап,
Тектіден текті саралап,
Беглердің қызын айттырсам,
Нұсқасын байқап шамалап.
Сынға толса сияғы,
Өлбеті шамның шырағы,
Мұхиттан сүзіп шығарған
Қымбатты гауһар бағасы.
Жүз нарға кілем жаптырып,
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен
Көңілімді хош таптырып.
Бала берсе тезінен,
Пірлердің бітсе демінен,
Шілтеннің тиіп шылауы
Артылып туса өзімнен!
Осындай берген дәулетті
Көтеріп тұра алар ма екеміз?!



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Ақтамберді жыраудың сауыты Аякөз өлкетану архивінде сақтаулы. Көп жылдар бойы оның кімге тиесілі екені белгісіз болған. Тек соңғы жылдары ғана жыраудың ұрпақтары сауытты іздестіруінің арқасында оның иесі Ақтамберді екені нақтыланды.

Ал сауыттың жасалу ерекшелігі туралы этнограф-қару зерттеуші Қалиолла Ахметжан былай деп сипаттама берген: Сауыт қысқа жеңді, қысқа етекті жейде түрінде, жағасы жоқ, жағасының ойығы дөңгелек болып жасалған. Сауыт сым темірден тоқылған, ұштары екі түрлі әдіспен бекітілген шығыршықтардың екі түрінен тоқылған. Шығыршықтың бірінші түрінің ұштары тікен сияқты шегемен бекітіліп қосылған. Шығыршықтың екінші түрі – темір пластинкадан тұтастай шабылып алынған шығыршықтар. Сауыт тоқылымында шығыршықтардың осы екі түрінің қатарлары кезектесіп өрілген. Сауыттың кейбір жерлерінде ұштары ұсталық әдіспен бекітілген шығыршықтар да кездеседі. Шығыршықтарының сыртықы диаметрі – 1,2 см, ішкі диаметрі – 0,9 см. Сауыт көп қолданыстан тозған, әр жерінде тесіліп, етегі жыртылған. Сауыттың салмағы 10 кг-ға жуық.

(«Ана тілі» газеті, 17-сәуір 2014 жыл, мәтін ықшамдалып алынды.)





СӨЗДІК

Қамқап – қама терісінен істелген қымбат бағалы сырт киім, ішік; қама – кішірек келген, жылтыр қара түсті, суда жүретін терісі бағалы аң.

Күдері – әбден иі қанып жұмсартылған тері, қайыс.

Төрткілдеп – төрткілдеу – төрт бұрышты ету.

Құлаты – соны, тың, бұрын ешкімнің қолы жетпеген.

Нарша – жас нар, буыршын нар.

Атымтай жомарт – есімі фольклорлық шығармалар арқылы сақталған қолы ашық, мырза адам.

Шүлеңгір – дарқан, жомарт.

Қиуадан – алыс жерден, шалғайдан.

Қайрауық – әуендік аспап.

Құба жон – сұрқай тартқан үстірт (дөңес).

Беглерім – бектер.

Пір (*парсы тілінен*) – сопылық ұғымдағы ақиқат жолды нұсқаушы, ұстаз, батагөй.

Шілтен – жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне.

Қан жемесе барағым: барақ – жүні ұзын ит; қан жемесе – ет жемесе дегенді айту үшін қолданылған.

Сияғы – түрі.

Әлбет – жүз, келбет.

Бүркеншек (көне сөз) – үстін бүркей салған жеңіл үй; жаппа.



1. Ақтамберді жыраудың туған жері және оның өз заманында қандай адам болғаны туралы не білесіңдер?
2. Жыраулар неліктен толғау жанрын жиі қолданған? Оларды не себепті идеолог деп атаған?
3. «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауындағы батырдың бейнесіне сипаттама беріңдер.
4. Ақтамберді толғауларының тақырыбы мен идеясы туралы айтыңдар.





1. «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауындағы аттың сипаты жырда қалай өрнектелген? Жырдан қандай аттың бейнесін көре аласыңдар?
2. Жырдан қазақ халқының салт-дәстүріне байланысты тіркесті сөздерді жазып, жылқы малына қандай қатысы бар екенін анықтаңдар.
3. Хрестоматиядан толғаудың екінші нұсқасын оқыңдар. Жырау толғауындағы батыр мақсатына мән беріңдер, оларды толғаудан тауып көрсетіңдер.



1. Ақтамберді толғауларының көркемдік қуаты мен философиялық тереңдігіне төмендегі үлгі бойынша жан-жақты талдау жүргізіңдер.


Өмірлік мақсаты	Дәлелдеме	Көркемдік тәсілі
Күлдір-күлдір кісінетіп, Күреңді мінер ме екеміз?! Күдеріден бау тағып, Қамқапты киер ме екеміз?!	Жауға шабар кезде арғымақ батырдың жан серігі болады, ал батырдың өзіне лайық өсем де сымбатты киім киюі керек деп ойлаймын.	«К» дыбысынан басталатын сөздер (аллитерация) жырға өң беріп тұр. Ақын арманы сұраулық де-меулік шылаулар мен -ар, -ер есімше жұрнақтары арқылы айқын көрінеді.
Кеуде бір жерді жол қылсам, Шөлең бір жерді көл қылсам, Құрап жанды көп жиып, Өз алдына ел қылсам!		
Пышақтан малым кетпесе, Қазаным оттан түспесе, Ауылдан топыр үзілмей, Ошақтың оты өшпесе.		
Боталаған боз інген Азан-қазан, у да шу О да бір алса мазамды-ай!		





1. Доспамбет жырау мен Ақтамберді жыраудың арман-мақсаттарын салыстырыңдар.

Үлгі:



2. Ақтамберді жыраудың өз заманында жақсы өмірді аңсауын қазіргі тәуелсіз қазақ халқының өмірімен салыстыра суреттеңіз.



1. Ақтамберді толғауларының тақырыбы мен идеясы туралы айтыңдар.
2. «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының жас ұрпақ үшін қандай құндылығы бар? Өз пікірлеріңді білдіріңдер.
3. Толғаудағы жырау сөздеріне мән бере отырып, көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық ерекшеліктеріне сипаттама беріңдер.



«Қазақтың сөнін арттырып...» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгенім
Жырау деген кім?		
Жыраулар қандай қызметтер атқарды?		
Ақтамберді жыраудың өмірі		



Тыңдау CD 1-2. Ақтамберді жырау. «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы. 1–2 нұсқалары. Орындаған: Оспан Құлсымақ





ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Ақтамберді Сарыұлы:

*Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең, –*

дегендегі жыраудың негізгі айтар ойы не?

- а) шөп өспейді
- ә) күйіп кеткен жерді айтқаны
- б) болашағы жоқ ел дегені
- в) ауылда адам қалмаған дегені

«БАЛАЛАРЫМА ӨСИЕТ» ТОЛҒАУЫ

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық – болар береке,
Қылмасын жұрт келеке.
Араз болсаң алты ауыз –
Еліңе кірген әреке.
Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді.
Ақылың барың ұғарсың,
Ойың болса сезімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан, қайтейін!..
Ел аман болсын лайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын, Құдайым!



СӨЗДІК

Кепиет – мұнда: кесірлік,
кекірейгендік.
Алты ауыз болу – араздық.
Әреке – бүлік, лаң.





1. Жырау ұрпақтарына қандай өсиет айтты?
2. «Балаларыма өсиет» толғауының идеясы, өсиеттің келешек ұрпақ үшін қандай маңызы бар?
3. Елінің бақыты үшін соғысқа қатысып, қол бастаған жыраудың: *«Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан, қайтейін!»* – деп өкінуінің себебі не?



1. Өлеңді оқи отырып, жыраудың бейнесіне назар аударыңдар. «Балаларыма өсиет» деп басталуының себебі неліктен?



1. Өсиет өлеңнен қандай үлгі-өнеге алуға болады? Өлең жолдары арқылы әңгімелендер.
2. *Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасиет,* – деген өлең жолдарындағы «кепиет», «қасиет» сөздерін жырау не үшін қолданды деп ойлайсыңдар?
3. Жыраудың ұрпағына артқан үміті толғаудың қай жолдарында аңғарылады? Олардың кейінгі ұрпақ үшін маңызы қандай?



1. *Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке.
Араз болсаң алты ауыз –
Еліңе кірген әреке,* – деген өлең жолдарына мән беріп, осы өсиетке байланысты мақал-мәтелдер табыңдар.
2. *Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді,* – деген өсиеті арқылы жырау не айтқысы келді? Оның еліміздің бүгінгі ауылшаруашылығына қандай қатысы бар?





1. *Ақылың барың ұғарсың, Ойың болса сезімді,* – деген өлең жолдарында жырау «ақыл, ой, сезім» деген сөздерді не үшін қолданды деп ойлайсыңдар? Осы сөздердің синонимдерін қолданып, өлең шығарып көріңдер, Қандай әсері болады екен?
2. Толғауды оқығанда өзіңе қандай ғибрат алдың, бұл өлең сен үшін қаншалықты құнды? Ойтолғаңдар.



«Ел аман болсын лайым» деген тақырыпта шығарма жазыңдар.

ЖЫРАУЛАРДЫҢ ҚАЙСЫСЫ?

Доспамбет жорықшы жырау атанған. Ақтамберді Сарыұлы да атақты жырау болған. Жыраулар ханның қасында болатын және елді жаудан қорғау үшін жауынгерлермен бірге шайқасқа қатысатын. Доспамбет жырау 1490–1523 жылдар аралығында, ал Ақтамберді жырау 1675–1768 жылдар аралығында өмір сүрген.

Сұрақ: бұл екі жыраудың қайсысы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде өмір сүрген? Ол қатысушы 1723 жылы қанша жаста еді, ал 1727 жылы қаншада болған?

Жауап нұсқалары:

- a) Доспамбет жырау, ол 1723 ж. 33 жаста, 1727 ж. 37 жаста
- b) Ақтамберді жырау, ол 1723 ж. 52 жаста, 1727 ж. 56 жаста
- c) Ақтамберді жырау, ол 1723 ж. 48 жаста, 1727 ж. 52 жаста
- d) Ақтамберді жырау, ол 1723 ж. 49 жаста, 1727 ж. 55 жаста



ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ




Шалкиіз Тіленшіұлы – жыраулар поэзиясындағы көрнекті тұлға. Ол – жырау, сөзге шешен әрі батыр. Кейбір ауызша жеткен әңгімелерде оны ноғай деген де бар. Дегенмен осы тарихи жағдайды, яғни қазақ пен ноғайдың ұлт ретінде дараланбаған кезін ортақ тарих ретінде бағалау дұрыс болады.

Шалкиіз (кейбір деректерде Шөлгез) Жайық өзенінің шығыс жағында, текті феодалдың отбасында дүниеге келген. Әкесі Тіленші – қазақ арасындағы көп шонжардың бірі. Ал шешесі – Ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызы. Шалкиіз анасынан үш айлығында жетім қалып, нағашысының қолында өскен.

Ол әке жағынан да, анасы жағынан да тегі мықты болған соң, мұсылманша терең білім алып, парасатты болып өскен. Әуелгі кезде Ноғайлының әміршісі Би Темірдің ардақтаған жырауы болған, кейін оның қаһарына ұшыраған. Содан кейін өмірінің соңғы жылдарын Қазақ хандығында өткізіп, шамамен, 1560 жылдары қайтыс болған.

Шалкиіз Тіленшіұлы Сыпыра, Асанқайғы, Қазтуған, Жиёмбет жыраулар сияқты хан сарайының маңында тұрған, бірнеше ханға қызмет еткен. Ол XV–XVI ғасырларда өмір сүрген хандарды жақсы білген, көбімен қарым-қатынаста болған. Ол туралы: «Әуелі ол ноғайлы мырзалары Жүсіп, Ысмайыл бастаған топтан бөлініп, Мамай жағына шығады. Кейін қазақ ханы Жәнібекке, одан кейін Би Темірге, одан оның ұлы Тәуекел ханның қол астына ауысып отырады», – деп жазған көрнекті әдебиеттанушы Ханғали Сүйіншәлиев.

Шалкиіз жыраудың әдеби мұралары, басқа жырауларға қарағанда, көбірек жеткен. Отызға жуық толғауы бар. Бұл толғаулардан Шалкиіз



Шалкиіз жырау
(1465–1560)



Тіленшіұлының жыраулық поэзияға тән қасиеттердің бәрін меңгергені аңғарылады. Атап айтқанда, өміршіге сөз арнау, оны мадақтау, даналық ойлар, дидактика – жырау көтеруі тиіс мәселенің бәрі жан-жақты қамтылған және олар көркем сөзбен бейнеленген.

Оның жас кезіндегі идеалы – арғымақ атқа мінген, үстіне сауыт, басына дулыға киген, қолына алдаспан ұстаған, сұлу жарды құшақтаған ержүрек батыр. Оның мұндай ойы нағыз батырға лайық өмір сүруді аңсауынан туған. Сондықтан ол:

Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып, жауға ти.
Төңірі өзі біледі
Ажалымыз қайдан-дүр! –

деген.

Шалкиіз Тіленшіұлын нағыз жырау ретінде танытатын екі толғаудың орны ерекше. Оның екеуі де Би Темірге арналған. Олар: «Би Темірге бірінші толғау» және «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны». Бұлардың алдыңғысы Шалкиіздің атақты жырау деңгейіне жетіп, беделі асқан кезді көріп, бірақ кейін өміршінің қасынан аласталған шақта айтылған болуы керек. Осындай кездің өзінде ол шеберлік танытқан. Әуелі өміршіні мақтап алған, сосын өзінің жанына бататын жағдайларды айтқан. Онда өміршінің кейбір кемшіліктерін сынайды, оған кеңес береді.

Ал «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны» деген толғауда ол жеке басының өкпесін емес, бүкіл елдің жағдайын сөз еткен. Егер Би Темір қажылыққа кетсе, елдің тағдыры не болатынын ескертеді. Өйткені қажылыққа бару үшін алыс жол жүру керек, бұған көп уақыт кетеді. Ал елдің өміршісі ұзақ уақыт жоқ болса, халықтың тағдыры не болады, міне, жыраудың Би Темірді бұл сапардан тоқтатпақ ойы осылайша түсінікті болады. Мұнда да ол өз ойын шеберлікпен жеткізген, әуелі өміршіні мақтап алған, сосын:

Егер кетер болсаң,
Мына халқың бассыз, иесіз қалады, –

деген. Меккеге баруды тоқтатуды сұрай отырып, өміршіге:



Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Төңірінің үйі Бәйтолла
Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасапты, –

деп, өз еліндегі халыққа жақсылық жасау арқылы да Құдайдың разылығына бөленуге болатынын айтып, кеңес берген.

Шалкиіз Тіленшіұлы – өз дәуірінің перзенті, ол сол кездегі оймен өмір сүрген. Сондықтан мемлекет күшті болу үшін елді әділ басқаратын, иман-жүзді өмірші керек деп ойлаған, оның «Би Темірге адалмын!» деген сөзді айтуының сыры осында.

Шалкиіз жыраудың есімі ерте кезден зерттеушілер назарына іліккен. Оның шығармалары 1893 жылы «Астраханский вестник» журналында, 1886 жылы А.Харузиннің «Киргизы Букеевской Орды» жинағында жарық көрген.

Шалкиіз жырау шығармаларының аңыз араласқан нұсқасын 1896 жылы В.В. Радлов «Образцы народной литературы тюркских племен» («Түркі халықтары әдебиетінің нұсқалары») жинағының VII томына енгізген.

Ал Ыбырай Алтынсарин Шалкиіздің өлеңін «Бір ханға бір бидің жамандардан қорлық көргенде айтқан сөзі» (1875) деген атаумен Орынборда жариялаған. 1879 жылы Орынборда шыққан «Қазақ хрестоматиясында» «Ау, хан ием» деген жолдан бастап оқушылар ұғымына лайықтап берген.

БИ ТЕМІРГЕ БІРІНШІ ТОЛҒАУ

Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде құлар шулайды –
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды.
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңайып, жылайды –
Күйбеңдескен көп жаман
Сөзі тигенге ұқсайды!
Алп, алп басқан, алп басқан
Арабы торым өзіңсің,

Тірек сөздер



Сұлтан
Алдаспан
Сұңқар



Жазылы, алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсің!
Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсың!
Алтынды кесе сары бал
Алсам, мен саған ұсынармын,
Тал мойныма қол артсаң,
Күліктен бек ұнармын.
Көбең семіз торыңмын,
Көп құлыңның бірімін,
Жақсыңнан мені кем көрдің,
Жаманыңмен тең көрдің.
Жақсыңнан мені кем көрсең,
Жаманыңмен тең көрсең,
Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда,
Ырысымды сындайын,
Сегіз қиыр шартараптан іздермін!
Еділден аққан сызашық
Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді –
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе, Тәңірі етті;
Жағасына қыршын біткен тал еді –
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе, Тәңірі етті;
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің –
Дәрежеңді артық етсе, Тәңірі етті;
Тобылғының берегі
Иіл болып, беріш бітсе,
Айбар болар терегі,
Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де, басың қос,
Бір күні болар керегі.



Бостаны бар-ды теректің,
Болаты бар-ды беректің,
Тұсындағы болған нартың қорлама,
Тұсындағы болған нартың қорласаң,
Табылмас-ты керекте.
Айдын шүйсең, тарлан шүй,
Көтерілген сона құтылмас,
Жауға кисең, берен ки,
Егеулеген болат өте алмас,
Есендікте малыңды бер де, батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе,
Дұспанның қолы жете алмас!
Бар күшіңді сынамай,
Балуандармен күреспе,
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың күлемге.
Ақылсыз достыдан
Ақылды дұспан артық-ты,
Дұспаныңдан бір сақын,
Ел ішінде айқасып,
Ойнап жүрген достларыңнан мың сақын.
Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырыңды қосып, сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман айғақ болар басыңа.
Жақсы да келер бұ көпке,
Жаман да келер бұ көпке,
Түгел іс қойып болмас бір кепке,
Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін,
Сен сұлтансың – мен құлмын,
Сен сұңқарсың – мен қумын,
Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім аяман,
Саған дұспан – маған жау,
Керекті күні алдыңда
Ғазизлеген сұлтан жаным аяман!



СӨЗДІК

Берен – 1) қымбат, асыл мата;
2) нағыз шың болат; 3) ұңғысы ұзын шиті мылтық.

Жімле (араб тілінен) – барша.

Тобылғының берегі: тобылғы – раушангүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта; берек – мәуелі ағаштар мен түрлі бұталардың үрімі, бұтағы.

Көкшілі – сұңқардың бір түрі.

Күлік – сәйгүлік, жүйрік, шапшаң.

Көбең семіз торыңмын – ептеп оңалған, ет алған.

Қағба – мұсылмандардың аспаннан түсті, Құдай жіберді деп табынатын Меккедегі үлкен қара тас.

Нарт – қып-қызыл, шымқай қызыл.

Сызашық – жерден шығатын судың көзі.

Сақын – сақтық, қырағылық; бұл жерде: сақтан деген мағынада.

Сой – тегі; «Бойы да, сойы да жақсы» – «Бойы да, тегі де жақсы» қолданысы арқылы түсінікті болады.

Шағырмақ бұлт жай тастар:
шағырмақ – жарқыраған, қызулы.



Әдебиет теориясы

Психологиялық параллелизм (егіздеу) дегеніміз не? Мысалы, темір жолдың қос рельсі бар, оны параллель жатқан жолдар дейді. Ал әдебиетте екі нәрсені қатарластыра, жанастыра алып бейнелеу тәсілі параллелизм деп аталады. Психологиялық параллелизм болу үшін сыртқы және ішкі дүние құбылыстары көңіл күйді білдіретін болуы шарт. Бұған Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауындағы»:

Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды –
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды.
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңайып жылайды –
Күйбеңдескен көп жаман
Сөзі тигенге ұқсайды! –

деген жолдар мысал бола алады. Автор «Аспанды бұлт басты» деп, жай ғана айтпаған, оның орнына «құрсайды» деген сөзді қолдану арқылы бұл сәттегі табиғат көрінісін әсерлі жеткізген. Көкшіліден соққы алған құдың жағдайы осындай сүреңсіз, көңілсіз екенін жеткізу үшін аспандағы табиғаттың көрінісімен қатарластыра бейнелеген.

Аллитерация – поэзияда ақынның айтар ойын әсерлі жеткізу үшін қолданылатын көркемдік әдістердің бірі. Аллитерация біркелкі дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы жасалады. Жыраулардың толғауларында қатаң дауыссыздар жиі кездеседі. Мысалы, Шалкиіз жыраудың толғауындағы:

Тегеурінді болат темірдің
Тегеуріні өзіңсің.

Ассонанс – бұл да көркемдік әдістердің бірі, ол біркелкі дауысты дыбыстардың қайталануы арқылы жасалады. Мысалы, Шалкиіз жырауда:

Арқаның құба жонында
Арыстан ойнар шарқ ұрып.
Атайы ердің тұсында
Тұлпары тұрар тарп ұрып.





1. Шалкиіз жыраудың өмір жолы және өзіне дейінгі жыраулардан қандай ерекшелігі бар екенін айтыңдар.
2. Сызбаны толықтырыңдар.



3. Шалкиіз жырау шығармашылығын зерттеушілерді атаңдар.



1. Толғаудан жыраудың қандай мінезін байқадыңдар?
2. Сөздікте берілген сөздер толғаудың мәнін ашуда қандай өң беріп тұр? Сөздердің мағынасын түсініп, өлең жолдары бойынша талдау жүргізіңдер.



1. Толғаудан жыраудың әділ де ащы шындықты айтқан ғибрат, нақыл сөздерді тауып, олардың мағынасын түсіндіріңдер.
2. Жыраудың Би Темірге айтқан ақыл-кеңесінен қандай ой түйдіңдер?



1. Толғаудан көнерген сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.
2. *Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де, басың қос,
Бір күні болар керегі,* – деген жолдарды қалай түсінесіңдер?
3. Хрестоматияда берілген «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқаны» толғауын «Би Темірге бірінші толғаумен» салыстырыңдар.
4. «Би Темірге бірінші толғауды» «Күлтегін» жырымен салыстырыңдар. Күлтегін мен Би Темірге мінездеме беріңдер.

Айырмашылығы	Ортақ қасиеттері	Ерекшелігі





1. Шалкиіз жырау толғауларының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. *Ақылсыз достыдан
Ақылды дұспан артық-ты,
Дұспаныңнан бір сақын.
Ел ішінде айқасып,
Ойнап жүрген достларыңнан мың сақын,* – деген өлең жолдарының мағынасын түсіндіріп, ойтолғаныс жасаңдар.
3. Толғаудан метафораларды тауып, жыраудың оларды қолдану себебін көрсетіңдер. Шалкиіз жырау Би Темірді неге құдіретті етіп көрсетуге тырысқан?
4. Хрестоматиядан «Жақсының жақсылығы сол болар» толғауы бойынша жақсы мен жаман қасиеттерге сипаттама беріңдер. Өз достарыңның қасиеттерін сипаттаңдар.



1. Шалкиіз толғауларындағы сөз қолданыстарының мағынасын ашып, кестені толтырыңдар.

Тапсырмалар	Дәлелдеңдер
1. Шалкиіз жырау не себепті өзін Би Темірмен салыстыра жырлайды?	
2. <i>Есендікте малыңды бер де, батыр жи, Басыңа қыстау іс түссе, Дұспанның қолы жете алмас,</i> – деген жолдарды қалай түсінесіңдер?	
3. <i>Жоғары қарап, оқ атпа, Жуық түсер қасыңа,</i> – деген жолдардан нені аңғардыңдар?	
4. Шалкиіз жырау осы толғау арқылы не айтпақ болды деп ойлайсыңдар?	



2. «Жақсы да келер бұл көпке,
Жаман да келер бұл көпке» деген тақырыпта өдеби эссе жазыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Шалкиіз жыраудың тегі		
Оның өміріндегі жағдайлар		
Шығармалары		



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Шалкиіз жыраудың толғауларында архаизм емес, қазіргі қазақ тілінде қолданыста кездесетін, бірақ дыбысталуында өзгешелігі бар сөзді табыңдар. Бұл өзгешелік неліктен деп ойлайсыңдар, сол туралы ойларыңды жазыңдар.



Тыңдау CD 1-3. Шалкиіз жырау. «Би Темірге бірінші толғау».
Орындаған: Темірбек Асқанбаев

Әдебиет теориясы

Жырау – суырыпсалма ақын, хан кеңесшісі, мемлекеттің саясатын жасауға ықпал етуші, саясаткер, мемлекеттің бас идеологі. Шайқастарға өзі де қатысып, қолбасшылық жасаған, қажет жағдайларда батырларды рухтандырушы. Ол көбіне толғау жанрында айтқан.

Жыршы – жыр айтушы, таратушы.

Толғау – алуан түрлі тақырыпта философиялық ойға, дидактика мен моральға, т.б. мәселелерге арналған лирикалық шығарма.

Теңеу – затты, нәрсені, құбылысты немесе заттың, нәрсенің, құбылыстың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым. Теңеу *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Эпитет – заттың не құбылыстың сипатын беру үшін қолданылатын көркемдік әдіс. Мысалы, Жиренше шешен.

Қайталау, қайталама ұйқас – сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсілі.



I бөлім БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. *«Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бұгілткенше, бұгілтпегені игі. Баба атын шығаратын дәулетті ұл болғаны игі. Жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі».* Қай шығармада айтылғанын табыңдар.
 - а) «Хандар шежіресі»
 - ә) «Қорқыт ата кітабы»
 - б) «Мұсылмандық шарты»
 - в) «Қаһарлы күндер»
2. Қорқыт атаның «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» шығармасы халқымыздың қай эпостық жырына жақын екендігін табыңдар.
 - а) «Қобыланды батыр»
 - ә) «Алпамыс батыр»
 - б) «Қамбар батыр»
 - в) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»
3. «Қорқыт ата кітабының» қолжазбалары қайда сақталған?
 - а) Түркістанда
 - ә) Стамбул мен Каирде
 - б) Лондон мен Парижде
 - в) Ватикан мен Дрезденде
4. Қорқыт атаның жер бетіндегі барлық жан-жануардың тілін білетіндігі туралы қай аңызда айтылғанын табыңдар.
 - а) «Желмая» күйі
 - ә) «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»
 - б) «Байлаулы киіктің зары»
 - в) «Ұшардың ұлуы»
5. *Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды –
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды.* Үзіндіде қолданылған көркемдік тәсілді табыңдар.
 - а) Ассонанс
 - ә) Аллитерация
 - б) Теңеу
 - в) Метафора



6. Туған халқын өз атамекеніне орнықтыруға зор еңбек еткен жырауды табыңдар.
- а) Ақтамберді
 - ә) Шалкиіз
 - б) Ясауи
 - в) Қорқыт
7. *«Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасиет».* Кімнің сөздері екенін табыңдар.
- а) Абылай
 - ә) Абай
 - б) Ақтамберді
 - в) Қорқыт
8. Ислам дініндегі сопылық бағытты ұстанған ақынды табыңдар.
- а) Ахмет Ясауи
 - ә) Шалкиіз Тіленшіұлы
 - б) Ақтамберді Сарыұлы
 - в) Қорқыт ата
9. *«Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін,
Сен сұлтансың – мен құлмын,
Сен сұңқарсың – мен құмын,
Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім аяман».* Кімнің сөзі екенін және үзіндіде қолданылған көркемдік әдісті табыңдар.
- а) Қорқыт, нақыл сөздер
 - ә) Ақтамберді, эпитет
 - б) Шалкиіз, метафора
 - в) Ясауи, теңеу
10. Ахмет Ясауидің шығармасын табыңдар.
- а) «Құдатғу білік»
 - ә) «Диуани лұғати-т-түрк»
 - б) «Диуани хикмет»
 - в) «Қисас-ул-әнбиа»





КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде патшалық Ресейдің отарлаушылық саясаты әбден күшейіп, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлады. Елдің ішіндегі болыс т.б. билеушілердің көбі халықтың болашағын ойлаудан қалып, жеке бастың қамымен ел мүддесін аяққа таптап, әділетсіздік орнады. Осындай екі жақты қыспақта қалған қалың елдің мұңзарын ақындар көре білді, өз шығармаларына арқау етті. Олар қиындықтан шығар жолды бірден тауып айта алмады. Сол кездегі жағдайда басқаша болуы мүмкін емес те еді. Бірақ олардың толғаулары қазақ әдебиетінде маңызды бір бағытты қалыптастырғанымен құнды. Бұл – XIX ғасырдағы зар заман бағыты. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері: Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы.

Мұрат Мөңкеұлының хат жазарлық сауаты болса да, негізгі шығармалары импровизациялық түрде шыққан. Оның «Үш қиян», «Сарыарқа» толғаулары шағын ойлармен шектелмейді, тарихи оқиғаларды тереңнен толғап, білімге тартады.

Еліміздің шығысында туып-өскен Шөкәрім Құдайбердіұлы да қоғамға өз үнін жеткізді. Оның ұлы Абайға туыстығы өз алдына, ұстазынан алған тағылым-тәрбиесі де қазақтың көркем әдебиетін кең ауқымда дамытуға ықпал жасады.



МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ



Мұрат Мөңкеұлы
(1843–1906)

Мұрат Мөңкеұлы – қазақ тарихында, әдебиетінде көрнекті орны бар тұлға. Ол 1843 жылы қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келген. Әкесі адал еңбегімен күн көрген шаруаның адамы, анасы әнші әрі ақын болған. Мұрат бабамыздың ақындық қабілетінің шыңдалуына анасының және үлкен ағасы Матайдың ықпалы ерекше болды.

Ол өз ауылында молдадан сауат ашқан, хат жаза алатын білімі болды.

Мұрат Мөңкеұлының толғауы алғаш рет 1908 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Мұрат ақынның Ғұмар қазы ұғлына айтқаны» деген кітапта жарық көрді.

Ал 1924 жылы көрнекті ғалым Халел Досмұхамедұлы Ташкент қаласынан «Мұрат ақынның сөздері» деген атаумен шығармаларының жинағын жарыққа шығарды. Бұл кітаптың алғы сөзі ретінде ақынның өмір жолы мен шығармалары туралы өз зерттеуін жазды. Осы кітапта: «Мұрат бала күннен-ақ өлең айта бастаған. Он бестен асқан соң, той-тобырда өлең айтуды місе етпей, заманындағы айтқыштардың бәрін айтысып, жеңген. Айтысқа өте шебер болған. Мұраттың өмірінде айтыстан жеңілген орны болмаған»¹, – деген.

Мұрат бабамыз, шынында да, ақындық өнерді шебер меңгерген. Сондықтан оның шығармашылығында поэзия жанрларының түрі көп. Айтыстарын айтқанда, оның Жылқышы, Ізім, Ораз, Жаскелең, Жантолы, Қашаған, Тыныштық ақындармен айтыстары құнды мұра есебінде бағаланады.

¹ Мөңкеұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар, зерттеулер / Құраст.: Бауыржан Омаров. – Алматы. «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. 206-б.



Мұрат Мөңкеұлының айтыста ешкімнен жеңілмеуінің бір сыры – оның тарихты жақсы білуінде. Ол ел тарихына қатысты шежірені, бабалардан қалған сөздерді жақсы білген. Айтыста осы білімнің пайдасы көп болған. Оған қоса Мұрат ақынның азамат ретіндегі ойлары да анық. Ол «Жігіттің халыққа тиген пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып, неге керек?!» дейтін.

Оның, сондай-ақ, «Байұлы Байбақты Ғұмар Қазыұлына», «Турабай болыстыққа таласқанда айтқаны», «Бегалыға айтқаны», «Айжарыққа айтқаны» деген арнау өлеңдері де бар. «Оқудан қайтқан жігітке», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» атты шығармалары хат-өлең болып жазылған. «Өттең, бір қапы, дүние-ай!», «Топқа түскендегі толғауы», «Жалғаншы фәни жалған-ды», «Үлгілі сөзді сөйлейін», «Үзік терме», «Батырларды жоқтауы», т.б. өлең-толғаулары да белгілі.

Кеңес дәуірі кезінде, нақты айтқанда, 1947 жылдан бастап Мұрат Мөңкеұлының шығармалары оқулықтардан алынып тасталды. Бір ғана Мұрат Мөңкеұлы емес, қазақ тарихында бұрын болған қайраткерлерді шығармаларына қосқанның бәрі теріс саясаттың «тұтқынына» айналды. Бірақ еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, өз тарихымызды толық оқып, ұлттық рухани байлығымызды ардақтау мүмкіндігі туды.

Ақын бабамыздың «Үш қиян», «Сарыарқа» толғаулары – еш уақытта маңызын жоймайтын халқымыздың асыл мұрасы. Бұл толғауларында ақын өзі өмір сүрген кезеңдегі халықтың зарын жеткізген. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты жүріп тұрған кезде жеріміз тарылып, байырғы халық – қазақ өз несібесінен шет қалып, ұлттық салт-дәстүріміз бұзылып бара жатқанын жанашырлықпен айтқан.

Қазақ әдебиетінде Мұрат Мөңкеұлы және онымен пікірі бір Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, т.б. ақындар зар заман ағымын қалыптастырды. Оның поэзиясындағы басты ерекшелік – осы.

Ақын айтқан өлең-жыр, толғаудың бәрінде тарихи адамдардың есімдері мен оқиғалар көп айтылған. Оның шығармаларындағы осынша тарихтың сақталғанын бағалап, Халел Досмұхамедұлы: «Қазақ тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды. Мұрат – бір жағынан, өткенді білген шежіреші болса, екінші жағынан, халықтың мұңын, елдің зарын айтатын өлеуметшіл ақын болған»¹, – деп жазған.

Мұрат Мөңкеұлы – жеке өз шығармаларымен ғана емес, оған қоса құнды батырлық жырларды да ұрпақтарға жеткізуші. Ол «Қырымның қырық батырын» жырлаған атақты жыршы Тілеген (Мұрын) Сеңгірбекұлына он төрт жырды үйреткен.

¹ Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1991, 207-бет.



Махамбет Өтемісұлы өлеңдерін де бүгінгі күнге жеткізуші – Мұрат Мөңкеұлы. Осылайша Мұрат Мөңкеұлы қазақ халқының мәдениетіне, әдебиетіне зор үлес қосқан.

Кеңестік дәуірде оның шығармаларына орынсыз түзетулер жасалды. Бірақ еліміз тәуелсіздік алған соң, оның өзі айтқан сөздері өзгертілмей жарық көруде.

«ҮШ ҚИЯН» ТОЛҒАУЫ ТУРАЛЫ

Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауы ол өмір сүрген кезеңдегі тарихи жағдаймен байланысты туған. Өзінің сипаты жағынан бұл толғау зар заман ағымының ықпалымен дараланған. Толғау 1873 жылы айтылған.

Толғаудағы «адыра қалғыр», «жеті жұрт кетіп бұлген жер», «құтсыз қоныс» деген сөз тіркестері санаға бірден әсер етеді. Бірақ ақын өзі өмір сүрген өңірде аттары белгілі адамдарды қосып айтқандықтан, оның ел мен жердің тарихын жақсы білетіні белгілі болады.

Толғауда сөз болатын үш қиян – туған жер ұғымымен байланысты. «Еділдің бойы – қанды қиян, Жайықтың бойы – майлы қиян, Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян» деген. Осы үш қияннан ажырасақ, елдің бүтіндігі бұзылады деп:


Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны, –

деп, патшалық отарлаушылық саясатын әшкере етеді.

Жалпы, бұл толғауда өзендердің аттары жиі қолданылған. Еділ мен Жайық қана емес, сонымен бірге:

Қараша, Құбан – қанды су,
Ақтөбе, Бозан – даңды су,
Үш өзен, Самар – жанды су, –

дегенде, бір кездегі соғыстардың хабары белгілі болады. Оны:



Бестерек, Еділ бетінен
Бұлдырған мен Бадашы,
Көп қалмақтың ішінен,
Бесешкі таудың шетінен
Билікті көуір алар деп,
Қараның ұлы Сидақтың
Қайғыланып көшкен жер, –

екенін білдіртеді.

Өзендердің бірі – қанды су, бірі – даңды су, енді бірі жанды су аталып тұрған себебі: бұл өзендердің бәрінде де атамекен үшін соғыстар болғанын жеткізгені. Сол суларды тіршілік көзі еткен халықтың тағдыры ойландырып-ған. Ақын айналасында болып жатқан жағдайды бағалай:

...Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны –
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны! –

дейді. Мұның бөрінің себебі:

Бәйіт еттім бұ сөзді
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын:
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Бұның бөрі адамнан, –

деген.

«Мұндай жағдайға кезіккен ел-жұрты не істеуі керек?! Ендігі жерде зеңбірегі жер қопарған, от оқты қаруы бар патшаның баскесер шапқыншыларына қарсы тұру, ел қорғау мүмкін болмай кетті... Қарсы тұрған талай боздақтар жер құшты, басы кесілді, айдалды, атылды...»¹, осылайша ойлана отырып, алдағы уақытта елді, халықты қалай сақтауға болады деп, іштегі мұңын поэзия арқылы жеткізген.

¹ Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, Санат, 2006, 672–673-беттер.



Асанқайғы бабамыз халқы үшін Жерұйық іздеп, жолға шыққан. Ал Мұраттың туған жерді «адыра қалғыр бұл қоныс» дегенін дұрыс түсіну қажет. Мұрат ақын да өз халқының тағдырына алаңдаған, сондықтан осындайды айтуға мәжбүр болған. Ақын өзінің ел-жұртын сүйгендіктен, қапа болған күйін:

Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін, –

деп қорытқан.

«ҮШ ҚИЯН» ТОЛҒАУЫ

Заманнан заман оралған,
Дүние, шіркін, соны алған –
Адыра қалғыр бұ қоныс
Қайырсыз екен озалдан.

* * *

Қайырсыз неге десеңіз,
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс –
Қалған екен солардан.
Біз де бір сондай болармыз,
Артық па едік олардан?!

* * *

Еділдің бойы – қанды қиян,
Жайықтың бойы – майлы қиян,
Маңғыстау бойы – шаңды қиян,
Адыра қалғыр Үш қиян!
Үш қиянның ара бойынан
Жеті жұрт кетіп жол салған.
Жеті жұрттың кеткен жер,
Қайырсыз болған неткен жер?!
Адыра қалғыр көк Жайық,

Көпір салып өткен жер,
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ, Мамай, Телағыс,
Шораның шұбап кеткен жер.

* * *

Тұлпар мініп, ту алған,
Дұшпанын көріп қуанған,
Алмасын қанға суарған,
Аруақты ерлердің
Абыройын төккен жер,
Керегесін кескен жер,
Кесіп, бұршақ еткен жер,
Ердің соңы – Исатай
Бармағын тістеп өткен жер!

* * *

Жеті жұрт көшіп кеткен соң,
Атамыз қазақ баласы
Қонып, мекен еткен жер.
Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,
Жүзден-жүзден нар байлап,
Дәулеті қалың біткен жер.



Аузы түкті көуірдің,
Басы шоқты қалмақтың
Қанын судай төккен жер.
Алма мойын аруын
Ерлерім олжа еткен жер.
Күндердің күні болғанда,
Таршылықта қалыңды,
Қайырсыз болған неткен жер?!

* * *

...Мыңнан-мыңнан жылқы айдап,
Ақтылы қойың өрген жер.
Шалқыған дәулет мол бітіп,
Қызығын жұртым көрген жер.
Емендей белін бүгілтіп,
Жібектей жалын төгілтіп,
Еріні төмен салынған,
Құйрығы күлте малынған,
Күдері бел, күпшек сан
Бедеу атқа мінген жер.
...Қысырақтай бөлген жер.
Күндердің күні болғанда,
Таршылыққа іліндің,
Жеті жұрт кетіп бүлген жер!

...Сары ала алтын, ақ күміс
Қарық олжаға батқан жер,
Алтыннан тұрман таққан жер.
Қырғауылдай қызыл нар,
Қыз-келіншек жиылып,
Қызықпенен артқан жер.
Айыр өркеш сары інген,
Кілем жауып үстіне,
Қыл арқанмен тартқан жер.
Мыңнан жылқы айдаған,
Жүзден нарды байлаған,

Салтанат түзеп мырзалар,
Тамашаға батқан жер.
Қайырсыз болып барады-ау,
Атамыз өткен Асан би
Мұны да құтсыз деп айтқан жер!

* * *

Мұның құтсыздығының белгісі:
Алтыатаның ар жағы,
Талөкпенің бер жағы,
Сақмардың бойын жайлаған,
Сарғая бие байлаған,
Ақсуда тайы ойнаған,
Еңсемді көуір басар деп,
Едіге бидің көшкен жер.

* * *

Қойды мыңнан өсірген,
Жылқыны санға жеткізген,
Арпа, қауын төктірген,
Жеріне жеміс ектірген,
Тоғыз жылдай сарғайып,
Қойына қошқар салмаған,
Еркегі қатын алмаған,
Қабыршақты, Қарасу,
Қанатымды залым қияр деп,
Қарға бойлы Қазтуған
Қайғыланып көшкен жер.

* * *

...Садағын сала байланған,
Астана жұртын айналған,
Жауды көрсе – жайнаған,
Жай тасындай қайнаған,



Мың қалмақты, кез келсе,
Айдарынан байлаған,
Көгендеп қойдай айдаған,
Қараша, Құбан – қанды су,
Ақтөбе, Бозан – даңды су,
Үшөзен, Самар – жанды су,
Бестерек, Еділ бетінен,
Бұлдырған мен Бадашы
Көп қалмақтың ішінен,
Бесешкі таудың шетінен,
Билікті көуір алар деп,
Қараның ұлы Сидақтың
Қайғыланып көшкен жер!

* * *

Алты жыл балшық бастырып,
Тоғыз жыл керіш соқтырып,
Сусынын шайға қандырып,
Хандығына жұртын нандырып,
Адыра қалғыр Аштархан,
Өз Жәнібек хан салдырып,
Ақылын көуірге алдырып,
Айласы құрып кеткен жер!..

* * *

...Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Маңғыстаудың үш түбек
Оны дағы алғаны.
Үргеніш пен Бұхарға
Арбасын сүйреп барғаны,

Қоныстың бар ма қалғаны?!
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны –
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны!

...Замана қайтіп түзелсін:
Қоңсыдан туған би болды,
Бұ сықылды күй болды,
Көрген жұртқа таң болды.
Азамат ердің баласы
Айдарына малы жоқ,
Топ көрерге зар болды.
Қара кісі хан болды,
Қоспақтан туған қортықша
Қатарға шығып нар болды.
Асылзада баласы,
Дәулеті кетіп қолынан,
Қоңсысына құл болды.
Асылсыздың баласы,
Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі пұл болды.
Замананың адамы,
Заманың мұндай сұм болды!

* * *

Мен қауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шая ма деп жүрегін,
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін.
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін!..





СӨЗДІК

Ақборық – сулы жерде өсетін жұмсақ, ақсүйрік тамырлы, қамыс тәрізді өсімдік.

Алмасын қанға суарған: бұл жерде алмас – қылыш, оны қанға суару жаудың қанын төгу дегенді білдіреді.

Даңды су – атақты, мәшһүр өзен дегені.

Қиян – аймақ, су жағасы деген мағынада айтылған.

Қоңсы – күнкөрісі нашарлау, әл-ауқаты аз адамдар, кірме.

Қоспақ – түйенің қазақы тәсілмен алынатын ұрпағы.

Қысырақ – үйірге қосылмай, құлындамаған бие.

Озалдан (көне түркі сөзі) – әуелден.

Тұрман – ер-тоқымның жабдығы.

Адам аттары:

Асанқайғы – қазақ фольклорынан белгілі кейіпкер. Қазақ хандығы құрылған кезде әз Жәнібек ханның замандасы болған деп болжанады.

Қазтуған – тарихта белгілі жырау.

Орақ, Мамай, Телағыс, Шора – тарихта болған батырлар.

Исатай Тайманұлы – 1836–1837 жылдары ұлт-азаттық көтеріліс ұйымдастырушы, Махамбеттің серігі.

Жер-су аттары:

Еділ – Волга өзені.

Сақмар – Жайықтың саласы.

Алтыата – Ресей Федерациясының Самар губерниясындағы жер аты.

Үргеніш, Бұхар – Өзбекстандағы қалалардың аты.

Аштархан – Ресей Федерациясындағы Астрахань қаласы. Қаланың атауы Әз тархан деген сөзден шыққан.





1. Мұрат Мөңкеұлы шығармаларының тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Мұрат Мөңкеұлы туралы кестені толтырыңдар:

Мұрат Мөңкеұлы туралы айтылған пікірлер	Мұрат Мөңкеұлының өмір жолы	Мұрат Мөңкеұлының толғаулары мен өлеңдері	Мұрат Мөңкеұлы айтысқан ақындар



1. Мұрат Мөңкеұлының толғауларының ішіндегі ең ерекшесі – «Үш қиян» толғауының мазмұнымен танысыңдар.
2. Толғауда не туралы жырланады?
3. Толғауда кездесетін жер-су атауларын дәптерлеріңе теріп жазыңдар, оларды Қазақстанның картасынан көрсетіңдер.
4. Қазақ әдебиеті тарихында зар заман ағымының туу себептері қандай жағдайлармен байланысты?



1. Ақынның:
 - Еділді тартып алғаны –*
 - Етекке қолды салғаны.*
 - Жайықты тартып алғаны –*
 - Жағаға қолды салғаны.*
 - Ойылды тартып алғаны –*
 - Ойдағысы болғаны, – деп зарлауының себебі неде?*
2. *Қараша, Құбан – қанды су,*
Ақтөбе, Бозан – даңды су,
Үшөзен, Самар – жанды су.

Асты сызылған сөздердің мағынасына тоқталып, олардың тарихы жайлы мәлімет жинаңдар.

3. «Үш қиян» толғауынан үзінді жаттаңдар.





1. Асанқайғы, Қазтуған, Орақ, Мамай, Телағыс есімдері толғауда қандай себеппен айтылады? Халықтың мұң-қайғысын жырлауда олардың қандай қатысы бар?
2. Мұрат Мөңкеұлының толғауының идеясын, тақырыбын Доспамбет, Қазтуған, Ақтамберді жыраудың толғауларымен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы айтып беріңдер.



1. «Үш қиян» толғауының тақырыбы мен идеясы қандай?
2. Зар заман ақындары шығармаларындағы ерекшеліктер мен заманға көзқарастары туралы айтыңдар.
3. Зар заман ақындары заманның бұзылу себебін неден, қайдан іздейді? Заманды түзеу жолдарын көрсете алды ма?



1. Мұрат Мөңкеұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін қандай ерекшеліктері бойынша жіктеуге болады?
2. Ақын шығармаларындағы тарихи адамдардың есімдері мен жер-су атаулары көп аталған, мұның себебі неде?
3. Хрестоматиядан «Үш қиян» толғауының қалған үзіндісін оқыңдар. Ақын заманның бұзылуына Патшалық Ресейдің отарлауының зардабынан басқа тағы қандай себептерді атағанына мән беріңдер.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Зар заман ағымы		
Мұрат Мөңкеұлының өмір жолы		
Шығармалары		



Тыңдау CD 2-1. Мұрат Мөңкеұлы. «Үш қиян» толғауы.
Орындаған: Манас Әділбаев



«САРЫАРҚА» ТОЛҒАУЫ ТУРАЛЫ

«Сарыарқа» толғауының шығу тарихы бар. Бір жылы жұт болып, Мұрат ақын атан түйеге жүк артып, Маңғыстауда тұратын нағашыларына жол тартқан. Ауылы бөлек болған соң, ол жақтағылар бір жиында Мұратқа тойбастарды жасатқылары келмейді. Сонда Мұрат ақын өзін келімсек деп кеміткендерге ызаланып, «Сарыарқа» толғауын айтқан. Оның ақындығына риза болған ақсақалдар той бастатпай-ақ, ақынға бөйгесін беріпті. Бұл жағдай 1880 жылы болған, яғни «Сарыарқа» толғауы айтылған уақыт осы.

Толғаудың «Сарыарқа» аталуы себебі де белгілі: маңғыстаулықтар Атырау жағын Арқа деп атаған¹. Сол үшін толғау «Сарыарқа» деп аталған.

Мазмұн жағынан бұл толғау «Үш қиянмен» үндес. Екеуінде де халық тұрмысының дұрыс болмай тұрған жағдайы баяндалған. «Үш қиянда» заман түзелместей бұзылды, енді құтты қоныс іздеу керек деген ойды ұсынса, «Сарыарқа» толғауында:

Қуалап Исатайды өлтірген соң,
Заманның содан бері тарылғаны-ай, –

деп, батырынан айырылған елдің көңіл күйін жеткізген.

«Үш қияндағыдай» бұл толғауда да тарихи адамдардың есімдері көп аталған. Өзінен бұрынғы дәуірде өмір сүрген Қазтуған, Асанқайғы, т.б. бұл мекеннен кеткенін айтса, ендігі жерде өзі білетін азаматтардың да кетуге мәжбүр болғанын жеткізген. Оны:

Бұ сөзді бөйіт еттім мұңданғаннан,
Заманға тура билік тыңдалмаған.
Қажы қашты Жалмұхамбет, Беркінменен
Өзінің кетем деген сертіменен.
Кіндігін, кірін жуып кескен жерден
Қысылмай ер кете ме еркіменен?! –

¹ Омаров Б. Байтақтан озып, бөйге алған / Мөңкеұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар, зерттеулер. – Алматы, «Ана тілі» баспасы, 2013, 255-бет.



Тірек сөздер



Жұт
Отарлық саясат
Құтты қоныс

деп жеткізген, яғни азаматтардың кетпеске амалы қалмаған жағдай бар екенін айтқан.

«Сарыарқа» толғауында патшалық отарлаудың зардабы анық бейнеленген. Батырлардың бірі айдалып, екіншісі өлтірілген. «Тоздырып ақсүйектің тағын да алды» дегенді айтуы – тарихи шындық. Патша өкіметі XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап хан билігін жойған, яғни орта ғасырдағы мемлекет түрі – Қазақ хандығын жойған.

Ақын толғауында сол шақтағы жағдайдың қиындығын айтумен бірге бұрынғы дәуренін сағынатынын да аңғартады. Бұл сағынышта туған жерімен мақтану да байқалады. Ол жеке өмірінің жақсы болғанын айтумен шектелмейді:

Төртқұдық, Тұзжағасы, Алдаберген, –
Қайран жұрт қонушы еді көлденеңнен.
Халқымның әр аулына түскен қонақ
Жылқыдай болушы еді көлге келген.
Әр уақыт елімді айтып зарығамын,
Сағынып қайран жұртты шөлдегеннен, –

деген. Осылайша Мұрат Мөңкеұлы зар заман ағымымен, болашаққа үміт артар сөуле көрмей, өткенді аңсайды. Бірақ, қалай болғанда да, ол халқының болашағы үшін толғанды. Халқын шын сүйгендіктен, оның тағдырына алаңдады.

Патшалық Ресейдің отарлауының қиындығын айтумен бірге:

Қоныстың бәрін жоғалтқан
Ноғайлы, қазақ надан жұрт
Бірлігінің де кемісі, –

деп, ел ішіндегі жағдайды да сынап өткен.

«Сарыарқа» толғауы – нағашыларының аулындағы шағын ренішке жауап қайтару емес. Бұл Мұрат Мөңкеұлының ақын ретінде де, азамат ретінде де абыройы биік тұлға екенін танытатын құнды шығарма болып шыққан. Өйткені бұл толғауда халықтың бір дәуірдегі тұтас тарихы бейнеленген.



«САРЫАРҚА» ТОЛҒАУЫ

...Замана қауіп етем қырланғаннан,
Қазақты айналдырды Сырды алғаннан.
Ақырып асау тайдай Орал суы
Кешегі Бекқожа мен Тұрланды алған.
Ерлігі ер жігіттің Өтендей-ақ
Мұны да қате қылды бұлғаңдаған.
Бұрынғы кеткен жұрттың әдетінше
Адыра, құтсыз қоныс кімді алмаған?!

Бұ сөзді бәйіт еттім мұңданғаннан,
Заманға тура билік тыңдалмаған.
Қажы қашты Жалмұхамбет, Беркінменен,
Өзінің кетем деген сертіменен.
Кіндігін, кірін жуып кескен жерден
Қысылмай ер кете ме еркіменен?!
Бұрын да, адыра қалғыр, құтсыз еді
Егескен ердің бәрі жер тіреген.
Қонысқа таласасыз бұ заманда,
Біз түгіл, Асанқайғы тентіреген.

Бұл сөзді бәйіт еттім мұңданғаннан,
Заманға тура билік тыңдалмаған.
Шұбырып сексен үймен Алдаш кетті
Кәпірдің қорлығына тұлданғаннан.
Шұбырып сексен үймен Алдаш кетті,
Тоздырды Сырда шауып Қаныбекті.
Ерлігі бір жігіттің Дәуіттей-ақ
Өлтіртті ол да орысқа ер Бөлекті.
Мақтанса үш Алшынның салмағындай,
Сырттағы Тілеу, Қабак, қалың Шекті.
Артынан көп әскермен Мәмбет қуып,
Әкелді Орынборға ер Есетті.
Бұл сөзді біреу айтса, нанбас едік,
Көзіміз көріп туды сол өсекті.



Өуелі Өлім менен Табынды алды,
Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.
Өленді Күсеппенен Сібірге айдап,
Бұ жұрттың қара түгіл ханын да алды.
Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы.
Тағынан хан тайған соң, бақыты қалды.
Ұршықты, Қарашоқы, Бөкі, Балқы,
Машырық, Теке, Сарық, Мәрі

халықты да алды.

Баласы мұсылманның нашарланды,
Кең қоныс қайдан іздеп таптырады?

Бұ жерден дін мұсылман жеті кетті,
Біреуі екі келіп, екі кетті.
Кеткен жұрт жетеу емес, алтау еді,
Біреуін екі санап, жеті депті.
Өуелі осы жерден ноғай кетті,
Баласы мұсылманның нобай кетті.
Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай
Өрі өтіп, Тесіктаудан солай кетті.
Артынан Телағыс пен Нөрік кетті,
Өзіне ерген жұртын алып кетті.
Жер қарап, он екі жыл желмаямен
Асан би жердің үстін танып кетті.
Ақыр да қыл жалаулы қалмақ кетті,
Қуалап Дәулеткерей солдат кетті.
Су қарап он екі жыл қайықпенен
Асан би жердің үстін барлап кетті.

Жылады көшерінде шайқыларың,
Қайғының сонда біліп айтыларың.
Қонысты жұрттан қалған «Менікі» деп,
Бұ күнде ие болған қайсыларың?!

Артынан қазақ жұрты кетем деген,
Соңынан Асан бидің жетем деген.
Айтса да, кетем деп ол, кете алмаған,



Соңынан Асан бидің жете алмаған.
Саураннан Тезен тауға қайта көшіп,
Өрі өтіп, Тесіктаудан өте алмаған.

Бү жерге сонан қайтып қазақ қонған,
Әдірө талай жұртқа азап болған.
Бас қосып Кіші жүздің ақсақалы
Бойынан Үш қиянның қарап қонған.
Екі адам қарай шыққан ауылынан,
Кеңесіп Әлімұлы, Байұлынан.
Көзіммен көргенім жоқ ешбіреуін
Естимін бұрынғының дабылынан...

...Тайсойған, Орал бойы – өскен жерім,
Кіндігім, кірім жуып, кескен жерім.



СӨЗДІК

Алшын, Беріш, Тілек, Қабак, Шекті, Табын – Кіші жүздегі рулардың аттары.

Бәйіт – өлең.

Қыл жалаулы қалмақ – 1771 жылы Еділ-Жайық арасындағы қалмақтардың Қытайға қашқанын айтқаны.

Адам аттары:

Нәрік¹ – тарихта болған батыр.

Жер-су аттары:

Орынбор, Тайсойған – жер аттары.

Орал суы – Жайық өзені.

Тезен – Түрікменстандағы Теджен деген суды айтқан.

Тесіктау – Ауған еліне баратын жолда.

Ұршықты, Қарашоқы, Бәкі, Балқы, Машырық, Теке, Сарық, Мәрі – түрікмен жерлерінің аттары.

¹ Толғауда есімдері аталған батырлардың бәрінің есімдерін сөздікте түгел беру мүмкін болмады, сондықтан Мұрат Мөңкеұлының шығармалар жинағына жазылған түсініктерді қосымша қолдануға болады.



Құрбымен жағаласып бірге жатып,
Жарты құрт тату күнде жескен жерім.
Тайсойған, Орал бойы – өскен жерім,
Қызығын дәулетінің білген жерім.

Ат мініп, мырзалардан нар жетектеп,
Қызылын әуестікке киген жерім.
Қиғаш қас, оймақ ауыз, бал тамақты
Күнінде асаулықтың сүйген жерім.
Қой сойып, үй басына ойын қылып,
Жиылып жүруші еді қыз бен келін.
Шалқыған тасқан судай көңілін басып,
Біреуге пенде болды кербездерім...



1. Толғау неліктен «Сарыарқа» деп аталған?
2. Сарыарқа жерін Қазақстанның картасынан көрсетіңдер және толғаудағы Сарыарқа қай өңірде екенін анықтаңдар.
3. «Сарыарқа» толғауының шығу тарихы қандай?

Толғауда кімдердің есімдері аталады?	Толғаудан үзінділер келтіріңдер.	Бұл үзіндіде ақын не айтқысы келеді?

4. Толғауда қазақ елінің қандай тағдыры суреттелген?



1. Қазақтың тағдыры айтылған толғауда түрікмен жерінің атауларының қолданылу себебі неде?
2. *Ел едік біз де өзіңдей шалықтаған,
Мал бітіп, қалың қара қалыптаған.
Ақты қой, қылаң жылқы, қып-қызыл нар,
Тең ауды төрт түлік мал шауыттаған,* – деген жолдарда ақын нені аңсайды?





1. Ақын елі мен жерін сипаттауда қандай көркемдегіш сөздерді пайдаланған?
2. Өлеңде кездесетін ру аттарының жергілікті өлкемен қандай байланысы бар? Қазақтың үш жүзінің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) Қазақстан жерінде орналасуының қандай ерекшелігі бар?



Ақынның екі толғауына сипаттама беріңдер? Толғауда қандай жер-су атаулары мен қазақ рулары және белгілі тұлғалар аталады?

«Үш қиян»

Ортақ атаулар

«Сарыарқа»



Толғау бойынша төмендегі кестені толтырыңдар.

Қандай мәселе көтерілді?	Жырдан үзінділер	Бұл үзінділерден не түйдіңдер?



1. Ақын елінің келешек тағдырын зарлана жырлады. Ақынның мұңы мен зарындағы айтылғандар орындалды ма? Өз пікірлеріңді білдіріңдер.
2. «Халқымның салтанаты еске түссе,
Жүрегім өртенеді оттай жайнап». Болашақта еліңе не істей аласың, өз жолдастарыңның іс-әрекеттері жайлы эссе жазыңдар.





ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Толғауда:

*«Төртқұдық, Тұзжағасы, Алдаберген, –
Қайран жұрт қонушы еді көлденеңнен.
Халқымның әр аулына түскен қонақ
Жылқыдай болушы еді көлге келген»*

деген жолдар бар. Осындағы соңғы екі жол нені білдіреді?

- а) ауылда жылқының көп болғанын айтқаны;
- ә) жылқының көлден су ішетінін айтқаны;
- б) әр ауылда молшылық болғанын айтқаны;
- в) қонақтар жақсы жағдайды көріп, риза болғандарын айтатын еді дегені.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды... Мұрат мақтау өлең айтып, мал таппаған адам. Заманындағы ұлықтарға шығарған асқақ сөзі көп. ...Мұраттың өлеңмен мақтаған кісінің бірі – Сырым батырдың немересі Қазі ұлы Омар. Бұнда да Омардың өзінің аталарының елге еткен жұмысын мақтайды.

(Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі», 1991. 102-б.).




ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Мұрат Мәңкеұлының толғауларын оқығаннан кейін қандай әсерде болдыңдар? Біздің дәуірде зар заман бағыты өмір сүруі мүмкін бе? Осы туралы ойларыңды жазыңдар.



ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ



Шәкәрім Құдайбердіұлы
(1858–1931)

Шәкәрім Құдайбердіұлы – ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Ол 1858 жылы Шыңғыс тауының бөктерінде, Семей өңірінің Абай ауданында дүниеге келген. Осы жер атауының өзі оның дана Абай Құнанбайұлына туыстығын танытады. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған. Сондықтан Шәкәрім – Абайдың немере інісі болады.

Шәкәрім жеті жасқа келгенде, әкесі Құдайберді қайтыс болған. Бұдан кейін ол атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болды, кейін Абайдың айналасындағы шәкірттермен бірге ақындыққа, азаматтыққа бағыт алған. Оның өзі: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң, сол кісіден тағылым алып, өртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім», – деп жазған. Ұлы Абай Құнанбайұлының үлгісін көрген ол араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы екі ғасырдың түйіскен кезіндегі елімізде болған барлық тарихи оқиғаларға куә болды. Ақын өлеңдерін оқи отырып, халқымыздың басынан өткен тарихын көргендей боламыз. Сонымен бірге оның өзінің де бейнесін, тұлғасын сезінеміз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларының көбі 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген. Мәселен, «Түрік, қырғыз һәм ханлар шежіресі» және «Мұсылмандық шарты» Орынборда 1911 жылы жарияланды. «Қазақ айнасы» атты өлеңдер жинағы, «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек» («Жолсыз жаза яки кез болған іс») поэмалары, «Үш



анық», т.б. Семейде 1912 жылы жарық көрді. «Айқап», «Қазақ» газеттерінде біршама мақалалары басылды.

Кеңестік дәуірдің бас кезінде біраз шығармалары жазылып, баспадан шықты. Дегенмен, кеңестік дәуірде оның шығармалары халыққа толық ұсынылмады. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектері толығымен өзінің құрметті орнын, бағасын алды.

Шәкәрім шығармашылығының басым көпшілігі – поэзия. Оның поэзиясы мазмұнға бай әрі көркем. Ол ақын міндетін жоғары бағалаған. Мұны:

Өлең айт дарын өрге өрлегендей,
Сезімді қозғап, тәтті ой кернегендей.
Жанды сөз бойды ерітіп, маужыратып,
Өлдилеп, жыр бесігі тербегендей.
Үйіріліп көкейіне ұйып жатсын,
Тазартып жүрек кірін жуып жатсын.
Қаңсыған шөл даланы қанықтырып,
Жыр тасып дариядай құйып жатсын, –

деп жеткізген. Ақынға қойған талабы жоғары, өзі де осы биік талаппен жазған. Ол Абайдың ақындық дәстүрін, азаматтық, қайраткерлік ұстанымын үлгі етті. Абай Құнанбайұлы негізін қалаған реалистік дәстүрді орнықтыруға үлес қосты.

Ұлы ақынның ұстанған ағартушылық бағытына да берік болды. Оның «Жастарға», «Насихат», «Сынатарсың өзіңді», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Ғылымсыз адам – айуан», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» деген өлеңдері – осының дәлелі.

Расында да, ақын поэзияда көп еңбек сіңіріп, өлең де, поэма да жазды. «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» өлеңінің сөзі де, әуені де адам жүрегін баурайды. Бұл ән, шынында да, көркемдіктің ұраны сияқты қабылданды.

Өзі бала кезінен естіп-білген жағдайды поэмаға айналдырып, атақты «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек» атты поэмаларын жазды. Халық тағдыры Шәкәрім шығармашылығындағы арналы тақырып болып саналады. Ол әр шығармасында адамгершілік мәселесін ту етіп ұстады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы тек поэзиямен шектелмеген. Оның «Бәйшешек бақшасы», «Қайғылы роман» деп атаған т.б. шығармалары бар. Шығармаларының сюжеті мазмұнға бай. Кейіпкерлерінің психологиялық ерек-



шеліктері шеберлікпен суреттеледі. Оларды диалог, монологтар арқылы, тіл байлығын молынан пайдаланудың арқасында әсерлі жеткізіп, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерді.

Ал «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» деген еңбектері – мазмұны терең ғылыми жазбалар.

Шөкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен мұрасын зерттеуде, ең алдымен, Мұхтар Әуезовтің, Ысқақ Дүйсенбаевтың және ақынның өз баласы Ғабдулаханың (Ахаттың) еңбектері зор болды.

«ЕҢЛІК – КЕБЕК» ПОЭМАСЫ ТУРАЛЫ

«Еңлік – Кебек» поэмасы – Шөкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығындағы жаңа биік белес.

Бұл поэманың басты кейіпкерлері Еңлік пен Кебек – армандарына жете алмаған қос ғашық. Олар туралы аңыз, әңгімелер XVIII ғасырдан бастап ел арасында айтылатын. Ең алғашқы жазба дерек 1892 жылы «Дала уәлаятының газетінде» «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген тақырыппен жарияланған. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы Шөкәрім Құдайбердіұлына осы ел ішінде тарихи оқиға ретінде баяндалатын жағдайды жаңаша жазуды тапсырады. Жазылу мезгілі – XX ғасырдың бас кезі, ол 1912 жылы Семейдің «Жәрдем» баспасынан «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген атпен жарық көрді.

Поэманың кіріспесінде автор халықтың басынан өткен «Ақтабан шұбырындының» кезінде халықтың ауа көшкен жағдайын баяндайды. Шөкәрім Құдайбердіұлының осыны жазуынан оның тарихты жақсы білгені байқалады.

«Еңлік – Кебек» поэмасында Кебектің бейнесі батыр сипатында сомдалған. «Ол Кебек мықты болған жас басынан», «Жасы бала болса да, жаны отты деп», «Он бесінде Кебектің аты шықты, Атты, жаяу – бөріне бірдей мықты» деп таныстырған, яғни Кебек – батыр. Елдің қамы үшін жанын беруге дайын Кебек өзінің болашағын атақты Нысан абызға болжатады. Сонда «Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан; Батырым, ондай жанға көңіл бөлме», – дейді. Кебек пен Еңлік бір-бірімен танысып, ғашық болады. Кейбір адамдардың тым қаталдығынан үңгірді паналауына тура келеді. Бірақ бөрібір өлтіретіндерін білген соң, Еңлік үш тілегін айтады. Ол:



Кебекпен мені азғана арыздастыр,
Өлген соң, бірге қосып, таспен бастыр.
Мына бала – Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр, –

деген тілектерін айтады. Еңліктің үш тілегін береді. Дегенмен, нәрестенің тағдыры басқаша болды. Сондықтан Шәкәрім Құдайбердіұлы:

Надан жұрттың болады діні қатты:
Қабекеңе тапсырмай аманатты.
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала
Шырқырап, күн батқанша жылап жатты.

Жуантаяқ баланы түнде білді,
Түн ішінде жиылып, атқа мінді.
Таң ата келіп іздеп, таба алмады,
Қисыны – біреу ұрлап кеткен сынды, –

деп, бұл оқиғаға өз бағасын берген. Қос ғашықтың тағдырын айтумен бірге ақын надандықты, қаталдықты сынаған.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Еңлік пен Кебек оқиғасын Абай өзінің екі шәкіртіне поэзия жанрында жаздырған. Оның бірін – Шәкәрім Құдайбердіұлы, ал екіншісін Абайдың ұлы Мағауия жазған.

* * *

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында Еңлік пен Кебекке арналған ескерткіш орнатылған.



Еңлік пен Кебек ескерткіші.
Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы



«ЕҢЛІК – КЕБЕК» ПОЭМАСЫ

Әңгіме алдындағы аз сөз

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді-өшті, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Ақыл деген – денеге егулі дән,
Суғарылса кіреді оған да жан.
Ақылдың өсіп-өніп зораймағы –
Көрген, білген нәрседен ғибрат алған.

Есітіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,
Өткен істен адамзат бір үлгі алмақ.
Қызықпақ не жек көрмек, жиіркенбек,
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.

Ақылдың кей іс жауы, кей іс досы,
Бұл екі істен болмайды өмір босы.
Досыңды жау, дұшпанды дос көрсетіп,
Көзді байлап, нәпсінің қылғаны осы.

* * *

Қалмақ жеңіп, қазақтан алған кегін,
Қалқаман қиссасында жазып едім.
«Мың жеті жүз жиырма үшінші жыл»
Ақтабан шұбырынды болды» – дедім.

Сырдан қалмақ қуған соң біздің елді
Күні-түні шұбырып Шуға келді.
Табан тиіп жүре алмай, халі құрып,
Сұлап жатты айнала Саумал көлді.

Сонда Шақшақ Жәнібек сөз сөйлепті:
«Балалар! Осы жолды ұмытпа, – депті, –

Тірек сөздер



Абыз
Батыр
Қос ғашық
Салт
Үш тілек



«Ақтабан шұбырынды» – мұның аты,
Құдай қосса, алармыз біз де кекті!»

Сол жерде тамам қазақ жыласыпты,
Құдайдан артып бер деп сұрасыпты.
Тыныққан соң қалмақтан кек алуға,
Сөз байлап уағдамен ұнасыпты.

Арғындар сол көшкеннен көше берді,
Батырлары жер шалып, қоныс көрді.
Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,
Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.

Орнығып қалың Арғын сонда қалды,
Жеті Момын олардан өте салды.
Ор, Елек, Ойыл, Қиыл қыстамақ боп,
Жаз жайлауға Мұғаджар тауып алды.

Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,
Әбілқайыр хан еді мінген таққа.
Мың жеті жүз отыз бір шамасында
Орысқа уағда берген қарамаққа.

Соны естіп Жеті Момын қайта ауыпты,
Орыстан көреміз деп бір қауіпті.
Мұғаджардың күншығыс жағына өтіп,
Ырғыз, Торғай дейтұғын жер тауыпты.

Сол жерде жайлап, қыстап жатып алды,
Қалмақтан барымталдап жиды малды.
Ұлы жүзде үлкен хан Әбілмәмбет
Қалмақпен соғысам деп хабар салды.

Орта жүзден де аттанды Сәмеке хан,
Үш жүзден жиылыпты бірталай жан.
Шеп құрып қара-қарсы соғысқанда,
Қазақ жеңіп, қалмақтан кегін алған.



Сол соғыс – хан Абылай келген кезі,
Қалмақтың сыбағасын берген кезі.
Керек болса оқыңдар шежіремнен,
Жазылған сонда анықтап түгел сөзі.

Сонан кейін қалмақты қазақ қуған,
Жиылып шаба берді ойдан, қырдан.
Тарбағатай, шығыстың жан-жағында
Көшпелі көп қалмақ бар бұрын тұрған.

Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
Нұржайсын, Шәуешектен өте қашқан.
Ата қоныс – Арқаны босатып ап,
Қазақ келіп, қалмақтың орнын басқан.

Қалмақты шабысуға Матай келген,
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.
Барған соң Жеті Момын жақсысына,
«Хан Шыңғыс босады» деп хабар берген.

Момынның жартысы айтқан барамыз деп,
Ата қоныс Шыңғысты аламыз деп.
Атығай, Қарауыл мен Бәсентіін
Көшпепті біз осында қаламыз деп.

Туысқанын қия алмай жүр деп сен де,
Көп айтқан Кеңгірбай мен Қараменде.
Бос тұрған соң Шыңғысқа Матай қонған,
Біздің ел өне-міне деп жүргенде.

Тобықты, Қанжығалы көшкен сонда,
Өзге Момын көше алмай қалған онда.
Шыңғысты Матай алды дегенді естіп,
Қанжығалы қалыпты орта жолда.

Келгені Тобықтының осы маңға
Мың жеті жүз сексенге тақалғанда,



Елді бастап әкелген Матай батыр
Орда, Көкен, Ащысу, Доғалаңға.

Әр топта да батыр бар некен-саяқ,
Сүйтсе де батыры көп Жуантаяқ.
Қырды алып, Бөктерге таласыпты,
Матай-Сатай дегенді тыңдамай-ақ.

Қабекең де өрлепті Шидің бойын,
Шөбі шүйгін жер ғой деп малға тойын.
Кейде жау боп Матаймен, кейде бітіп,
Есі-дерті Шыңғыста, айтпады ойын.

Қалқаман мен Мамырды жаздым бұрын,
Оқығандар, байқадың оның сырын.
Енді айтамын Еңлік пен Кебек сөзін,
Тағы сынап көріңіз мұның түрін.

* * *

Ту тіккен Тобықтының қос басшысы –
Жуантаяқ Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің
Бар екен Кебек деген бір інісі.

Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
«Жасы бала болса да, жаны отты» деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан.

Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу бөріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.

Ел қамы үшін өлуге жанын салып,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.



Жауға батыл, жақынға жөне әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап.

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын дәулескер бақсының өзі нағыз.
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз.

Кебек батыр өз бақытын сынамаққа,
Әдейі іздеп келіпті балгер жаққа.
Оңашада жалынды абызға кеп,
«Бал ашып бер, – деді де, – біздің баққа»:

«Ей, абыз! Аш балыңды, қобызыңды тарт,
Алар ақың бар болса, мойныма арт.
Балыңа не түссе де, жасырмай айт,
Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт».

«Шырағым, бал аштым деп мал алмаймын,
Ол үшін саған ақыл сала алмаймын.
Жаман айтсам, жабығып қала көрме,
Жынның сөзін жасырып қала алмаймын».

Соны айтып, қобыз алды Кебекке арнап,
Шақырды жындарының атын зарлап.
Қара қалмақ Қорқыттың күйін тартып,
Қобызына ән қосып кетті сарнап.

Темір масақ жабырлап тұр сылдырлап,
Екі көзі бақсының тым бұлдырлап.
Ындын қойып тыңдасаң сарнағанын,
Сақтанбасаң, алғандай ақылды ұрлап.

Мұңлы қоңыр дауысы шықса зарлап,
Ықтиярсыз кетеді бой шымырлап.
«А» дейді де, тыңдайды анда-санда,
Құлағына кеткендей жын сыбырлап.



Екі көзін қан жауып, өңі қашып,
Сұп-сұр болып, алартып көзін ашып.
Шүлдір-шүлдір сөйлесіп жыныменен,
Өзін-өзі тоқтатты өзер басып.

Нысан абыз қысылып батқан терге,
Қарады да сөйледі Кебек ерге:
«Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан,
Батырым, ондай жанға көңіл берме.

Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр,
Жын, шіркін, осылай деп айтқызып тұр.
Қара жартас түбінде кез келеді,
Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр.

Әдейі іздеп бармассың, кез боларсың,
Кез болсаң, алыс емес, тез боларсың.
«Сақтыққа қорлық жүрмес» деген бар ғой,
Сақтанбасаң, артқыға сөз боларсың».

Оны есітіп Кебек кетті өз жайына,
Батса да балгер сөзі шымбайына.
Ойланбай, біржолата кетті ұмытып,
Деді де: «Жынның сөзін тыңдайым ба?»

* * *

Мұнан кейін азырақ заман өтті,
Салқын түсіп, қар жауар мезгіл жетті,
Қарашаның алғашқы қары жауып,
Кебек батыр құс алып аңға кетті.

Қойтастан бір түлкі алды інге тығып,
Ойлады кетейін деп Ханға шығып.
Сонарда ізге түсіп келе жатса,
Бір түлкі және қашты жатқан бұғып.



Қамшылап күрең атты жамбасына,
Түлкіден бұрын шықты Хан басына.
Жел шығып, боран болып кеткен екен,
Аң қуған аңғал батыр аңдасын ба?!

Құс түлкіні көрген соң кетіпті ұшып,
Бір жерге жарқ-жұрқ етіп қалды түсіп.
Бораннан байқай алмай өтіп кетті,
Түлкіні жатса дағы бүркіт қысып.

Таба алмай олай шауып, бұлай шауып,
«Құсымнан айырылдым» деп қылды қауіп.
Құс әбден түлкіні жеп тойған кезде,
Алыпты күн батқан соң әзер тауып.

Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды,
Аяң-бұяң еткенше түн боп қалды.
«Ел жатпай бір ауылға қонайын» деп,
Шыңғыстың бөктерімен қайта салды.

Бораннан байқай алмай барар бетті,
Түн ішінде адасып Кебек кетті.
Осы Хақан өзеннің аяғында
Қыстаған бір Матайға келіп жетті.

Белдеуге атын байлады Кебек сері,
Боз қырау бұрқыраған аттың тері.
Осы күнгі Боқтыбай қыстап жүрген
Қара жартас – Кебектің келген жері.

Сол үйге кіріп келсе «кеш жарық» деп,
Жатпақ түгіл болған жоқ тамағын жеп.
Ол кезде шай болмайды, сусыны – құрт,
Ұсынды қарсақ жон қып езіп әкеп.

Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала,
Бар екен бір бойжеткен қызы және.



Киіз үй, малды айнала шарбақ қорған,
Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

Құрт ішіп әбден көңілі жайланған соң,
Бекітіп шарбаққа аты сайланған соң,
Үй иесі қонақтан жөн сұрады,
Асын жеп әңгімеге айланған соң.

Кебек айтты: «Аң қуған Тобықтымыз,
Мен Кебекпін дегенмен білемісіз?».
«Атым – Кебек» дегенде жалт қарады,
Бағанағы айтылған бойжеткен қыз.



СӨЗДІК

Абыз – аса білгір, дана.

Тобықты – Орта жүз Арғын тайпасының руы.

Жуантаяқ – Тобықты руының ішіндегі бір ата.

Адам аттары:

Кебек – батыр туралы тек аңыздар ғана жеткен, жеке өмірі туралы мәлімет сақталмаған.

Нысан абыз – бұл да солай, аты ұмытылмай, ұрпақтарға жеткен, өмірі туралы мәлімет сақталмаған.

Қабеке – Кеңгірбай биге қойылған ат. Оны атақты бидің есімін тура атамай, құрметпен атау деп те қабылдауға болады.

Жер-су аттары:

Ақшоқы – Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының солтүстігіндегі таулы мекен, Абайдың қыстауы орналасқан.



Әдебиет теориясы

Поэма (грек. роіема – туынды, шығарма) – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма.

Монолог – әдеби шығармаларда кейіпкердің ішкі жан тебіренісін, көңіл күйін білдіретін, яғни өз-өзімен сырласа айтқан сөздері.

Мінез – адамның ішкі болмысы, адамның шығу тегіне ғана байланысты емес, сонымен бірге белгілі бір қоғамдық жағдайлар да мінездің қалыптасуына ықпал жасайды.

Мінездеу – ақын-жазушылардың әдеби кейіпкерлерді дара бейне жасау үшін қолданатын суреттеуі. Оны екі түрде жасай алады. Бірі – тура мінездеу, мұнда кейіпкерге адамдарға тән мінез-құлықтарды тікелей таңу арқылы танытады. Ал жанама мінездеу адамның мінезін көрсету үшін басқа бір заттармен, құбылыстармен салыстыра суреттеу арқылы жасалады.

Пролог (гректің prologos – алғы сөз) – көркем шығармадағы кіріспенің бір түрі. Ол шығармада баяндалатын оқиғаның мазмұнын, идеясын ашуға көмектеседі.



1. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмір жолы мен шығармашылығы туралы айтып беріңдер, оны тірек сызба арқылы көрсетіңдер.
2. «Еңлік – Кебек» поэмасының жалғасын хрестоматиядан оқыңдар. «Еңлік – Кебек» поэмасының мазмұнымен таныс болыңдар.
3. Шығармадағы салт-дәстүрлерге (атастыру, қыз айттыру, бата беру) түсінік беріңдер.



1. Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасаңдар.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Дәлелдеме
1	Оқиғаның басталуы	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	



2. Поэма сюжеті бойынша тартыстың себебі неде?
3. Қос ғашықтың қосылмауына не себеп болды, кімдер кінәлі?
4. Шығармадағы пролог, эпилогтарды анықтаңдар.



1. Поэма кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Абыз	Кеңгірбай би	Кебек	Еңлік	Рубасылар

2. Поэмадағы көркемдегіш құралдарды тауып жазыңдар.



Мына үзінділерде Еңлік пен Кебек сөздерінен нені аңғаруға болады? Өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

Кебектің сөзі	Еңліктің сөзі	Сенің көзқарасың
Артқы өмірді өзір біз қоя тұрып, Ойнап-күлсек қайтеді біраз заман?	Қыздан сорлы бола ма бұл жалғанда, Кез болмаса өзінің сүйер теңі?	
Жас түзеліп, түрленіп ержетпей ме? Бойындағы балалық бір кетпей ме? Асыққандық емес пе мына сөзің, Жақсы әйел жаман ерді түзетпей ме?	Мені де кедей емес, байға берген, Күйеуім өткен жазда ұрын келген. Қасына жатпақ түгіл жуымадым, Білген соң шіріктігін келген жерден.	
Соғысқа сылтау таппай отырғанда, Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны.	Ойын емес, өмірлік жолдасым деп, Беремісің уәде, Кебек батыр?	



1. Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Кеңгірбай бидің шешімімен келісесіңдер ме? Сендер қандай шешім қабылдай едіңдер?
3. «Еңлік-Кебек» поэмасын «Қыз Жібек» жырымен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетіңдер.





1. «Еңлік-Кебек» поэмасы – мәңгілік ескерткіш» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
2. «Еңлік пен Кебек тағдыры және менің ойым». Осы тақырыпта пікір-талас ұйымдастырыңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Поэмадағы баланың тағдыры не болды екен? Егер мен автор болсам, шығарманы қалай аяқтар едім?



Тыңдау CD 2-2. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Еңлік – Кебек» поэмасы.
Оқыған: Ұлдана Құдайберген

«ЖАСТАРҒА» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңі 1879 жылы жазылған. Бұл өлеңді ақын Абайға арнаған. Ал бұл кезде Абай небәрі отыздан жаңа асқан. Сонда Шәкәрім Абай Құнанбайұлының кемеңгер, дана адам екенін бірден сезгенін байқаймыз. Өйткені Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдың тәрбиесінде болғандықтан, оның айтатын ақыл-кеңестерінің пайдасын қасында жүріп білген. Туыс болған соң, жақын араласып, өмірдегі барлық жағдайда оның үлгісін көрген. Сондықтан басқа да жастар Абайдың ақыл-парасатын білсін деп, үлгі еткен. «Жастарға» деген осы өлеңінде Абайды өзіне де, өзге жастарға да дұрыс бағыт сілтеуші, жолбасшы ретінде ұсынған.

Шәкәрім ақын әуелі жастардың өзімен ақылдасқандай:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық, –

дейді. Сосын:



«Жалыналық Абайға, жүр, баралық!» – дейді. Ол Абай ақынды жақсы таныған, сол үшін:

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді.
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан, –

деді. Осы шумақтағы саудагер деген сөзін дұрыс түсіну керек. Абай – ақыл иесі, ол өзінің білімін береді, Шәкәрім сол білімді алу керектігін айтқан. Оны саудагер деу осы мағынада айтылған. Егер өзің білімді болғың келсе, Абай оған қуанады, ешқандай ақы сұрамайды. Оның бар үміті жастар екенін жеткізген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің өлеңдері арқылы ұлы Абайдың өнегесін жалғастырған. Айла, өтірік, арсыздық өнер емес екенін айтып, жаман әдеттерден арылуға шақырған.

ЖАСТАРҒА

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал, енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік.

Тірек сөздер



Данышпан
Үміт
Білім



«Көп қуға көзіңізді сүзбе» делік!
«Ұқпас деп бізден үміт үзбе» делік!
«Залымдар заң үйретіп адастырды,
Бізді сал жөнделерлік ізге» делік!

Тапқан іске таласпай, шын көнелік!
Жұртқа күлкі болмалық, жөнделелік!
Арамдықпен, алдаумен күн өткізбей,
Өтірікке өлгенше, шынға өлелік!

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Өртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Құрбыласы қулық пен айла баққан,
Олардан алдамшы деп көңілі қайтқан.
Енді бізге ақылын көрсетіп тұр,
Алушы жоқ па екен деп жастар жақтан.

Алмасақ үміт үзер тағы жастан,
Өлсек те, ұмтылалық осы бастан.
Өткізе алмай, еліне қайтса көшіп,
Қаламыз асыл түгіл ине алмастан.

Қой, ойлалық, шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой өз еліне сата алмастан.

Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан,
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.
Абай кетсе, осы елде кім қалады,
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.



Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық,
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Үлкендерде мінез жоқ таңданарлық,
Олардың қылған ісі – ұрлық-қарлық.
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.
Амалы жоқ, айналды енді бізге,
Күн туды етегіне жабысарлық.

Пұл асылы табылса, қолға алалық,
Кісі емес ескерусіз бос қаларлық.
Күнде осындай табылмас бізге басшы,
Күн болса кейінгіде қозғаларлық.

Ақыл, білім осындай ар жақтарлық,
Айласыз, өтіріксіз жан сақтарлық!
Үзіп-жұлып ұятсыз атанбай-ақ,
Ақылмен жол табалық ел бастарлық!

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,
Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық?
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,
Өзгедей надан емес адасарлық.



СӨЗДІК

Пұл асылы табылса – бағалы нәрсе табылса дегені.

Күсіп – күсу – түңілу.



Әдебиет теориясы

Перифраз (гр. periphrasis – айналым) – құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып, ауыстыру тәсілі. Перифраз мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. Мысалы, түйені – «шөл даланың кемесі», тоқылдақты – «орман емшісі» деп атау перифраз тәсілі болады.



1. «Жастарға» өлеңінің мазмұнымен танысыңдар.
2. Шәкәрім не себепті Абайдан өнеге, үлгі алуға шақырады?



1. Өлеңнің толық нұсқасын оқып, ақын өлеңіндегі жастар келбетіне тірек сызба жасаңдар.



2. Өлеңдегі Абайдың жастарға беретін ақыл-кеңестерін өлең жолдары арқылы түсіндіріңдер.



1. Өлең жолдарында ақынның *табалық*, *көнелік*, *жөнделік* деген тұлғадағы сөздерді ұйқас түрінде қолдануы өлеңнің көркемдігіне қандай әсер беріп тұр?
2. Шәкәрімнің Абай дәстүрін жалғастырушы екенін дәлелдеңдер.
3. Өлеңде Шәкәрім жастарға қандай жаман әдеттерден аулақ болып, қандай жақсы әдеттерге үйір болу керектігін айтады?





Қой, ойлалық, шатылып, шатаспастан,
Оңамыз ба Абайдан бата алмастан?
Асыл алсақ, асылын аямайды,
Келді ғой өз еліне сата алмастан, – деген шумақтан бата алу, асыл алу тіркестеріне түсінік беріңдер.



1. Өлеңнің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Өлеңнің жанрлық ерекшелігіне, құрылысына әдеби талдау жасаңдар.
3. Өлеңде автор бейнесі қалай көрінеді?



1. «Менің жастық шағым қалай өтіп жатыр?» деген тақырыпта ойтолғау жазыңдар.
2. Өлеңде берілген адамдық қасиеттер мен жағымсыз қасиеттер жайлы ақын қандай антоним, синонимдерді пайдаланған, теріп көрсетіңдер.
3. «Неде болса білімді ізденелік» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

1. *«Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!»* – деген өлең жолдарындағы «бір шоқы», «қарауылдар мезгіл» деген тіркестер көркемдеуіштің қай түрі?
а) теңеу б) эпитет
ә) метафора в) аллитерация
2. Өлеңде грамматикалық нормадан ауытқып қолданылған сөздер бар ма?
а) жоқ ә) бар



Тыңдау CD 2-3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Жастарға» өлеңі.
Оқыған: Айым Сұлтанова



II бөлім БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Айтыс түрлерін шебер меңгерген зар заман ақынын табыңдар.
 - а) Ш.Құдайбердіұлы
 - ә) Ш.Қанайұлы
 - б) Д.Бабатайұлы
 - в) М.Мөңкеұлы

2. Ш.Құдайбердіұлының 1912 жылы Семейде «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деген атпен жарияланған шығармасын табыңдар.
 - а) «Қалқаман – Мамыр»
 - ә) «Еңлік – Кебек»
 - б) «Жастарға»
 - в) «Бөйшешек бақшасы»

3. *Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау, кең иықты.*
Үзіндіде кімнің портреті берілгенін табыңдар.
 - а) Тоқтамыстың
 - ә) Шақшақ Жәнібектің
 - б) Кебектің
 - в) Нысан абыздың

4. «Үш қиян» толғауында қанды қиян деп қай өзенді айтқанын табыңдар.
 - а) Жайық
 - ә) Еділ
 - б) Маңғыстау
 - в) Ойыл

5. «Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы» деген сөздер қай толғауда айтылғанын табыңдар.
 - а) «Даналық кітабы»
 - ә) «Қорқыт ата кітабы»
 - б) «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»
 - в) «Сарыарқа»



6. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» атты өлеңінде автор кімді ұстаз тұтқанын табыңдар.
- а) Ахмет Ясауи
 - ә) Мұрат Мөңкеұлы
 - б) Абай Құнанбайұлы
 - в) Мұхтар Әуезов
7. Патшалық отарлаудың ащы зардабы анық бейнеленген М.Мөңкеұлының шығармасын табыңдар.
- а) «Жастарға»
 - ә) «Сарыарқа»
 - б) «Балаларыма өсиет»
 - в) «Би Темірге бірінші толғау»
8. «Еңлік – Кебек» поэмасында Кебектің кімге келіп бал аштырғанын табыңдар.
- а) Асанқайғы
 - ә) Әнет баба
 - б) Нысан абыз
 - в) Ақтамберді жырау
9. Кебектің Еңлікке кез болған жерін табыңдар.
- а) Қаратау
 - ә) Қара адыр
 - б) Қара жартас
 - в) Қара өткел
10. Зар заман бағытындағы ақындар кімдер?
- а) М.Мөңкеұлы, І.Жансүгіров, Д.Бабатайұлы
 - ә) М.Мөңкеұлы, Д.Бабатайұлы, Ақтамберді
 - б) М.Мөңкеұлы, Д.Бабатайұлы, Ш.Қанайұлы
 - в) Ш.Қанайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Шалкиіз





МАХАББАТ ПЕН АБЫРОЙ

Махаббат – ұлы сезім. Абайдың «Махаббатсыз дүние дос, хайуанға оны қосыңдар» дегені – осы сезімді бағалағаны, ұрпақтарымыз да оны қадірлей білсін дегені. Махаббатты білмеген дүниемен – затпен дос, яғни дүниеқоңыз болады деп ескерткен. Демек, Абайша, махаббат рухани байлық! Махаббат тек қана қыз бен жігіттің арасындағы ғашықтықтан туатын сезім емес. Махаббат – адамдардың саналы ойының жарқын көрінісі. Ол анаға деген махаббат, Отанға деген махаббат арқылы өзінің адами деңгейін көрсетеді. «Отан отбасынан басталады» деген сөз бекер айтылмаған. Өзін тәрбиелеп, өсірген отбасын, әке-шешесін сыйламаған адамнан үлкен азаматтық күту, патриоттық сезімін көру мүмкін емес. Өзінің айналасындағы адамдарды, Отанды қадірлей білген адам ғана абыройлы болады. Сондықтан ақын-жазушылардың шығармаларында махаббат осындай кең ауқымда әрі терең мағыналы мазмұнда жазылған.

М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романында Жамал мен Ғали махаббатының қиын тағдыры суреттелген. Бұл сол кезеңдегі жағдайдан хабар береді.

Ал Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі даңқты батырдың естеліктерінің негізінде, өзінің шыққан тегі, яғни атасы мен әжесі, әкесі мен анасы туралы перзенттік махаббатпен жазылған.

Дулат Исабековтің «Әпке» драмасына бір әулеттің тағдыры арқау болған. Бұл туындыда ата-аналарынан айырылғаннан кейін отбасының жағдайы, әпкенің өмірден өткен ана алдындағы парызын сезінуі, бауырларына деген қамқорлығы баяндалған.

Махаббаттың сыналар кезі кейде тосын жағдайларға да душар етеді. Бұл Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында тамаша бейнеленген.



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ



Міржақып Дулатұлы
(1885–1935)

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада бұрын Торғай облысы деп аталған, қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген. Ол екі жасында анасынан, он жасында әкесінен айырылып, ағасы Асқар Дулатовтың қолында болған. Ауыл молдасынан сауат ашып, кейін орысша оқытатын Мұқан Тоқтабайұлы деген мұғалімнен дәріс алған.

Бұл кезде Торғай өңірінде Ы.Алтынсарин ашқан мектептің жұмысы жақсы жолға қойылған, сондықтан Міржақып Дулатұлы осындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алды. Кейін ауыл мұғалімі болып, бала оқытты. 1904 жылы Омбы қаласына қоныс аударып, халқымыздың ардақты азаматтары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновпен танысқан. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қалаларында болып, басқа да көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлес болды. Ол осылайша саяси мәселелерде белсенділік таныту қажеттігін түсінді.

Міржақып Дулатұлының азаматтық ұстанымы мен саяси көзқарасы оның шығармаларындағы идеяларды анықтайды. Ол поэзия және проза, драма жанрларында қатар жазды.

1907 жылы Санкт-Петербургте жалғыз нөмірі шыққан «Серке» газетінде М.Дулатұлының «Жастарға» деген өлеңі жарық көрді. Ал 1909 жылы Қазан қаласындағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген жинағы шықты. Бұл ең көп құдалау көрген кітап болды. Өйткені ол 1911 жылы Орынборда қайтадан басылып, бүкіл Ресейдегі түркітекті халықтар арасында кең тарады. Сондықтан Ресей патшалығының өкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленді. Бұл кі-



таптағы өлеңдерде қазақтың мұңы айтылған, бас көтеруге шақырған ұран бар еді. Мысалы, осы жинақтағы «Оян, қазақ!» өлеңінде:

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты, –

деген. Бұл, әрине, патша өкіметіне ұнаған жоқ. Бұған қоса қазақтың қамын ойлап, халыққа танымал болған «Айқап», «Қазақ» газеттерінің жұмысына белсене атсалысқан. «Терме» (1913), «Азамат» (1915) атты жинақтары да шықты.

Міржақып Дулатұлы – қазақ ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен «Алашорда» саяси партиясының белсенді мүшесі. Бұл қазақ тарихында аса қас-терлі кезеңді танытады. Бірақ большевиктік, кеңестік саясат олардың ұлт үшін жасаған қызметтерін қолдамады. Ақыры, басқа амал қалмаған соң, алашшыл азаматтармен бірге кеңес өкіметімен мәмілеге келіп, халқына қызмет етуін жалғастыруды ойлады.

1920 жылы Ташкентке келді, бұл кезде Ташкент қаласы қазақтың ардақты азаматтары жиналған зиялы қауымның ортасы еді. Міржақыптың 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Есеп құралы» 1922 жылы Ташкентте қайта басылды. 1916 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралы» да Ташкентте 1923 жылы қайта басылды. Бірақ бұл жақта ол ұзақ тұрақтай алмай, Семейге қайтты.

1922 жылы Орынборда оның «Балқия» атты драмасы жарық көрді. Автор бұл шығармасында қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздікті, бай мен кедей, әлді мен әлсіз болып жіктелген кезеңді сынады. Қызды қалыңмалға сатуды қолдамайтынын жеткізді.

Орынбор сол кезде қазақтың астанасы болған, сондықтан осындағы қазақтың ұлттық театрының негізін құраған көркемөнерпаздар үйірмесінде сахналанды.

Бірақ Голощекин мен Сталиннің теріс саясатының салдарымен, 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынды. 1930 жылы ату жазасына кесілді; кейін оны өзгертіп, он жыл абақтыда отыратын болды. Ақ теңіз-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск стансасындағы лагерьде «жазасын» өтеді. 1935 жылғы қазанның бесі күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды.



Қазақ халқының жарқын болашағы, тәуелсіздігі үшін күрескен М.Дулатұлының сүйегі 1992 жылы Торғай өңіріндегі өз есімімен аталған ауылдағы бейітке жерленді.

Кеңестік дәуірде Міржақып Дулатұлының шығармаларын оқуға тыйым салынды. Тек 1988 жылы еліміздің Жоғарғы сотының алқасы қылмыс құрамы болмағандықтан, марқұмды біржола ақтады. Оның барлық шығармалары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өз халқымен қайтадан еркін қауышты.

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНЫ ТУРАЛЫ

Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы 1910 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасынан жарық көрді. Бұл шығарма қазақтың тұңғыш романы деп есептеледі. Автордың бұл романды жазғандағы мақсаты – әйел теңдігі, қазақ қыздарының бас бостандығы, олар өздері сүйген адамға, теңіне қосылуы керек деген ой. Өйткені «Бақытсыз Жамал» ХХ ғасырдың бас кезіндегі, яғни патшалық Ресейге бодан болған қазақ еліндегі жағдайға арналған.

Жазушы романның алғашқы бетіне «Сөз басы» деген тақырып қойып:

...Мақсаты романның – халық түзетпек,
Жазылған еріккеннен ертегі емес.

...Айырсын оқушылар мағынасын,
Жай ғана хикая деп қарамасын.
Көрген кім шарифатта деген сөзді:
«Қор етіп әйел халқын аямасын», –

деп жазған.

Романда оқиғаның бас-аяғы жинақы, белгілі бір сюжеттік желімен дамытылған. Шығармадағы кейіпкерлердің әрқайсысының өздеріне тән образдары, бет-бейнелері дара сомдалған. Жамалдың әкесі Сәрсенбай жуас, алайда оның мұндай момындығы құптарлық емес. Ол өзінің отбасындағы жағдайды ағайынның талқысына салып, басқа адамдардың дегеніне ергіш күйде танылады.

Сәрсенбай біреулердің сөзіне еріп, сайлауға түсіп, болыстың биі деген қызметке ие болғысы келеді. Осы мақсатқа жетем деп, бірталай малын шығындайды, қаражатын жұмсайды. Бірақ бұрыннан үлкен топқа кір-



меген адам болған соң, оның бұл мақсаты орындалмайды. Енді, қалайда, қатарға кіремін деген оймен Байжан байдың баласына қызын бермекші болып, қалыңмалын алады. Құдаласқан соң, Жамалдың ол жігітті ұнатпағанына қарамайды, ал кейін қызы өзі ұнатқан жігітпен қашып кеткен кезде, Байжан баймен бірге әрекет етеді.

Ал Жамалдың анасы Шолпан – сауатты, оның әкесі молдалық құрған кісі, сондықтан одан алған дәрісі бар, ақыл-парасатты адам. Жамалдың ақындыққа, әншілікке бейім болуы, өнерге құштарлығы анасынан көрген тәрбиемен дарыған. Шолпан қызының бақытты болғанын қалайды. Жамал туралы ауыл арасында жақсы сөздер айтыла бастайды.

Романның басты кейіпкерлері – Жамал мен Ғали, олардың бейнелері көркем шығармаға тән тартымдылығымен сомдалған.

«Бақытсыз Жамалды» роман деп тану үшін қойылатын шарттар: сюжет, оқиғаның шиеленісу, шарықтау шегі, тартыс, образдардың даралығы – бәрі бар.

Бұл романда көркемдік бейнелеуіш құралдар да қолданылған. Жамалдың өзінің болашақтағы қайғылы халін ойлағандағы ойы мен екі ғашықтың бір-біріне айтқан сырлары – диалог та бар.

«БАҚЫТСЫЗ ЖАМАЛ» РОМАНЫ (үзінді)

I

Өткен қыс шаруаға жеңіл болғандықтан, мал күйлі, бие ішті болып, Көктал қыстаған Құрман деген атаның ауылы жылдағыдан жайлауға ерте шығып еді. Екі ауылнай елдің жайлауы Саумалкөлге жағалай ауылдар қонып, былтырғы жұрттарына үй тігіп, көп ұзамай, бие де байлады. Қыстай бір-біріне араласпаған ағайындар сағынысып, қашаннан астас, тойлас болған ғадеттерінше бір ауылды бір ауыл ерулікке шақыра бастады. Бозбалалар аралап қымыз ішеміз деген болып, тәуір киімдерін киіп, жақсы аттарын мініп, қызды ауылды қырындап жүрулері көрініп, балалар да асау тайларын үйретпекте еді.

Бір күні түс кезінде көлдің жел жағынан шаңдатып шауып келе жатқан бір орыс, бір қазақ көрінді. Балалар қашып, үйге тығылып, үлкендер бұл екеуі қайда тоқтар екен деп тұрғанда, барды да Бекжан деген ауылнайдың

Тірек сөздер



Жастар
Қос ғашық
Молда
Үсұл жәдид
Қалыңмал
Неке



үйіне түсті. Жарты сағат болмай-ақ, сол жайлаудағы елге «Ертең ерте осы жерге крестьянский начальник келеді» деп, мағлұм болды. Өлгі екеуі бірі – стражник, бірі поштабай екен, төренің алдынан үй тіктіріп, лау байлатып, қой саудыруға шыққан.

Ол түні ауылнай, выборнайлар ұйықтамастан қызметінде болып, таңертең ауылдан оқшауырақ жерде тігіліп қалған бір ақ үй, бір қоңыр үй көрінді. Сөске кезінде қоңыраулатып пәуескемен төре де көрінді. Алдыартынан етектері далиып, жалпылдап шапқан қазақтармен даярлаған үйге келіп тоқтағанда, мойындарына шынжырлы знак таққан ауылнай, билер неше мәрте шұлғып, қошаметпен, «тақсырлап» үйге кіргізді.

Сол арада жұмысы бар, жоқ болса да, тамашаға жүздей кісі жиналып қалған еді, халықтың қазіргі әңгімесі: «Начальник не жұмысқа келді екен? Бөлкі, биылғы Сатыбалдының арызы шығып қалған болар ма?» – десті. Бағзылары: «Жоқ, оның үшін неге келсін. Мәмбеттің болыстығын өзіне әперуге келген шығар...», – деп, әрқайсысы өз ойындағысын айтып, даланы бастарына көтеріп, гүрілдесіп отырғанда, маңдайынан тер шығып, бөркін қолына ұстап, үйден Бекжан шықты.

Жұрт бұған қарап:

– Қалай, ауылнай? Төре қызметке разы ма, не жұмыспен келген екен? – деп сұраған соң, ауылнай айтты.

– Өлхәмдүлиллә, өзімді бек мақтап, қолымнан қайта-қайта «Спасибо» деп ұстады. Шыққан жұмысы бұл жерде емес, Қарасу станциясындағы Хохол қаласына барады екен, мұнда қонақ болып, тынығып, кешке жөнеледі. Өзі бек рақымды кісі көрінеді. «Шаруа қалай, ел арасы тыныш па?» – деп һәммәсін сұрады. Анау күнгі Көтібайдың мені боқтағанын айтқаным жоқ, оны айтқанда, бөлеме болатын еді, не қылайын. Хасеннің көңіліне қарадым. Және де төренің бір жат хабары сол: «Қазақтан солдат алынбайды, бірақ мұжықтар секілді қала болам десең, 15 десятина жер беріледі, – деді. – Егін салыңдар, школ ашыңдар, ұлықтарыңды сыйлап, бұйрықтарын орнына келтіріңдер», – деп, насихат айтты.

Бекжан начальниктен тағы естігенін сөйлей бастағанда, әлгі топтанып отырған халыққа бір жігіт шауып келіп:

– Сүйінші, Сәрсеке! Шолпан жеңге аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты, – деді. Сол уақытта жастар «Сәрсеке» деп, үлкендер:

– Сәрсенбай, қуаныш қайырлы болсын, Алла ұзағынан сүйіндірсін, әйел бала деменіз! – десті. Сәрсенбай:

– Жоқ, олай деменіздер, мен қай бір ұл-қыз таңдайын деп жүрген кісі, – деп орнынан тұрып, атына мініп, үйіне қайтты.



II

...Сәрсенбай һешбір ғылым оқымаған, момын, мал баққан кісі еді. Атасынан артық дәулет қалмаса да, берірек келген соң малы да жақсы болып, жылқысы жүзден асып, екі жүз, үш жүздеп қой да бітіп, қатардағы малды үйінің біріне қосылып еді. Бірақ мал жағынан көңілі хош болса да, Сәрсенбайдың жамағаты Қалампыр ғұмырында бала көтермей, бұл екеуі балаға мұқтаж еді.

Сәрсенбай бағзы уақытта өзі де һәм жаны ашитын жақындарының сөзімен де бала үшін бір тоқал алуды ойласа да, Қалампырдан аса алмай, өне-міне деп жүруші еді. ...Ертеңіне ауылындағы бір-екі ағайындарын шақырып алып:

– Міне, мен сіздерді шақырғаным, «Үмітсіз – шайтан» деген. ...Бұл уақытқа шейін сабыр етіп едім. Енді мен болсам, қырықтың екеуіне келдім. Қалампыр да биыл отыз үште. Қатыным! Пайғамбардың сүннеті ғой, сен де рұқсат бер, ағайыным, сіздер осы жұмысты алыңдар, міне, біраз қанағат бар ғой. Мен енді бел байладым, – деп, ақырғы сөзін мағлұм етті. Қалампыр канша ұнатпаған болса да, бұл сапарда Сәрсенбай да, һәм басқалар да бірауызды болып, сол жерде-ақ уағда қылғанын көріп, іші суып, енді сөйлегенімен қолдан һеш нәрсе келмесін біліп:

– Не қылсаңдар, ықтияр. Әуелінде де мен «тоқал алма» деген жерім жоқ, маған несін айтасыңдар?! – деп, түсі бұзылып, үйден шығып кетті.

Мұнан кейін көп уақыт өткізбей, Сәрсенбай бір қыз айттырды. Өздеріне қырық шақырым жерде Сайболат деген елде Жарас деген молланың бір ұл, бір қызы бар екен. Молла опат болған соң, қатынын бір жақын кедей әмеңгері алып, әлгі екі жетім бала соның қолына шыққан еді. Сәрсенбайдың айттырғаны осы молланың қызы Шолпан еді. Шолпанның жасы он төртке жетіп тұрған соң, Сәрсенбай малын түгел беріп, келер жылында алып та қойды. Марқұм Жарас молла тірі уақытында Шолпанды өзі оқытып, Құраннан екі шығып, азырақ хат та танып қалған еді. Қалампыр һәр уақыт Шолпанды күндестікпен сөзімен де, қолымен де реңжітіп жүрді.

Шолпан он жеті жасқа келгенде, манағы Сәрсенбайдан топ ішінде сүйінші сұраған қыз бала тауып, Сәрсенбай қырық беске келгенде ғұмырында көрген баласы осы еді. Сәрсенбай зор қуанышта болып, шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, көл басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді.



III

Жамал сағынып көрген баланың алды болған соң, ата-анасы қолдан келгенше әлпештеп өсіріп, жасы тоғызға жетті.

Жамалды еркек балаша киіндіріп жүрген соң, білмеген кісі қыз деп ойламаушы еді. «Қыз» деп айтқан адамдарға ашуланып та қалған күндер болды.

Бір күні Сәрсенбайдың үйіне ескі жолмен оқыған, «Дүниеде білмеген нәрселерім жоқ» деп дұға қылушы бір шала надан молда келіп қонды. Молда тысқа шықпақшы болғанда, Сәрсенбай:

– Жамалжан, түр, молданың кебісін сал, құман алып шық, – деп жұмсағаннан кейін, молда тыстан келіп отырып:

– Бай, осы сіздің мырзаңыздың есімі қалай? Қыздың атын қойғансыз ба? – деді (Жамалды ер бала деп отыр екен). Сәрсенбай азырақ тоқтап тұрды да, күлімсіреп:

– Тақсыр, мұның мәнісі бар, біз бастан кем кісі. Айымыз да, күніміз де осы Жамал болған соң, өзімізді өзіміз алдап жүрміз, – деді. Молда бұл сөзге түсініп, біраз ойланып отырды да:

– Сәрсеке! Көңілге солай екені дұрыс та ғой, ләкиінде шарифатта балаға тұлым қою дұрыс емес. Және де бай қызы тоғыз жаста балиғ болады. Соның үшін намаз үйретіп, оқытып, шашын да қойыңыз. Сіздің мұныңыз Алла Тағаланың бұйрығына көнбеген секілді болады. Олай болғанда, зор күнө табасыз. Бірақ оқытқанда, хат жазып кетерліктей де оқытпаңыз, хұсуса жәдид молдалардан оқытпаңыз.., – деді.

Сәрсенбай өзі надан, «Молданың өкшесі қисық деген кісі де күнәлі болады» деп жүрген кісілердің бірі болғандықтан, тек молда есімін көтерген кісі болып, біліп-білмей айтса да, «мынау – шарифат» деген сөзге көз жұмып нанушы еді. Сол себепті: «Алла Тағаланың әмірі ғой, бұл молданың шарифаты да дұрыс екен», – деп, Жамалды қызша киіндіріп, шашын жіберіп, оқытуға да разы болды. Анасы өзі азырақ та болса оқып, ғылым қадірін білген соң, бұл сөзге қарсы тұрмады. Сәрсенбайдың үлкен қатыны Жамалды жан-тәнімен жақсы көргенсіп (тоқалдан туған қызды іші жек көріп тұрса да):

– Ойбай, молдеке, ол не дегеніңіз. Жамал, қарағым, тым болмаса он беске келсін, сонда шаш қоярмыз, – деп өршеленген болды. Мұнан кейін кешікпей қызша киіндіріп, шашын өсіріп, бұрынғыдай ер бала деп көңілдерін жұбатқанды қойды.



Манағы молданың насихаты есінде жүріп, бір күні Сәрсенбай қатындарымен ақылдасты:

– Ахметжанның молдасынан оқытуға екі шақырым жерге Жамал барып-келіп жүре алмайды. Онан да бір жастау молда жалдап алсақ қайтеді? Жамалдың себебімен ауылдың балалары да оқыр, өзіміз малдың зекетін берерміз, ақысын ауылмен бірдей көрерміз, – деді. Бұған қатындары да һәм солай деп айтқан соң, ауылы да разы болды. Бір-екі айдан соң жазғытұрым уақыт еді, бір күні «Ауылға бір шәкірт келіпті, молдалыққа тұрады екен» дегенді естіп, Сәрсенбай соған сөйлесуге келді.

Уфа медреселерінің бірінен оқыған шәкірт екен. Қазақ ішінде қымыз ішіп, күзгі тәхсилге қаражат жинап алу үшін мұғалімдікке шыққан Ғазиз есімді ноғай жігіт, жасы жиырма екілерде, ашық пікірлі, үсұл тағылымынан жақсы ғана хабары бар еді... Біраз сөйлескеннен кейін Сәрсенбай шәкіртпен келісіп, үйіне алып қайтты.

IV

Уәделері бойынша мұғалім һәмән Сәрсенбайдың үйінде тұратын болып, Сәрсенбаймен бірге еріп келіп, бір үлкен боз үйге кірді.

Сол минутта-ақ ауылдың адамдары жиналып, Қалампыр бөйбіше сабадан қымыз құя бастап, Сәрсенбай да Жамалға:

– Тұр, қарағым, молдекеңе мал әкел! – деп, өмір етті.

Жамал атасына бір қарап тысқа шығып еді, соңынан кешікпей, Сәрсенбай да шығып, Жамалға ақырын сыбырлап айтты: «Өнеугүнгі жамбасы құрттап жүрген көк қозыны әкел, үйге кіргізерде кескегін алып таста! Ұқтың ба?» – деді. Жамал да: «Ұқтым, ұқтым», – деп, жүгіріп кетіп, жарты сағат болмай, айтылмыш қозы бата қылынып сойылды...

...Бір ай өткеннен кейін мұғалім Жамалдың зейініне қызығып, Шолпанға айтты:

– Жамалды ұсылжадидке оқыта бастасам, аз уақытта хат жазып кетер еді, бірақ бай ұнатпайды ғой, – деп, Шолпан тұрып:

– Молдеке, біздің отағасының сөзін не қыласыз, ақырын оңашада жасырып, хат жаздырып үйрете беріңіз, – деді.

Мұғалім бұл жауапқа бек қуанып, сол күннен былай шәкірттер тарап кеткен соң, Жамалға күнде бір-екі сағат хат жаздырып үйретегін болды. Үш жарым айда Жамал мұғалімнің ыждағаты, өзінің өткір зейіні саясында хат танып, жазарлықтай болды. Мұғалім әпенді сол жолмен бес ай оқытқанда, Жамал бек әйбат болып, түрлі кітаптарды оқитұғын бо-



лып қалған еді. Сентябрьдің ақырында мұғалім Уфаға қайтып, Жамал да оқуын тоқтатты...

Мұғалім Сәрсенбайдың үйінде тұрған уақытта Шолпан бір ұл перзент тауып, сол себепті «аяғы құтты» болды деп, мұғалімді Сәрсенбай жақсы қаражатпен қайтарды. Сәрсенбай жаңа туған баласының есімін осы молдадай жігіт болып, өзі де молда болсын деп Ғазиз қойды. Мұғалім қайтып кеткен соң, Сәрсенбай енді бір молда ұстаймын деп, ертең-бүгінмен жүргенде, қыс та болып қалып және де әркімнің:

– Енді жарар. Жамалды оқытпай-ақ қой, он екі пәнді түгел білсе де, әйел бала дәріс айтып, елге бас болмас, – деген сөзіне Сәрсенбай айналып, тіпті, молда ұстамай қойды. Ауылындағы басқалары, һәрқайсысының дәулеті шағын болғандықтан, шамасы келмейтін болды.

Жамалдың ғұмырындағы оқуы осы бес айлық қана болып, хат жазарлықтан өрі аспай тоқтады. Мұғалім кеткеннен кейін Жамал һәмән қисса оқитын болып, атасы да тыңдаудан жалықпаушы еді. Үйге бір қонақ келіп, қонса да:

– Жамалжан, қонағыңа қызмет ет, қисса оқы, «Сал-салың» қайда, «Қыз Жібегің» қайда? – деп, куә болып отырушы еді. Жамал да ерінбей, қиссаларды басынан аяғына шейін оқып тастаушы еді...

Жамалдың бір кішкене сандығын ашып қараған кісі: «Сал-Сал», «Қыз Жібек», «Зарқұм», «Қисса уақиға Көр бала», «Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны», «Ноғай мен қазақтың айтысқаны», «Ақсұлу», «Айман – Шолпан», «Бозжігіт», «Шәкір – Шәкірат», Ақмолда, Нұржан, Өбүбәкір молданың өлеңдері һәм басқа сол секілді кітаптарды көрер еді. ...Жамал сол қиссалардың бағзыбір өлеңдерін жатқа да біліп, бір ойынға бара қалса, «Жамал, өлең айт» дегенде, тартынбай, айтып салушы еді. Осындай қиссаларды оқумен һәм ел ішіндегі айтып жүрген қыз-бозбаланың өлеңдерін жазып алумен, молдадан оқып жүрмесе де, жазуын күннен-күнге дұрыстап бара жатты. Жамалдың осындай зеректігі ауызға ілініп, он жасына жеткен уақытында әркімдер: «Сәрсенбай үйінде бір жақсы бала бар», – деп, айттыруға қызыға бастап және де Жамалдың анасы ақылды, көркем қатын болғанға, «Анасын көріп – қызын ал, аяғын көріп – асын іш» деген мақалды да еске тұтып сөйлеуші еді.

V

Бір күні бие ағытар уақытта, ауылдың сыртындағы бір төбешікте құпия сөйлесіп, үш кісі отыр еді. Оның бірі мағлұм Сәрсенбай, екеуі – сол елдегі



атқа мініп, жүрген, ел арасы тыныш болғаннан даулы, сөзді болғанын артық көретін пысықшалау адамдар еді.

Өлгі екеуі Сәрсенбайға қарап: «Сәрсеке, бұл заманның өзі қорыққанды сыйлайтұғын заман болды, азырақ дәреже біткен кісі бай қара кісіні кісілікке алудан кетіп барады. Сол себепті біздің сізге айтқалы келген сөзіміз: Алла тағала сізге біреуден артық, біреуден кем дәулет беріп, екінші мынау бір жаман неменіз бар. Бұл заман екі айналып келмес, бір күндерде малың шағын болып, басқа да зар болдыңыз, «қубас» деген сөзді естіген күніңіз болды. Енді тәуекел деп, атыңызды бір шығарып қалсаңыз, қайтер екен? Міне, сайлауға да үш ай қалды. Көп болса, үш жүз теңге шығар. Сіз мақұл көрсеңіз, біз өзімізге қараған Құрман болып, билікке сайлағымыз келеді, халық сізді бір сапарға қалай тастап кете қояр екен деп ойлаймыз. Өзіміздің Нұрпейіс би ризалығымен берсе, жолын алар, болмаса, тәуекел деп, шарға түсерміз, – деп, неше түрлі тәтті сөздермен құбылтып, Сәрсенбайды, қанша момын адам болса да, сөзге бұрылмайтын пенде бола ма, дәулетке қызығып, біраздан соң, «Өздерің біліңдер», – деп, жауап қайтарды. Бұл мәжілістер бір мәрте болмай, бірнеше күндер ақылға салынып, ақырында, Сәрсенбай билікке таласпақшы болды.

Сайлау жетті. Сәрсенбай әркімге жомарттанып, атмайын бере бастап, сойысы да артылды. Сап ақшадан төрт жүз теңге жұмсалып, шарға түскен уақытта Нұрпейіске он тоғыз шар, Сәрсенбайға он төрт шар шығып, біздің жаңа талап босқа қалды. Бұл істің бұлайша сағаты болмауы да – сол елде жұртқа қадірлі және де болыспен құда Байжан деген кісі еді. Шар салардың алдында Байжан выборнайларға:

– Сіздер шарларыңды Нұрпейіске салыңдар, жаңа байыған бір Құрманның болғанынан алашқа сөйлескенде, намыс жібермейтін, елдің белін сындырмайтын Нұрпейіс артық емес пе? – деп айтып отырғанын сол сағатында-ақ Сәрсенбайға біреу келіп жеткізіп еді.

Сәрсенбай салы суға кеткен кісідей болып үйіне қайтты. Көп расход шықты. ...Қасындағы әуелгі тыныш жатқан Сәрсенбайды билікке таласуға қыздырған достары:

– Қап, бөлем, келер сайлау болсын! – деп, қайрат берген болды. Осылайша сайлау тарқап, бес-алты ай да өтті. Бағзы уақыттарда сайлау еске түсіп, шығындарын һәм намысын ойлағанда, Сәрсенбай іші күйіп, хәттө енді сондағыдан екі есе шығындалсам да, дегеніме бір жетсем, арманым қалмас еді деген секілді пікірге де келіп қоюшы еді.





СӨЗДІК

Әйбат (жергілікті сөз) – әдемі.

Балиғ – балиғатқа толу, қыз бен жігіттің кәмелет жасына толып, тұрмыс құру мүмкіндігі бар кезді айту.

Ләкиінде – алайда.

Һешбір – ешбір.

Һәм – және.

Һәмән – ұдайы.

Тәхсил – үйрену.

Һараб – құру, күйреу.

Қалыңмал – күйеу жағының қалыңдық үшін беретін малы.

Шариғатта балаға тұлым қою дұрыс емес – тұлым қою ислам діні келгенге дейін болған; сондықтан молда оны шариғатқа теріс деп санаған. Ал ежелгі дәуірлерде шаш адамды қорғайды деген наным болған, сондықтан балаларға тұлым қойылған.

Хұсұл (ұсұл) жәдид – арабтан енген сөздер, ұсұл әдіс деген ұғымды білдіреді; жәдид – жаңа; ислам діні енгеннен кейін бабаларымыз араб қарпімен жазған, алғашында дауыссыз дыбыстар жазылмайтын, оны қадым жазуы дейді, басқа да ерекшеліктері болды, бұл қиынға соқты, кейін оны оңайлатты, сол үшін жаңа болған себепті жәдид деген, яғни оңтайландырылған әдіспен жазу.

Әдебиет теориясы

Роман (француздың roman сөзінен – орта ғасырларда роман тілдерінде жазылған шығармалар осылай аталған. Роман тілдерінің тобына француз, испан, итальян, португал, румын тілдері кіреді) – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін сол өзі өмір сүрген уақыт ауқымында жан-жақты суреттейтін прозалық жанр.

Қазақ әдебиетінде Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романынан кейін Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» атты романдары жазылды.

Сатира (лат. satira) – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі.

Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлық түрлері бар.



Абай Құнанбайұлының «Көкбайға» атты өлеңінде ақын кейіпкердің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын әжуалай отырып:

Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын.
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Өр нәрсенің орынын.
Керенау, кердең, бір керім,
Жақпайды маған сол жерің, –

деп суреттеген.

Ирония (гр. *eironēia* – келемеж, кекесін) – адамға, зат пен құбылысқа сырттай жақсы баға берсе де, ішкі мағынасы қарсы келіп, келекеге айналдыратын құбылту (троп) құралы.



1. Міржақып Дулатұлының өмір жолы туралы не білесіңдер?
2. Міржақып Дулатұлы кім? Тірек-сызба арқылы көрсетіндер.



3. Міржақып Дулатұлы шығармашылығындағы идея неден туындаған?
4. «Оян, қазақ!» өлеңінің патшалық Ресейге бодан болған түркі халықтарына әсерлі болуының себебі неде?
5. «Бақытсыз Жамал» шығармасының роман болып саналуы үшін қандай шарттар қамтылған?



1. Романның жанрына байланысты сюжеттік желілерді, пролог пен эпилогтарды анықтаңдар.



3. Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасаңдар.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Дәлелдеме
1	Оқиғаның басталуы	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	



1. Романдағы оқиғалар кімдердің басынан өткенін айтыңдар. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне әдеби талдау жасаңдар.

Романның негізгі оқиғасы	Кейіпкердің іс-әрекеті	Қолданылған көркемдік әдіс

2. Роман кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Жамал	Ғали	Сәрсенбай	Шолпан, Қалампыр	Байжан	Жұман



1. Жамал өліміне кім кінәлі? Сәрсенбай мен Байжанның іс-әрекетіне қандай баға берер едіңдер?
2. Романдағы салт-дәстүр көрінісі қалай сипатталады?
3. Романдағы мақал-мәтелдерді теріп жазып, оның кейіпкерлер мінезін ашудағы тілдік ерекшеліктеріне мән беріңдер.



1. Жамал өз сүйгеніне қосылды, бірақ бақытсыз болды. Неге? Оған заман кінәлі ме, әлде кейіпкерлердің өздері ме?
2. Романдағы қазақ тұрмысының көрінісіне, Жамал образы арқылы жазушы көзқарасына пікірлеріңді білдіріңдер.
3. Хрестоматиядан романның жалғасын оқып, идеясы мен тақырыбын анықтаңдар.





1. «Жамал – әділетсіз қоғамның құрбаны» тақырыбында пікір алмасындар.
2. Қазіргі таңда кейбір жағдайлармен қыздарымыз бақытсыз болып жатады. Оның себебі неде? Еңлік пен Жамалдың тағдырларын салыстыра отырып, ойталқы (диспут) ұйымдастырындар.
3. «Бақытсыз Жамал» романы және оның кейіпкерлері туралы өз пікірлеріңді «ПОПС формуласы» арқылы білдіріңдер:
 1. «Менің ойымша, ...»
 2. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
 3. «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...»
 4. «Осыған байланысты мынадай қорытынды шешімге келдім...»



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Шығармада «Молданың өкшесі қисық деген кісі де күнәлі болады» деп жүрген кісілердің бірі» деген сөйлем бар. Бұл кімге қатысты айтылған?

- | | |
|-------------|--------------|
| а) Жарас | б) Сәрсенбай |
| ә) Нүрпейіс | в) Шолпан |



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Романды оқығаннан кейін қай кейіпкерге хат жазғыларың келді? Ол кейіпкерге не айтар едіңдер? Осы туралы ойларыңды жазыңдар.

Әдебиет теориясы

Портрет – адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын, бой-тұлғасын суреттеу үшін қолданылатын тәсіл.



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ



Бауыржан Момышұлы
(1910–1982)

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы Жуалы ауданы Көлбастау қонысында, малшы отбасында дүниеге келген. Он үш жасқа дейін ауылда, одан соң, интернатта жатып оқыды. Сосын біраз уақыт мектепте мұғалім болды. Осыдан кейін 1932 жылы әскерге алынып, мергендік өнерді меңгерді. 1936 жылы әскерге қайта шақырылып, содан әскери қызметте қалды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, генерал-майор, жерлесіміз И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Оның әскери өмірі үлкен жауапкершілікті сезінумен өтті. Бірақ, бір өкініштісі, оған тиісті

атақтар өзі бұл дүниеден өткеннен кейін ғана бұйырды. Кеңес Одағының Батыры атағы 1990 жылы берілді. Б.Момышұлының соғыста көрсеткен ерен ерлігі тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін лайықты бағаланды. Оған 1995 жылы Қазақстанның «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Дегенмен оның майдандағы ерлігін қазақ халқы ғана емес, соғыс көрген елдердің ешқайсысы да ұмытпайды. Оның батырлығы Александр Бектің «Волоколамск тасжолы» («Арпалыс») атты кітабында суреттелген. Ол кітап неміс, чех, ағылшын, еврей, француз, т.б. шет тілдеріне аударылды.

Бауыржан Момышұлы 1956 жылы әскери қызметтен босағаннан кейін қалған өмірін жазушылыққа арнады. Ол бүкіл көрген-білгенін жастарға жеткізгісі келді. Сондықтан өз шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде жазды. Атап айтқанда, «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов (1965), т.б. көптеген кітаптары



жазылды. Ол солайша қазақ әдебиетіндегі әскери проза жанрын қалыптастырды.

Бауыржан Момышұлы 1944 жылдың қаңтар айында Қазақстан Ғылым академиясында ғалымдарға дәріс оқыған. Ол дәріске Мұхтар Әуезов те қатысқан. Кейін осы дәрісте естігендерін ұлы жазушы «Ер серігі – сергек ой» атты очеркінде жазған.

Көпшілік Бауыржан Момышұлын жазушы ретінде таниды, дегенмен оның ақындығы да болған. Ол соғыс жылдарында «Ана тілін ардақта», «Достыма», «Толғау», т.б. өлеңдерін жазған. Бұл туралы Бауыржан атаның туғанына 100 жыл толуына арналған ғылыми конференцияда Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов айтты. Ал Әзілхан Нұршайықов батырмен көп сұхбаттасып, ол туралы «Ақиқат пен аңыз» деген роман жазған. Батырдың бағасын ол: «Әкенің ұлы, рудың ұлы, ұлттың ұлы дейтін азаматтар болады. Әкенің ұлы көп, рудың ұлы бірсыпыра, ал ұлттың ұлы дәрежесіне жететіндер аз болады. Сол аздың бірі – Бауыржан» деп жеткізген.

«Ұшқан ұя» повесі үшін Бауыржан Момышұлына 1976 жылы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Даңқты қолбасшы, жазушы 1982 жылы маусымның 10-күні өмірден өтті. Ол өз ғұмырында қазақ халқы үшін баға жетпес қызмет етті.

Бауыржан Момышұлын бүкіл қазақ халқы мәңгі мақтаныш етеді.

«ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ

(үзінді)

Менің бабам Имаш мың да тоғыз жүз он бірінші жылы тоқсан екі жасында дүние салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті – менің әкем Моминалы екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен.

Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық, аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ.

...Момыш әкемнің айтуынша, мен мың да тоғыз жүз оныншы жылдың қысында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған соң Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып, әкеме де хабаршы жіберіпті.

Тірек сөздер



Ұя
Әже
Ата
Бата
Ертегі



Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Өулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап, жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры, бөрі Байтоқты жұлмалай, «Не боп қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ:

– Жеңешем ұл тапты, – депті.

Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мейрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай, Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты!

Өулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен.

– О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

– Ақментей бабасындай батыр болсын!

– Ақмолда батыр бабасындай мәрт болсын!

– Бөйдібек батырдың әруағы қолдасын!

– Домалақ-анамыз жар болсын! – десіпті.

Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып, ел қарияларынан бата сұраған екен.

– Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі, – десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –
Қырағы болсын, құлыным.
Қойнауы суға мол еді –
Бұлағы болсын, құлыным.
Елінің тілегі зор еді –
Шырағы болсын, құлыным.
Ата тілегі оң еді –
Құмары болсын, құлыным.
Бұл жер батырлар төрі еді –
Сыңары болсын, құлыным.

* * *

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.



– Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, – депті шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп, мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем – құл болма,
Шыбық деп берсем – шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма, –

деп, келініне мені қайтарып берген екен.

Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп, әкем сол күні кешке мал сойып, ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты.

* * *

...Онда мен кіп-кішкентай сәби едім. Ал айнала таулар да, үйлер де, қойтастар да, жылқылар да – бәрі-бәрі үлкен болатын. Адамдардың бәрі «Айналайыннан» басқа сөзі жоқ, кілең мейірімді жандар болып көрінетін... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қақбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені аймалап, сүю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді.

Ол ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымыңдаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау – бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап, әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби көзіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны – күмбез, желі – жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, кәне.

Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса – жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жаңбыр жауса, жылағым келер. Биелер шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып, еріксіз елеңдетеді. Алақұйын айдалаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-



таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде шөгіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгеніңде шығар. Кейін есейе келе, әлгі бұлттың су екенін, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу қандай қатал. Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын.

Ал, менің көрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті, Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан құрап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, көрі алақанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:

- Балам менің қайда екен?
- Қыздарменен тауда екен.
- Тауда неғып жүр екен?
- Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан көнеки?.. –
- Жаңа теріп жүр екен.
- Қызыл алма қолында
- Қыз-бозбала соңында, –

деуші еді-ау.

Кейде қиястықпен қыңқылдап, мазасын ала берсем, алдына алып отырып:

Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Жілігінің майы жоқ
Жіпке тағып берейін.
Көк сиырдың сүтінен
Көже жасап берейін.
Оның тұзын кім татар,
Жыламайтын ұл татар, –



деп, мөпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып, балбырап ұйықтап кетер едім.

Қайран сол балалық, қайта келермісің, сен! Кей кезде сол бір алаңсыз балалығыңды аңсап, еріксіз сағынасың. Әлдеқайдан асыр салып, жол шаңын бұрқыратып, тұлымын жалбыратып, екі бетін албыратып, дүниені даңғыратып сол балалығым шыға келетіндей, айналаңа жалтақтай беретін кездерің жиі болады. Алайда бал балалық қайдан келсін. Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да, тамсанасың. Тамсанасың да, еріксіз жымиясың. Осы сәтте бір шеттен балалық дәуірдің бір елесі де жымиып тұрғандай сезіледі.

Біздің кейде өткенді еске алсақ, тұтас тұлға іздеп, бүтін бір жүйелі оқиға іздеп, кесек-кесек кереметтер іздеп, ерекше мән беріп қарайтынымыз бар. Дәл осы өлшем балғын кезге келе бермейді. Өйткені бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы көргенін, алғашқы сезгенін, алғашқы тұшынғанын қаз-қалпында, тұнық күйінде болмысына ұйытып алады да, сол қалпында сақтай біледі. Бала қиялы ол көргендерінен көлемді ой түйіп жатпайды, қайта үзік-үзік үміттің өзінен рақат сезімге бөлене береді. Дәл қазір менің көз алдыма да сонау сәби кездегі қызық пен қуаныштың елестері түйдек-түйдек жаңғырып, жанымды жай таптырмай отыр. Көзге ыстық көне суреттерді қайта қарағандай, соның бір-екеуін келтіре кетейін.

...Міне, Үбиан әпкем үлкен үйден шықты да, қазан басына бет алды. Мен оны көре сала борсаңдап, сүріне-қабына, еркелей жүгірем. Әпкем аяғымды жерге тигізбей қағып алып, аспанға көтереді. Мен сықылықтай берем. Әпкем биікке мені бой создырып, мәз болады. Сонан соң ол кенет ет бауыры елжіреп, мені камзолының омырауын ашып, қойнына жасырып алады да, жүгіре жөнеледі. Бауыр құшағы қандай ыстық еді, шіркін...

* * *

Әлі есімде... Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алып алты қанат үйдің ортасында арлы-берлі жүріп алды. Мен болсам, зәре құтым қалмай қорықсам да, тіземді бүкпей, қаздиып тұра беріппін. Көкем «Қаз! қаз!» – деп, өзімен-өзі. Атамның ескі түлкі тұмағына отырғызып, мені керегеге іліп қойған да, сол көкем ғой. Өзі киізге жайғасып алып,



ұзақ уақыт әуестікпен әурелеп еді. «Ал, көне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?..» деп қояды. Мен қыңқылдап жылай бастағанымда, «Дуана келіп қалады» деп қорқытқан... Содан бастап көкемнің көзіне түспеуге тырысатынымын...

* * *

Әкем маған ата-тегіміздің аты-жөнін үйретуші еді.

– Кімнің баласысың? – деп сұрайтын ол.

– Мен Момыштың ұлымын.

– Момыш кімнің баласы?

– Момыш – Имаштың баласы.

Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады.

Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін.

Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген.

* * *

Әжем малдың «тілін» ұғуды үйретуші еді. – «Қозы маңырайды, бұзау мөңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп аңсайды, қодық ақырады...»

Әжем бұған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын...



СӨЗДІК

Бөстек – жүнін үстіне қаратып, қой, ешкі, т.б. терісінен жасалған төсеніш.

Бәйдібек – қазақ халқын құраған тайпалардың жерін, елдің бірлігін қалыптастыруға күш салған батыр.

Домалақ ана – Нұрила – есімі ел ұранына айналған абыз ана, Бәйдібек батырдың жұбайы. Оның қалайша «Домалақ ана» атанғанын түсіну үшін парсы тіліндегі «Диннат мама» сөзімен байланыстыру керек. Бұл – «Әулие ана» деген сөз, уақыт өте келе, «Диннат мама» «Домалақ ана» деген түрге дейін өзгеріске түскен.



Әдебиет теориясы

Повесть – прозалық шығарма, романға қарағанда көлемі шағын. Құрылымы жинақы, оқиға желісі қызықты болып суреттелетін, кейіпкерлері өзіндік даралығымен бейнеленетін көркем шығарма жанры.

Автобиографиялық шығарма – ол адамның өз өмірі туралы жазылған шығарма.



1. Бауыржан Момышұлы кім? Ол туралы білетіндеріңді айтып беріңдер.
2. Бауыржанның атасы мен әкесі кім? Олар қандай адам болған?
3. Болашақ батырдың қалыптасуына әке тәрбиесінің ықпалы қандай болған?
4. Шығармада Әулиеата деген жер атауы қолданылған, бүгінде ол қай облыстың жерінде орналасқан, қазір қалай аталады?
5. «Үшқан ұя» шығармасы кімнің атынан баяндалады? «Үшқан ұя» сөзінің мағынасы қалай? Жазушы шығарма атауын неліктен «Үшқан ұя» деп атады екен?
6. Жазушы балалық шағын қалай еске алады? Қандай оқиғалар есінде қалған екен?



1. Бала Бауыржанға атасы Имаштың берген батасының мәніне үңіліңдер. Қандай ой түйдіңдер?
2. Автордың азамат болып қалыптасуына шығарма кейіпкерлерінің ықпалы жайында түсіндіріңдер.

Кейіпкерлер	Мінезі	Іс-әрекеті
Атасы Имаш		
Көкесі Момынқұл		
Әкесі Момыш		
Апасы Қызтумас		



3. Жазушы балалық шағының қандай кезеңдерін еске түсіреді?
4. «Ұшқан ұя» қандай шығармаға жатады?
5. Үзіндіден қазақ халқының бала тәрбиелеудегі өнегесін байқадыңдар ма? Олардан қандай тәлім-тәрбие алар едіңдер?
6. Хрестоматиядан «Ұшқан ұя» повесінің жалғасын оқыңдар.



1. Шығармадағы ауыл көрінісі, ауыл тіршілігі қалай суреттелген? Оның суретін салып көріңдер.
2. Шығармада қазақтың қандай салт-дәстүрі айтылады? Қазіргі кезде сол салт-дәстүр сақталған ба?
3. *Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қақбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын, –* деген автор сөзінен нені түсінуге болады? Осы сөздер арқылы автор не айтқысы келді деп ойлайсыңдар?
4. Шығармадағы жазушы мінезіне сипаттама беріңдер?



1. Жауынгер-жазушы Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерін ғаламтордан тыңдап, жаттап алыңдар.
2. Шығарманың әр бөлігіне атау беріп, мәтіннің мәнін ашатындай сұрақ құрастырыңдар.
3. Әженің айтқан аңыз әңгімелерін, ертегілерін ұнтаспадан тыңдап, одан қандай өнеге алуға болатынын айтып беріңдер.
4. Шығармадағы көркемдегіш сөздерді табыңдар:

Кейіпкерлердің сырт тұлғасының суреттелуі	Шығармадағы табиғат көріністері	Тұрақты тіркестер, нақыл сөздер



1. *Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам.*



Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын, – деген сөзді қалай түсінесіңдер? Ата-әжелердің дана тәрбиесі туралы ой-пікір бөлісіңдер.

2. «Менің отбасым» деген тақырыпта өз отбасыларың мен туған-туыстарыңа құрметтерің туралы ойтолғаныстарыңды жазыңдар.
3. Бауыржанның балалық шағын төменгі сыныптарда оқыған Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа», С.Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармаларымен салыстырыңдар:

Мінезі	Балалық шағы	Тәлім-тәрбиесі



1. «Бауыржан Момышұлы – әр қазақтың үлгісі» атты тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
2. Өздеріңнің де балалық шақтарың туралы шағын мақала немесе әңгіме құрастырыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Бауыржан Момышұлының әскери өмірі		
Оның атақтары		
Шығармалары		
...		



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Өз отбасыларыңда ертегі, аңыз айтатын кім? Өздеріңе қандай ертегі мен аңыз ой салды? Отбасында айтылған ертегі мен аңыздың қайсысын достарыңа айтқың келеді?



Тыңдау CD 3-1. Бауыржан Момышұлы. «Ұшқан ұя» повесі.
Оқыған: Нұрбол Садырбай



ДУЛАТ ИСАБЕКОВ



Дулат Исабеков
(1942 жылы туған)

Дулат Исабеков – қазіргі заманның көрнекті жазушысы, драматург. Ол 1942 жылы 12 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Қазақ телевизиясының бас директоры, «Жазушы» баспасының директоры, т.б. көптеген жауапты қызметтерді атқарған.

Дулат Исабеков өзінің алғашқы шығармаларын әңгіме жазудан бастаған. Оның алғашқы әңгімесі «Жолда» деп аталған, ол 1963 жылы жарық көрді. Өткен ғасырдың 90-жылдары жазған «Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі», «Талахан – 86», «Социализм зәулімі» әңгімелері – қазақ әдебиетінде өз бағасын алған шығармалар. «Бекет» (1966), «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер» (1970), «Қара шаңырақ» (1973), «Тіршілік» (1975) повестер мен әңгімелер жинақтары шыққан. Оған қоса Д.Исабековтің «Гауһар тас», «Пері мен періште», «Қарғын», т.б. көптеген повестері мен романдары бар.

Дулат Исабековтің шығармашылығы көпқырлы. Ол прозалық туындылар жазумен бірге драмаларды да ұтымды ұсына біледі. Оның алғашқы пьесасы «Ректордың қабылдау күндері» деп аталған. «Әпке» (1977), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), т.б. пьесалары еліміздің театр сахналарында қойылды. Тақырып тұрғысынан оның шығармалары – заманауи, кейіпкерлері – біздің дәуірдің адамдары, яғни біздің замандастарымыз. Оның туындыларынан қазіргі қоғамның мәселелерін сезінуге болады. Мұны жазушы өзінің азаматтық ұстанымы ретінде айқындаған. Ол кейіпкерлерін өртүрлі оқиғаларға араластыра отырып, көрерменін де, оқырманын да ойландырып, рухани түр-



ғыдан шындалуға мүмкіндік жасайды. Дулат Исабековтің шығармаларын оқып, пьесаларын тамашалаған көрермендер адамгершілік туралы ойлана-тын болады.

«Ай-Петри ақиқаты» атты повестері мен әңгімелер жинағы үшін оған 1992 жылы Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Көптеген шығармалары шет тілдеріне аударылып, жарық көрді. Оның пьесалары шетел театрларының сахналарында қойылып, қазақ өнерінің, көркем ойының биіктігін дәлелдеуде.

«ӨПКЕ» ДРАМАСЫ ТУРАЛЫ

Дулат Исабековтің «Өпке» пьесасы өзінің жазылу түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ерекше. Бір отбасының жағдайы сияқты қабылдауға келмейді, өйткені мұнда бауырмал әпкелердің бәрінің жинақты бейнесі сомдалған.

Негізі, бұл пьесаның жазылуына оның өз өмірі себеп болды. Әкесі Ұлы Отан соғысына алынып, кейін анасы қайтыс болған. Осындай қиын жағдайда отбасында үш ер бала қалғанда, тұрмыс құрған екі әпкесі кезекпен келіп, бауырларының жағдайларын жасаған. Үлкен әпкесі Бибіғали өз бауырларына қарап, олармен бірге ұзақтау тұрып қалғанында, іздеп келген күйеуіне айтқан: «Бауыр табылмайды, бауыр туып беретін әке-шешем қайтыс болып кетті» деген сөзі болашақ жазушының жүрегіне қатты әсер еткен. Дулат Исабеков соғыстан кейінгі қиын жылдарды көрген соң, ер-азаматтар жоқ кезде, әйелдердің еш қиындыққа мойымай, бір жағынан, еңбек етіп, екінші жағынан, отбасындағы жағдайлардың бәрін көтере білген аналарға ризалышығын білдіруді де ойлаған. Осылайша барлық әпкелердің бауырмалдық қасиеттеріне алғыс ретінде «Өпке» деген пьеса жазуды өзіне парыз санаған. Бұл пьесаның жазылу тарихы осындай.

Пьесаның басты кейіпкері – Қамажай. Ол жеке бастың қамынан гөрі бауырларының бақытын жоғары қойған. Өзінен жасы кіші бауырлары үшін ана орнына ана болған. Оны Теміржан «Мама» деп те атаған. Теміржанның да, Нәзиланың да еркеліктерін, тентектіктерін көтере білген. Кейін дұрыс жолға түсуге бет бұрған Теміржан үйінен алысқа жол жүрерде: «...тентектікті ана көтерсе де, дала көтермейді. Сырт көз – сыншы. Байқағайсың. ...Әйтеуір, қайда жүрсең де, абыройыңды

Тірек сөздер



Өпке
Бауырмалдық
Ана алдындағы
парыз

Іні
Келін



ұмытпа», – дейді. Мұндай ақылды тек қана жүрегі таза жанашыр адам ғана айта алады. Пьесадағы Қамажай сондай адам, оның образы арқылы барлық бауырмал әпкелердің жиынтық бейнесі жасалған.

«Әпке» пьесасы Қазақстанның барлық дерлік театр сахналарында қойылды.

«ӘПКЕ» ДРАМАСЫ (пьесадан үзінді)

Қатысушылар:

Қамажай

Омар – інісі

Тим, Тимур – інісі

Ермек – інісі

Наз, Нәзила – сіңлісі

Гауһар – Нәзиланың құрбысы

Кама, Кәмила – Тимурдың сүйген қызы

Сұлтан – Тимурдың досы

Сұлхан, Светлана – Сұлтанның қасындағы қыз

Қабен

Көрші әйел

1-бөлім

(Сахна төрінен Қамажай мен Қабеннің тұлғалары көрінеді. Қараңғыдан шығып, олар бері жақындайды).

(Қабеннің дауысы).

«Мен сені үш күн бойы күттім. Адамды осылай қорлауға бола ма? Балалар оянып кетеді деп, телефон соқтырмайтын өзің. Сондықтан бір парақ қағаз жазып отырмын. Қымбаттым-ау, күтудің де, шыдамның да шегі болады ғой. Неге келмейсің? Мені ұнатпайтын болсаң, күндіз телефонмен сөйлескенде, оныңды ашып айт. Кісіні өуре-сарсаңға салып қойғаның не? Бүгін тағы да күтем. Екеуміз әуелгі келіскен жерде. Өтінемін, жүздесіп кет. Бүгін сөз жоқ келгейсің. Өтінем, асыға күтем. Соңғы рет».

Қамажай:

Бір алапат сезім кіріп кеудеме,

Жұлқынғанда айта алмадым деп «Неге?»

«Өмір деген жалғыз сенің үйің бе?»



Халат тастап, далаға жүр, киін де», –
Деді маған ыдыс жуып жатқанда.

Ән естілді,

Көктем кеткен жақтан ба?..

Дала кезген самал болып кеттім мен,

Оралдым ба баяғы бір шақтарға,

Толқын болып тулап шықтым далаға.

(Екеуі қол ұстасады. Бірақ ұстасқан қолдары еріксіз ажырай береді).

* * *

(Қамажайдың үйі. Шашылған, бей-берекет көрініс. Қамажай, Омар, Тимур, Нәзила, кішкентай Ермек. Ортада Тимур отыр. Ол ішкенге ұқсайды. Алдында бөтелке).

Тимур. Кетіңдер. Бәрің де кетіңдер. Маған ешкімнің де қажеті жоқ. Өйткені мен ешкімге де қажет емеспін. Анам болса, бұйтпес едіңдер.

Қамажай. Саған не болған? Не айтып тұрғаныңды білемісің өзің?

Нәзила. Білмейді. Ол бүгін тұңғыш рет азамат болып, арақ ішіп келіп отыр. Азамат болғаныңыз құтты болсын.

Тимур. Батыр қараңды сайрамай. Өзіліңді көтерер жайым жоқ. Бағана жұмыстан шаршап келгенімде, біріңді таппадым. Құдай сендерге тек тіл берген.

Қамажай. Темір-ау, үйде болмасақ, қыдырып жүрген жоқпыз ғой.

Тимур. Қыдырып жүрсіңдер. Паркте. Жігітпен. Осы үйдің қамын ойлайтын жалғыз мен бе? *(Әкелері кіреді. Бәрі тұрған орын-орындарында қимылсыз қалады).*

Тимур. Ом. Наз... Қыдыр аралап жүрген екен десем, әкеміз екенсіз ғой. *(Әкелері үй ортасына кеп, бәріне үнсіз көз тастайды).*

Тимур. Жылаған баланың үніне қарайламап едіңіз, енді не іздеп жүрсіз? Құдайға шүкір, ер жеттік. Даусымыз да шықты, дауласып та жатырмыз. Көзіңіз өтіп кетер, сұқтанбай, тез кетіңіз. Кетіңіз, кетіңіз...

Қамажай. Тимур...

(Ол жайлап басып, шығып кетеді. Оның соңынан әпкесі жүгіреді).

Тимур. Әпке-е.

(Ермек оянып кетеді де, сыртқа жүгіреді).

Ермек. Әпке. Әпке.

Қамажай. Ермекжан, әпке дегенің қалай? Мен сенің мамаңмын.



Ермек. Жоқ, сен әпкем екенсің. Менің мамам өліп қалған. Сен әпкем екенсің, әпкем екенсің.

Қамажай. Жоқ. Мен сенің мамаңмын...

* * *

(Стол басында Қамажай, сіңлісі, сіңлісінің құрбысы тамақ ішіп отыр).

Нәзила. Илансаң бар ғой, әпке, таңертеңнен бері Гауһар екеуіміз дым сызған жоқпыз.

Қамажай. Немене, ақшаларың болмай қалды ма?

Нәзила. Жоқ, өзің берген ақшам да болды, Гауһар да құр алақан емес. Ательеге барып едік, адам көп екен, шаршап өле жаздадық. Так что, әпкешка, бүгін алдымызға күнжара қойсаң да, жей береміз.

Қамажай. Ақшаларың болмаса, ательеге неге барып жүрсіңдер?

Нәзила. Бұрынғы ақшалы кездерім еске түсіп... Ательеге ақшалы адамның баруы жаңалық емес. Қолыңнан келсе, ақшасыз барып көр. *(Күліп).* Жай айтқанымыз ғой. Әпке деймін, ательеге маркизет түсіпті. Гауһарда азын-аулақ ақша бар екен, мен одан қарыз ала тұрмақ едім. Кезекке тұрып едік, жете алмадық. Жете алмағанымыз да, дұрыс болды. Әйтпесе, кейін қайдан тауып берер едік?

Қамажай. Неге?.. Тауып береміз... Тимур ертең айлық алады ғой.

Нәзила. Оның айлығы өзінен артылмайтын болды ғой. Өткен жолы мен оны паркте бір қызбен көргем. Меніңше, финанс жағын сол кісі басқаратын болуы керек. Ал, енді іске кіріселік.

(Екі құрбысы сықылықтай күліп, тамақтан қарбытып жеуге кіріседі).

Қамажай. Ойбай-ау, сендердің қарындарыңның аш екенін білмей қалдым ғой, тамақты мол жасайтын едім. Өлгі Темірбек бір жолдасымды ертіп келем деп еді. Сол екеуінің... Жарайды, сол екеуінің сыбағасын салып берейін.

Гауһар. Жо-жоқ, апа, керек емес. Бізге осы да жетеді.

Қамажай. Азаннан бері дым сызбасаңдар, қайдан жетсін? Оларға... котлет қуырып бере салармын. Өкеліңдер ыдыстарыңды.

Нәзила. Біздің әпкешка бала сияқты. Не айтсаң, соған сене береді.

(Үйге Темірбек және гитара көтерген бір жігіт пен екі қыз сау етіп кіріп келеді. Бәрі көңілді. Қамажай тамақ қамын ойлап, аңырып тұрып қалады).

Нәзила. Әпкешка, котлетті көбірек қуыр.



Темірбек. О-о, біздің үйде той боп жатқан-ау, шамасы. Мамуля, мен білмейтін бұл қандай той?

Қамажай. Ө-ә... той емес... Жай, өзіміз. Жігіттер, қыздар, жоғары шығындар. Ермекжан, сен өз бөлмеңе бара ғой, көне. *(Ол кетеді)*. Ал, төрлетіндер.

Темірбек. Мамуля, біздің үйде той жоқ дейсің, неге той жоқ? Той бар. Енді болады. Бүгін екі жылдан бері бір фирмада істеп келе жатқан менің ең жақсы досым Сұлтанның туған күні. Және ол біздің босағаны бірінші рет аттап отыр. Демек біздің үйде бір емес, екі той өтуі тиіс. Ал, Кәмила, шығар сумкадағыларыңды.

Кәмила. Құп болады.

Қамажай. Темірбек-ау, мынауың... Күні бұрын неге айтпадың? Ұят боп қалды-ау, ә? Ылғи да асығыс. Тым болмаса, телефонмен бір ауыз айта салсаң етті.

Темірбек. Ничего, ничего, мамуля. Қуаныш атаулының ойда жоқта болғаны жақсы. Күні бұрын білген қуаныш – қуаныш емес. Эффектісі аз болады. Ал, Сұлтан, бұл кісі – менің әпкем, өзім мамуля деп атап кеткем. Мына қыз – қарындасым, оның қасындағысы – подружкасы. Екеуі институтта бірге оқиды. Ал, мына екі қыз – Кәмила және Светлана. Қазақша аты – Сұлухан. Аты – не очень удачный ат. Сондықтан Светлана деп кеткенбіз. Все мы уже знакомы, моя миссия окончена, теперь прошу за стол.

(Бәрі столға отырады).

Қамажай. Ал, туған күнің құтты болсын, інішек. Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал, өздерің отыра тұрындар, мен барып, котлет... імм... тамақ дайындап жіберейін.

(Шығып кетеді).

Темірбек. Наз, сен де осы үйдің қонағымысың? Мамуляға көмек бермейсің бе?

Нәзила. Таба алмай жүрген асыңның

Ит жегенін көресің...

Ретсіз бөлген дүниенің

Айтшы, Құдай, төресің...

Темірбек. Тоқтат! Тіліңді кесіп, язык отварной жасаймын.

Нәзила. Таптырмайтын деликатес! Менің тілім, міне *(Тілін көрсетеді)*. Кішкентай-ақ. Төртеуіңе жете қояр ма екен? Жарайды. Өзім закуска болғанша, ас үйге барып, бірдеңе әзірлесейін, жоғары мәртебелі тақсыр... *(Іліп, тағзым етеді)*.



Темірбек. Жоғалт көзіңді!

Нәзила. Құп болады, құп болады. Көзімді жоғалтайын.

(Лып етіп шыға жөнеледі).

Темірбек. Сендер оның сөзін көңілдеріңе алмай-ақ қойыңдар. Ол былай... аздап... ненормальный-лау...

...**Тимур.** Мұндай боларын білгенде, мен жолдастарымды үйге ертіп келмей-ақ, кафеге апарып, сыйлайтын едім. Енді олардың бетіне қалай қарамақпын. *(Киімін киеді).*

Қамажай. Қайда бармақсың?

Тимур. Кеттім. Өлгілерді қуып жетуім керек.

* * *

(Қамажай еден жуып жүр. Шүберегін сығып, шелегін көтере бергенде, үйге Тимур кіріп келеді. Өлі ренжулі. Шкафты ашып, ақ көйлегін, костюмін киеді).

Қамажай. Қайда жиналдың? Тамақ ішпейсің бе?

Тимур. Жаңа асханадан ішкенмін. *(Галстугін байлайды).*

Қамажай. Жұмыстан шаршап келеді деп...

Тимур. Рақмет.

Қамажай. Омар Мәскеуге ұшады екен. Жетекшісі шақыртыпты.

Тимур. Тағы да ақша құртады десеңші.

Қамажай. Өз стипендиясы өзіне жетеді ғой...

Тимур. Жолына жетер. Онан соң не істемек?

Қамажай. Енді... бір мәнісі табылар. Диссертацияны абыроймен қорғап шықса...

...**Тимур.** Бір жолдастың үйіне баруым керек еді. Қолың тисе, мына костюмді үтіктеп қойшы.

Қамажай. Ойымнан шығып кетіпті ғой...

(Тимур бәтеңкесін қолына алып, әрі-бері қарайды).

Тимур. Жұртқа көрсететін жөнді бәтеңкем де жоқ екен ғой өзі.

Қамажай. Ертеңгі айлығыңа алайық. Өзің таңда... Несі бар?

Тимур. Ертеңгі жалақымды қарызыма берем.

Қамажай (селт етіп). Қарыз. Қарызы несі? Оны неге алып жүрсің?

Тимур. Ө-ө... Бір шаруаға қажет боп қалып еді...

Қамажай. Бір шаруаға... Омар Мәскеуге жүретін еді...



Тимур. Жүрсе қайтпекпін? Естідім ғой, естідім, неменесіне қайталай бересің? Барсын... Жүрсін!

(Қамажай шкафтан Тимурдың костюмін алып, тазалай бастайды. Үтікті қыздырып, дәкені сулап жүргізе бергенде, сырттан Ермек жылап кіреді. Ол үтікті тастай салып, інісіне жүгіреді).

Қамажай. Құлыным, не болды, кім тиді саған?

Ермек. Марат ұрды.

Қамажай. Ол сені неге ұрады?

Ермек. Ол айтады, менің папам әскери ұшқыш дейді.

Қамажай. Несі бар, оның папасының әскери ұшқыш екені рас.

Ермек. Мен айттым, менің де папам әскери ұшқыш дедім.

Қамажай. Иә, ол да ұшқыш. Бірақ ол... Мараттың папасындай әскери ұшқыш емес.

Ермек. Неге?

Қамажай. Құлыным-ау, жұрттың бәрі әскери ұшқыш бола бере ме? Жарайды, шешініп, тынығып ал. Далада күн шыжып тұр. Саған қазір салқын компот берейін.

Ермек. Жоқ, ішпеймін.

Қамажай. Неге?

Ермек. Сен шыныңды айтпасаң, ештеңе де ішпеймін.

Қамажай. Ермекжан, сен не деп отырсың? Менің саған нені айтуым керек?

Ермек. Марат айтады, папаң сендерді тастап кеткен дейді. Ол ешқандай да ұшқыш емес дейді. Ол өтірік айтады ғой, ө?..

Қамажай. Кейін, кейін түсінесің, құлыным. Кейін, кейін...

(Оны құшақтаған күйі басқа бөлмеге алып кетеді. Стол үстіндегі үтік қатты қызып, түтін шыға бастайды. Үйге кеше телефонмен сөйлескен Көрші әйел сөйлей кіреді).

Көрші әйел. Кешіктім-ау деймін. Өлгі балшық боп кеткір байы құрғыр командировкаға барам деп... Барсаң, бар дедім. Мен де бір бейзабраз боп... Әй, Қамажай, ойбай, өрт қой мынау...

Қамажай. Бұл үйде ешқандай да өрт жоқ.

...(Әйел шығып кетеді. Қамажай күйген костюмді орындықтың арқалығына кигізіп, сіңлісінің көйлегін алады).

Қамажай (өзіне-өзі). Концерт... Бақыт...

(Көйлектің тігісін сөгіп, іс тігетін машинаға отырып, сырылдатып жүргізе жөнеледі).



(Тимур кіреді. Асығыс. Қамажай оның алдына жүгіріп шығады).

Қамажай. Темір, Теміржан. Кешірші мені. Өлгінде Ермек даладан жылап келіп...

Тимур. Мамуля, не боп қалды?

Қамажай. Соны жұбатам деп жатқанда...

Тимур. Түу, айтсаңшы тезірек, менің бір минут та уақытым жоқ. Костюмді үтіктеп қойдың ба?

Қамажай. Жоқ... иә... жоқ... Бүлдіріп алдым...

Тимур. Бүлдіргені қалай?

(Орындық арқалығынан костюмін алып, күйген жерін көреді).

Қамажай. Солай болды. Есімнен шығып...

Тимур. Көшеге киетін жалғыз костюмді, ақыры, өртеп тындыңдар ма? Енді қайтемін?

Қамажай. ...Алармыз.

Тимур. Алармыз, көрерміз, бір мәнісі табылар... Немен аламыз, немен көреміз, бір мәнісі қалай табылады? Бір туфли ала алмай жүргенде...

Қамажай. Қайтемін, әдейі істеген жоқпын ғой...

Тимур. Ал, бүгін немді кием? Жиынға майкамен бармақпын ба?

Қамажай. Омардың костюмін кие тұр.

Тимур. Сонда Мәскеуге ол майкамен кетсін бе?

Қамажай. Құдай-ай, енді не істесем екен? Білдірмей жамап берейін.

Тимур. Жамап? Енді жамау костюм киюім қалған екен ғой. Түу, осы үйден бір береке таппай-ақ қойдым-ау.

Қамажай. Неге олай дейсің? Береке таптырмай жүрген кім саған? Аузыңа не келсе, соны айта салатыныңды қайдан шығарғансың?

Тимур. Жалғыз костюмді жанып кетсе, енді не демекпін?

Қамажай. Жанбаса – құрып кетсін. Костюм, костюм деп, төбемді оятын түрің бар ғой. Керек болса, баратын жеріңе жалаңаш бар. Мен бір әдейі өртегендей... «Осылар ренжімесін», «Осылар қабақ шытпасын», – деп, жар құлағым жастыққа тимей жүргенде, естір сөзім осы ма? Даладан ашуланып келсеңдер – маған зіркілдейсіңдер, қуанып келсеңдер – маған еркелейсіңдер. Ал, мен кімге ұрысам, кімге еркелеймін *(Жыламсырап)*. Мен де... адаммын ғой. Көңіл жырту мата жыртудан да оңай ма сендерге?..

Тимур. Қит етсе, көзінің жасы дайын тұрады бұлардың.

(Костюмін қолына алып, әрі-бері қарайды. Қолын бір сілтеп, қайта орнына қояды. Телефон шырылдайды).



Тимур. Алло, а-а, Кама. Қазір, қазір. Бір шаруаға алданып, шыға алмай жатырмын. Ал, ұштым.

(Трубкины орнына қояды. Қамажай шығады. Ашуы тарқаған).

Қамажай. Қайда кеттің тағы? Қашан келесің?

Тимур. Мүмкін келмеспін. Мені күтпей-ақ, тамақтарыңды іше беріңдер.

Қамажай. Теміржан, байқа, төбелестен аулақ жүр...

(Телефон шырылдайды).

Қамажай. Алло.

Қабен. Мен ғой. Саламатсың ба?

Қамажай. Ә-ә... Сен бе едің? Саламат па?

Қабен. Даусың сынық қой, ауырып тұрған жоқсың ба?

Қамажай. Жоқ. Үй тіршілігінен шаршағандық шығар.

Қабен. Өткен жолы неге келмедің?

Қамажай. Мен бе?.. Мен... келдім.

Қабен *(күліп)*. Неге алдайсың? Мен екі сағат күттім ғой.

Қамажай. Мен келсем, сен ұзап кетіп қалыпсың.

Қабен. Шынымен бе? Шынымен, сен келдің бе?

Қамажай. Иә, мен барсам, сен жоқсың...

Қабен. Онда мен бүгін дәл сол уақытта тағы келемін. Осы сөзің рас болса, шығамын деп, уәде бер.

Қамажай. Иә.

Қабен. Қамажай. Не дейсің, тағы айтшы? Шынымен, шығасың ба? Қайта айтшы деймін.

Қамажай. Иә, иә. Шығамын...

* * *

(Үйде Омар, Нәзила, Гауһар. Қамажай кіріп келгенде, Нәзила орнынан ұшып тұрады).

Нәзила. Жолдастар *(Қамажай аңырып тұрып қалады)*. Біздің өпкейдің жеке мәселесін қарауға арналған үй жиналысын ашық деп жариялаймын. Түрлі себептермен жиналысқа екі адамымыз қатыса алмай отыр. Тимур қызбен кездесуге кетті. Ермек түнгі сағат он бір болғандықтан, жиналысқа қатыса алмайтынын мәлімдеп, ұйықтауға кетті. Жиналыс ашық дегендеріңіз қол көтеріңіздер *(Өзі бастап, бәрі қол көтереді)*.

Қамажай. Ойбай-ау, сендерді... бұларың не? Мен... сәл... кешігіп қалғаным...



Нәзила. Жолдас Оспанова, отырыңыз.

Қамажай. Мыналардың дені сау ма-ей? «Оспановасы» несі? Әпке немесе әлгі мамуля демеуші ме едіңдер?

Нәзила. Сіз бұл жайында өзіңізге сөз берілгенде айтасыз. Сонымен іске кіріселік. Осы шаңырақтың белді мүшесі, әрі басшысы Оспанова Қамажайдың өзге семья мүшелерімен ақылдаспай, өз бетінше жұмысқа орналасқаны бәріміздің ашуымызды қоздырғаны белгілі. Бұл мәселе жөнінде кімнің қандай ойы бар?

Гауһар. Мен Қамажай апайдың ертеңгі жұмыс күнімен құттықтаймын. Бірақ бізге айтпағанына өкпелімін.

Омар. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, әрбір адам өз қоғамына қай жағынан болса да, пайдалы болуға тиіс. Өйткені қоғам – адам ойының жемісі...

Нәзила. Сіз конференцияда лекция оқып тұрған жоқсыз, сондықтан нақты сөйлеңіз.

Омар. Ғылымға негізделмеген дәлел әлсіз болады, сондықтан сіздерге түсініктірек болсын деп...

Нәзила. Иә, әйтеуір, тез айтып болшы.

Омар. Бұл кісінің жұмысқа орналасуы заңды, бірақ біз үшін тым күтпеген жай. Демек, біздің семьяда шығын көп те, кіріс аз деген сөз. Бұл кісі финанс тапшылығын ескеріп, ұлттық табысқа өз үлесін қосуды ойлаған... Бұл мәселені өз қабырғамызбен кеңірек ойласып, жедел шешім қарастыру керек.

Нәзила. Болдың ба, әйтеуір?

Омар. Болдым.

Нәзила. Онда тезірек отырыңыз.

Қамажай. Е-е, міне, гөп қайда? Сендер менің жұмысқа орналасуымды намыс көріп отыр екенсіңдер ғой. Бұларың дұрыс емес. Сонда мен үйде қол қусырып, отыра бермекпін бе?

Нәзила. Жоқ, сіздің кондуктор боламын дегеніңіз ұнамайды.

Гауһар. Иә, иә.

Омар. Иә, иә.

Қамажай. Бұларың дұрыс емес. Жұмыстың жаманы жоқ. Ермекжан есейді. Үйде өзі қала тұрады.

(Үйге Тимур мен Сұлтан кіреді).

Сұлтан. Саламатсыздар ма?

Бәрі. Саламатсыз ба?

Қамажай. Түн жарымында қайда жүрсіңдер? Түрлерің қату ғой, тыныштық па?



Сұлтан. Тыныштық. Өткен жолы ұятты боп қаппыз. Сіздерден кешірім өтінемін.

Қамажай. Иә, айып бізде де бар. Үйге келген қонақты қуып шыққандай болдық. Қарындасың балалық жасаса, кешірерсің. Отырыңдар, неге сос-тиып қалғансыңдар? Қазір шай қоямыз.

Нәзила. Сіздің ерте тұрып, жұмысқа баруыңыз керек қой. Ұйықтамай-сыз ба?

Қамажай. Жұмыссыз-ақ ерте тұруға үйренгенмін ғой.

Тимур. Жұмыс? Ол не жұмыс?

Нәзила. Сіздің мамуляңыз, құрметті тақсыр, ертеңнен бастап, жұмысқа шығады. Автобустың кондукторы. Айлығы – отыз мың теңге.

Тимур. Мамуля, рас па?

Қамажай. Рас, рас.

Тимур. Ал, біз ше?

Қамажай. Бізі несі? Онда не болушы еді?

Тимур. Біз дегенім... ім... ім-м.

Қамажай. Әй, сендерге не болған? Сөздеріңде береке жоқ қой. Бір нәр-сені бүлдіргеннен саусыңдар ма?

Тимур. Мамуля...Біз... мен үйленемін.

Қамажай. Үйленемін?..

Сұлтан. Иә, үйленеді.

Нәзила. Осыған жетіп тындым де... Қош бол, бостандық!

Қамажай. Кімге?

Тимур. Камаға.

Пауза.

...**Қамажай.** Мен... мен не дейін. Бақытты болыңдар. Бірақ...

Тимур. Мамуля. Ом, Наз, Гауһар – сен де. Сендер, немене, менің үй-ленгеніме қуанбайсыңдар ма? Бәрі құшақтап... былай... бетімнен сүйіп, құттықтайтын шығар деп, алып-ұшып келсем... Қайғылы хабар естіген-дей, тұнжырадыңдар да қалдыңдар. Мен сендерге бөтенмін бе? (*Білегіне маңдайын қойып, қабырғаға сүйенеді*).

Қамажай (*көзіне жас алып*). Теміржан, қой, мұңайма! (*Келіп, оны құшақтап, маңдайынан сүйеді*). Сені... сені бөтен деп... Тойды жасаймыз, дүрілдетіп тұрып жасаймыз. Ақша деген табылады...

Тимур (*басын көтермейді*). Менің Госстрахта ақшам бар...

Қамажай. Госстрах?

Нәзила. Вот страховщик! Зәлімін қарашы-ей өзінің.



Қамажай. Теміржан, көтер басыңды. Иә, жөнделіп тұр. Тоқтатындар күлкіні. Енді ағаңның алдына бар. Ең әуелі соның рұқсатын алуың керек.

Тимур. Мен өзім де... солай етейін деп едім. Батылым жетпеді. *(Омарға жақындайды)*. Ом, рұқсат бересің бе?

Омар *(галстугын түзеп)*. Ім... мм... Семья – кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз. Семья басшысының бойында ұстамдылық, көргендік, кешірімділік, мейірбандық сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс. Оған қосымша, семья басшысы нәзік дипломат болғаны да жөн. Егер осы қасиеттер...

Тимур. Ом, бұл сенің рұқсат бермеймін деген сөзің емес пе?

Омар. Егер осы қасиеттер адам бойында қалыптасқан болса...

Тимур. Қалыптасқан.

Сұлтан. О-о, қалыптасқан, қалыптасқан. Үш айлық болды!

Омар. А?.. мұндай жағдайда, мен өз тарапымнан інімнің үйленуіне рұқсатымды беремін.

Қамажай. Сұлтан-ау, сонда той қашан болмақшы? Асығыс емес пе, әйтеуір?

Сұлтан. Жоқ, асығыс емес. Дайындалуға уақыттарыңыз бар. Бес күннен соң.

Қамажай. Бес күннен соң?! Ойбай-ау, асығыс болғанда, қандай болмақшы сонда? Енді қайттім? Дайындалу керек, оны-мұны сатып алу керек... Ертең жұмысқа шығатын едім...

Нәзила. Бір күнге сұранасыз да.

Қамажай. Шықпай жатып па? Қызық болды-ау өзі. Телефон соғып ескертейін десем, өлі ешқайсысын да танымаймын. Ертең ерте тұрып, барып айтармын енді.

Сұлтан. Сонымен ертең автобустар кондукторсыз жұмыс істейді.

* * *

(Түн. Бақ ішіндегі сәкіде Қабен отыр. Сағатына қарайды...Орнынан тұрып, әрі-бері жүреді. Қамажай Қабенге келеді).

Қабен. Япыр-ай, сен, шынымен, келдің бе?

Қамажай. Көріп тұрсың ғой.

Қабен. Кейде өз көзіңе сенгің келмейтін кезің болады екен. Сені көрмегелі қашан? Осы күндердің бөрінде де менімен бірге болдың, Қамажай. Айтшы, сен мені ойладың ба?



Қамажай. Қолым тимеді.

Қабен (*күліп*). Міне, тамаша! Ойлағың келіп еді, бірақ қолың тимеді. Егер қыруар жұмыстан сәл ғана қолың қалт етсе, мені ойлайтын едің ғой, солай ма?

Қамажай. Тіпті, ол да мүмкін.

Қабен. Маған осы да жетеді. Мен үшін бұл сөз «Сүйемін» деп, мың рет айтқаннан да қымбат.

Қамажай. О, о-о! Сен, тіпті, алқына сөйлеп, алыстап барасың ғой. Егер «Қолым қалт еткенде, сені ойлауым да мүмкін» деген сөзім «Сүйемін» деген сөзден мың есе қымбат боп көрінетін болса, онда бар ғой, мен еш уақытта қолымды қалт еткізбеуге тырысамын.

Қабен. Тамаша! Айта бер, сен қандай сөз айтсаң да, тыңдай беруге дайынмын. Мұнда кеп отыршы. Қамажай, мен бар ғой, мен... қалай айтсам екен... «Жақсы көремін» десем, жұрттың бәрі солай дейді, «Сүйемін» десем, оны қазір екінің бірі айтатын болды. Сенің... сенің жұлдызың менімен егіз жаралған сияқты. Сен болмасаң, мен өзімді жалғыз қалған жетім баладай сезінемін. Сенесің бе осыған?

Қамажай. Е-е-е! Болмайды. Сен мені адастырып барасың ғой.

Қабен. Болады. Болады, Қамажай. Айтшы, сен бес минут тып-тыныш отыра аласың ба? Жарайды, үш минут.

Қамажай. Әрине.

Қабен. Уәде – Құдай аты, оны бұзуға хақың жоқ.

* * *

(Қабен мен Қамажай есік алдына келіп тоқтайды).

Қамажай. Міне, енді үйге де келдік. Енді қоштасайық.

Қабен. Бірнеше күн бойы жолыңды тосқанымда, маған арнағаның осы бір-ақ сағат болғаны ма? Біраз жүре тұрсақ қайтеді?

Қамажай. Жоқ. Мен болмасам, кішкентайымыз ұйықтамайды.

Қабен. Ал... менің... әлгі сөзіме сол күйі жауап бермедің ғой.

Қамажай. Қабен... ол... ол қиын сияқты. Бір сағатқа қиып тастап кете алмай тұрған інілерімді өмір-бақи қалай қиямын? Мен... мен олардың әпкесі емеспін, анам көз жұмған сәттен бастап, мен оларға ана болғанмын. Саған үйлену керек... Ал, маған інілерім мен сіңлімді тәрбиелеу керек.

Қабен. Қамажай, сен уайымшылсың. Қойшы осындай сөздеріңді. Екеуіміз үй болған соң, кішкентай Ермекті қолымызға аламыз...



Қамажай. Мен сені түсінемін. Бірақ амалым не? Үйдегі төртеуі төрт азамат болмай, өз басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып, өке кетті, талқаны таусылып, шеше, байғұс, арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есеңгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмыт бола бастағанда. «Не болсаң, о бол» деп, өз жөніме мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ, Қабен, кешір мені. Бақытыңа кедергі болғым келмейді. Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болар. Сау бол. Таңертең ерте жұмысқа баруым керек. Өмірімде бірінші рет (*Күледі*). Балалардың тамағы бар, жуатын киімі бар. О-о, тірлік деген бастан асып жатыр.

Қабен. Жұмысқа өзім-ақ орналастыратын едім ғой.

Қамажай. Егер жұмысқа сен орналастырсаң, мен саған борышты боламын. Тұрмысқа шықпаймын деп айту қиын боп қалады.

Қабен. Мүмкін әлде де ойланарсың.

Қамажай. Ойланып болғаным осы.

Қабен. Тағы да күте тұрайын.

Қамажай. Жоқ, күтпей-ақ қой. Ал, сау бол. Қош. Қош!



Алматыдағы №119 мектептің 8–10 сынып оқушылары
Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасын сахналады





СӨЗДІК

Күнжара – күнбағыс тәрізді майлы өсімдіктердің майы сығып алынған қалдығы.

Ревизия – тексеру.

Әдебиет теориясы

Драма (грек. drama – қимыл-әрекет) – сахнаға арнап жазылатын әдеби жанр. Мұнда да сюжет болуы керек, сондықтан оқиғалардың шиеленісуі тартыс тудырып, ол кейіпкерлердің іс-әрекет, ой-толғаныстары арқылы танылады.

Пьеса – драмалық шығармалардың жазылу түрі.

Комедия (грек. comoedia – сауық-сайран, әуезді ән) – өмір құбылыстарының, мінез-құлықтың, іс-әрекеттің күлкілі жақтарын көрсету мақсатымен сахнаға лайықталып жазылған драмалық шығарма.

Трагедия – драмалық жанрдың бір түрі. Трагедия алғаш ежелгі грек мәдениетінде қалыптасып, сахна өнерімен қатар дамыған.

ШЕКСПИР ТІЛІНДЕ

«Сонау жалаңаяқ жас кезімде кезеңі туып, балқұрақ балалығымызды жойған фашистік Германиядан бөлек – біздің әкелеріміз жағында соғысушы Ұлыбритания мемлекеті туралы танып-білеміз деп ойладым ба? Сонда күндердің күнінде менің пьесаларым ұлы Шекспир тілінде Лондон сахнасында бірінен кейін бірі қойылады деп ойладым ба?».

Бұл – қазақтың көрнекті жазушысы Дулат Исабековтың 2017 жылғы қазанның 2-күні Лордтар палатасында сөйлеген сөзінен үзінді.

Сұрақ: жазушы қай елде сөйледі? Оның қай елде сөйлегенін анықтауға көмектесетін қай мәліметтер?

Жауап нұсқалары:

- Лондон елі. Шекспир.
- Ұлыбритания елі. Шекспир, Лондон.
- Британия. Лондон, Шекспир.
- Ағылшын. Шекспир, Лондон.





1. Дулат Исабеков туралы не білесіңдер? Оның шығармаларының ерекшелігі қандай?
2. Драма кейіпкерлерінің «әпке» сөзімен байланысы қандай?
3. Әдебиеттің тектері мен олардың түрлері жайында не білесіңдер?



1. Қамажай өзінің інілері мен сіңлісінің болашағы үшін басын бейнетке тігіп, жеке басының бақытынан бас тартып, барлық қиындықтарға төзеді. Мұның сыры неде?
2. Қамажай анасының аманатын орындады ма?
3. Қамажай бауырларына аналық жылу бере алды ма? Адам бақыты дегенді қалай түсінесіңдер?



1. Қамажай бейнесі сендерге қандай ой салды?
2. Шығармада Тимур мен Каманың қандай жөнсіз әрекеттері айтылған?
3. Шығарманың авторы кейіпкерлерге Тима, Кама деп ат қойып, олардың сөздеріне орыс тіліндегі қолданыстарды қосқан. Мұның себебі неде деп ойлайсыңдар?
4. Автордың «Әпке» пьесасын жазудағы ойы, мақсаты қандай?
5. Қамажайдың Камаға ренжүй орынды ма? Бұл жағдайға өз ойларың қандай?



1. Әпке ретінде Қамажай қандай адам? Ол бауырларына дұрыс тәрбие бере алды ма? Кімнің образы арқылы оның дұрыс тәрбие бергені байқалады?
2. «Әпке» драмасындағы кейіпкерлер образын жазушы қандай әдіс-тәсілдермен ашқан?
3. Прототип дегенді қалай түсінесіңдер? Оның бұл шығармаға қандай қатысы бар?
4. Сендерге пьесадағы қай кейіпкер ұнады? Неліктен?





1. Драманың тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. Қамажай сендер үшін қандай адам?
3. «Аман болшы, әпкетай!» деген тақырыпта Қамажайға хат жазыңдар. Қазір Қамажай сияқты әпкелер бар ма? Ой бөлісіңдер.
4. «Бақыт деген жеңіс немесе жеңіске апарар күрес» деген сөздің шығармаға қандай қатысы бар? Бұл сөзді кім айтады?



1. Хрестоматиядан пьесаның жалғасын оқыңдар.
2. «Бір минуттық эссе»
 - Мені таңғалдырды
 - Мен үшін қиын болды
 - Маған ұнады
 - Мен алдағы уақытта
3. «Мен бауырларымды жақсы көремін» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Дулат Исабеков туралы ақпараттар		
Шығармалары		
Драматургиясы		



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

«Әпке» драмасындағы кейіпкерлер мінездеріне ой жүгірте отырып, «Ұлдар мен қыздардың мінездері қандай болу керек?» деген тақырыпта өз көзқарастарыңды жазыңдар.



Ғаламтордағы Youtube желісі бойынша Дулат Исабековтің шығармашылығына арналған «Исабеков әлемі» атты хабарды тамашалаңдар.



Тыңдау CD 3-2. Дулат Исабеков. «Әпке» драмасынан бейнеүзінді.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ



Мұқағали Мақатаев
(1931–1976)

Мұқағали Мақатаев – қазақ әдебиетінде ақиық ақын атанған көрнекті тұлға. Оның азан шақырып қойған аты – Мұхаметқали. Ол 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысы Нарынқол, қазіргі Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылында туған. Әкесі 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, майданға аттанып, ерлікпен қаза тапқан. Сондықтан Мұқағали Мақатаев бала кезден еңбекке араласты. Қой бағып, егін орып, кетпен шауып, тірлік жасап жүрсе де, ауылдағы мектепті үздік бітірді. 1948 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсті. Бірақ ауылдан келген балаларға жатақхана берілмегендіктен, оқуын жалғастыра алмады. Содан ең-

бекке араласты.

Соғыс тақырыбы қазақ поэзиясында бір жаңа белес тудырды. Осы белесте Мұқағали ақынның да өз үлесі бар. Оның:

«Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,
Себебі үйімізден тірі аттанған», –

деген сөздерінде жеке бастың ғана емес, бүкіл замандасының жүрек лүпілі бар.

Оның екі өлеңі алғаш рет 1949 жылы «Советтік шекара» газетінде жарық көрді. 1952 жылы «Жастар жыры» атты жинаққа өлеңдері енді.

Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Ильич» деген атпен 1964 жылы жарық көрді. Кейін «Армысыңдар, достар!» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?» (1967), «Дариға жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975), «Өмір-дастан» (1976), т.б. көптеген кітаптары жарық көрді.



Ол әдебиет саласындағы қызметтерді ұйымдастыруда да өз үлесін қосты. Бүгінде «Егемен Қазақстан» аталатын газет ол кезде «Социалистік Қазақстан» деп аталған, осы үлкен басылымда Мұқағали Мақатаев әдеби қызметкер болған. Кейін Жазушылар одағында кеңесші, «Жұлдыз» журналының редакциясында поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Мұқағали Мақатаев лирик ақын болғанымен, оның шығармалары бір адамның жеке көңіл күйіне ғана арналмаған, жанрлық тұрғыдан ауқымы кең. Анасына, ерте қайтыс болған қызы Майгүлге, даңқты батыр Бауыржан Момышұлына, достарына жазған арнау өлеңдері бар.

Ал Отан туралы, туған жер тақырыбындағы шығармалары, жүректерге жететін ойлары суреткерлік ерекшелігімен танылған. Мәселен, «Отан» атты өлеңінде ақын:

Отан!
Отан!
Сен болмасаң, не етер ем?
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,
Өмірден бұл өксімен өтер ем.., –

дей келе, ойының шымырлығын:

Білесің бе,
Отанның сен не екенін?
(Екі өмір жоқ, әрине, жоқ екі өлім).
Екі Отан жоқ,
Жалғыз Отан – мекенің! –

деп қорытқан.

Отанды Мұқағали ақынша сүю керек, оның «Сүйемін, өскен Отаным!» өлеңі:

Сүйемін мен жерімнің
Топырағын, тасын да.
Сүйемін думанды елімнің
Көрісін және жасын да, –

деп, Отанның қадірін білуге үндейді.



Ал оның «Үш бақытым» өлеңіндегі халқына, ана тіліне, Отанына деген перзенттік махаббаты бүгінгі күннің үлгісі ғана емес, болашақ ұрпақтардың да мақтанып айтар көркем ойларына қызмет ететін болады.

Сонымен бірге ақын қуатының кеңдігін танытатын «Аққулар ұйықтағанда», «Алтай – Атырау», «Райымбек, Райымбек!» т.б. поэмалары да бар.

«Қош, махаббат» атты драмасы да халықтың қадірлі мұрасына айналды.

«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы 1973 жылы жазылған. Бұл шығарманың идеясы – ананың баласына деген махаббаты мен адамзаттың өзін қоршаған ортаны аялай білуі жарыстырылып, адамдарға ой салу. Табиғатты ғана емес, бейбітшілікті, тыныштықты қадірлеуге үндеу.

Мұқағали Мақатаев 1976 жылы 27 наурызда ұзаққа созылған науқас-тан көз жұмды. Бірақ ақынның өзі өмірден өтсе де, шығармалары мәңгілік оқырмандарын тапты. Оның өлеңдерін ұрпақ сүйсініп оқиды, жазған сөздерін әнге айналдырды. «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп, ұлы Абай Құнанбайұлы айтқандай, ақын тағдырына осылайша мәңгілік ғұмыр жазылды.

Ғасырлар өтсе де, ұрпақтар ақынның дауысын да ести алады. Мұқағали Мақатаев 1957 жылы Алматыдағы Қазақ радиосында диктор болып қызмет етті, оның даусы «Алтын қорда» сақтаулы.



Көлдегі аққулар

<http://www.stihi.ru/pics/2013/11/28/7601.jpg>



«АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА»
ПОЭМАСЫ

I

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.
Таста тұнған жаңбырдың тамшысындай,
Қалай біткен мына көл тау басына?!
Мөлдіреді, қарайды қарға, шыңға,
Жалғыздықтан жамандық бар ма, сірә?

Қанша ғасыр өтті екен, қанша заман?
Қанша ұрпақ кетті екен, қаншама адам?
Қанша шырша өсті екен, құлады екен,
«Жетімкөлге» қараудан шаршамаған?
«Жетімкөлден» су ішкен қанша марал,
Қанша киік қалды екен сай-салада?
Қанатынан үзіліп өн-самала,
Қаншама аққу кетті екен – аңсаған өн?

Ортаймаған «Жетімкөл» толмаған да,
Болған өмір ұқсайды болмағанға.
Сызат та жоқ бетінде, сызық та жоқ,
Айдынына аққуы қонбаған ба?!
Қызғыштары қиқулап, қорғағанда,
Сорлағанға ұқсайды, сорлағанға,
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,
Айдын көлдің иесі жол алғанда.
Жетісіп бір «Жетімкөл» қалушы еді-ау,
Тынушы еді-ау, теңселген қара орман да.
Таянғанда аққулар қонар маңға,
Басушы еді-ау, байызын бар арман да!

Тірек сөздер



Жетімкөл
Аққу
Қасиет



Қанатынан аққудың балапандап,
Өн ұшатын сымпылдап таң атарда.
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
Сыбырлайтын «Жетімкөл» Алатауға.
Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

Таң мен күннің арасы таянғанда,
Таудың басы алаумен боялғанда,
Тірілетін таудағы бар тіршілік,
Қанатынан аққудың оянған ба?!

Көмейінде тәтті үні былай қалып,
Жаға-талда жас бұлбұл түр ойланып.
Жетті аққулар.

Түгендеп «Жетімкөлін»,
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,
(Бірден көлге қонбайды құлай барып.)

Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын,
Асығыстық оларда болмайтұғын.
Қомағай көкқұтандар секілденіп,
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.
Сондайтұғын, аққулар сондайтұғын.
Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын.

Өлдилеп ақ төсінде, бермей тыным,
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.
Аққулар аман-есен қайтқанынша,
Суына «Жетімкөлдiң» шөлдейтұғын.
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын.)

Ұрпақтан ұрпақ алып жалықпастан,
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.
Заманнан заман өткен, жаңарған жұрт,



Аққуын айдын көлдің налытпастан
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.

Қайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,
Шойрылтып, түссе-дағы қайғым белге,
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,
Аққулар ұйықтағанда айдын көлде...

...Оралмады аққулар осы маңға,
Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба?
«Жетімкөл» жетімсіреп қала берді,
Арман-ай, аққуымен қосылар ма?!

II

Бала жатыр төсекте, албыраған,
Әке жатыр еденде, қалжыраған.
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.
Түні мынау – тамыздың маужыраған,
Тауың анау – шымылдық салбыраған.

Биік барып жаралған жер бетінен,
Сол байырғы «Жетімкөл» келбетімен.
Айдынында аққулар ұйықтап жатыр,
Сайдан соққан самалмен тербетілген.
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,
Қауышыпты қара орман, көл де, түн де.

Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,
Баласының ана отыр күйін бағып.
Қайдағы бір қатыгез, сұрқай ойлар,
Миын қарып барады, миын қарып.



«Сарқытындай өлімнің қалған қарға,
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!..»
Арагідік назарын аударады,
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.
Қауіптеніп түндерге, таңдарға да,
Үн шығармай ішқұса, зарлауда ана.

«Мана, күндіз, төуіп шал не деп кетті?!
Өлде өтірік, өлде шын демеп кетті...
– Аққуменен баланы аластандар,
Деді дағы жөйімен жөнөп кетті...»

– Тұрсаңшы, таяу қалды таң атуға,
Неткен жансың санасыз жаратылған?!
Манағы төуіп шалдың айтқан сөзі,
Ұмытылып кетті ме санатыңнан?
...Айналайын аққудың қанатынан,
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

«Жетімкөлге» барып қайт таң жамылып,
Таң атқанша қалайда тауға ілік.
Біреулердің көзіне түсіп қалып,
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!
Кім білсін, мүмкін, бөрі жалған үміт...

– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!
Атармын аққу құсты қалай ғана?!
Айдынның аққулары ұйықтағанда,
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,
Барлығы қасиетке қарайлаған
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?!

Адуынды жан екен алған жары:
– Жалғыз ұлдан артық па, жалған бөрі!
Балам өлсе, бақыттың керегі не?!
Топан су басып кетсін қалғандарын.



Перзент сұрап несіне армандадың?!
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!
Мылтықты әкел!
Атты ертте!
Жалған бөрі!

...Оятып дүниені дел-сал қылып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,
Таудағы тіршілікке өн салдырып,
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

...Қасқа таң.
Бұлбұл үні.
Көл бетінде,
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.
Бас бағып жағада отыр жалғыз ана,
Таңданып төкаппар құс келбетіне.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,
Айдын – төсек, аспанды жамылуда.
Арша, шырша, жартастар жағадағы,
Сұғынып, бөрі көлге табынуда.
Аласұрып, қан ойнап тамырында,
Ана-жүрек тыпыршып, қабынуда,
Не қыларын біле алмай, жабығуда.

Асқар белден күн нұры шашырады,
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,
Аппақ нұр – аппақ нұрға қосылады.
Көл – көкке, көк – көлге кеп асылады,
Ұйқысы аққулардың ашылады.
Сұлулыққа сұқтанып, қашып өлі.
Ана-жүрек солқ етіп, басылады.



Қызғанып, қызғыш байғұс шыр айналды,
Абыржып ана-көңіл мың ойланды.
Фазиздің көзінде емес, көңілінде,
Айдын көл астан-кестен лайланды.
Дәстүр, ырым, жәйімен құдай қалды,
Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.
Айдынның аққуының орынынан
Көргендей, көзі тұнып, құмайларды.

...Аққулар...

Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап.
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
Етермін тағдырыңды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
Бір мамығы майысса ауырсынып,
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
Бірде суға сүңгиді басын малып.
...Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,
Тыныштығын олардың қашырмалық.
Мерген отыр жағада.
Ей, ақша бұлт,
Жаулығыңмен оларды жасыр барып.

Бас бағады шыршаның қалқасынан,
Қаруынан қолында қан сасыған.
...Ал, аққулар,
Аққулар тарануда,
Сусып түсіп, су моншақ арқасынан.
Қарайды ана шыршаның қалқасынан.



«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,
Құлынымның қасынан неге кеткем?!
Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»
Ана отыр. Озбыр ойлар қамалауда,
Қамалауда, әлдекім табалауда.
...Аққулар ақ айдынды қалдырды да,
Тартты кеп, ана отырған жағалауға.

Шошымай шолжаң өскен батырларың,
Ана отырған шыршаға жақындады.
Көзі тұнған бейбағың, топ аққуға,
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.
Көздің алды көк түтін, ақыл жарым
Білмей отыр жаңағы тыныштықтың,
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын!..

Ию-қию көл маңы, астан-кестен,
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.
Жаңғырығып, жар салып, жартастар тұр,
«Жетімкөлдiң» қайғысын бастан кешкен,
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сыя алмай бір,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.
Мөлдіреген «Жетімкөл» көкке қарап,
Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр,
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.

Сан айналып, сұңқылдап ұшты дағы,
Сапар жолға мезгілсіз түсті дағы,
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,
Қарғыс атқан мекеннен күсті бөрі.
Тау жаңғыртып, тамаша құстың әні,
Қош айтысып көлменен, ұшты бөрі.
Көл бетінде көлбеңдеп, жаралы аққу,
Ұша алмайды, ұшпақ боп күш қылады...



Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.
Қан аралас қалқыған мамығымен,
«Жетімкөлдің» толқыны ойнап жатыр.
...Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,
Қалай алып кетерін біле алмастан,
Сүле-сапа, жағада ойлауда құр.

«Жетімкөлден» сән кетті мана тұнған,
Аққу кетті, өн кетті қанатында.
Асқар-асқар таулардан асып әрі,
Шың-құздардың үн қалды қабатында.
Аққу өні естілмей қалатын ба?
Алатаудан үзілтіп, Қаратауға,
Жаңғырығып жартастар таратуда...

Әдебиет теориясы

Гротеск (фр. grotesque – таңғажайып, өзгеше келбетті, итал. grotta – үңгір) – шынайы, нақтылы өмір мен фантастиканың шарпысуынан, әдепкі және таңғажайып оқиғалардың, кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні, т.б. шендестіруге құрылатын, әжуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырындағы Ұлтан құлдың бейнесін сомдауда гипербола (ұлғайту) әдісімен қатар гротеск тәсілі де қолданылады. Көз алдымызда өмірде кездеспейтіндей ұсқынсыз, ұнамсыз, фантастикалық әрі өте күлкілі адамның образы пайда болады:

Кеудесі болды кепедей,
Мұрны болды төбедей,
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегінің тесігі
Жүгімен түйе өткендей.
Құлағы болды қалқандай,
Мұрынына қарасаң,
Сығымданған талқандай.

Көзі терең зындандай,
Басқан ізін қарасаң,
Көрінед оттың орнындай.
Аузы үлкен ошақтай,
Азу тісі пышақтай.
Иегі бар сеңгірдей,
Бір батыр болды сол күнде-ай.





СӨЗДІК

Аластау – ауруды науқастан аластату, ұшықтау, «көшіру» үшін «Алас, алас» сөзін қосып айта отырып, жасалатын ғұрып

Күсу (көне сөз) – бір нәрседен қашқақтау, жоламау, түңілу, қол үзу, ат-тонын ала қашу.

Тәуіп – дәрілік шөптермен, т.б. емдеу жолдарын қолданатын емші.



1. Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы айттып беріңдер.
2. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына не арқау болған?
3. Ақынның жазған өлеңдері мен поэмаларын біліп алыңдар.
4. Ақынның сөзіне жазылған әндерді естігендерің бар ма, еске түсіріңдер.
5. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын толық оқып шығыңдар. Поэманы оқып шыққан соң қандай әсер алдыңдар?
6. Поэмадағы туған жердің, Жетімкөлдің сұлулығы, аққудың үні, қасиеті, айнала қоршаған ортамен үндестігі, ақынның сезімі қалай берілген? Әрбір сөздің орынды қолданылғанына назар аударыңдар. Алып тастауға болатын сөздер бар ма?



1. Ананың психологиялық жай-күйін ақын қалай суреттеген? Көл жағасында отырған ана қандай күйде болды? Ана не себепті аққуды атуға бел байлады?
2. Аққуды атқан ананың қасіретін, үйге оралғандағы жан дүниесін өз сөздеріңмен айтып беріңдер.
3. Поэмадағы негізгі драмалық тартысты анықтаңдар.
4. «Кие» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
5. Қазақ халқы аққуды неліктен қасиетті, киелі құс деп бағалаған?
6. Көл не себепті «Жетімкөл» аталған?



1. Поэмадан өздеріңе ұнаған шумақтарды жаттап алыңдар.



2. Поэмадағы жылқышы мен ананың диалогін кезектесіп оқып, сол сөздердің мәнін, мағынасын ашыңдар.



Поэманың сюжеттік желісі бойынша әдеби талдау жүргізіңдер.

Реті	Поэманың композициялық элементтері	Композициялық жоспар (Қандай оқиға болды?)	Суреттеу тәсілі	Поэманың тілі
1.	Оқиғаның басталуы. Пролог			
2.	Оқиғаның байланысы			
3.	Оқиғаның дамуы			
4.	Оқиғаның шиеленісуі			
5.	Оқиғаның шарықтау шегі			
6.	Оқиғаның шешімі Эпилог			



1. Бала өліміне не себеп болды? Баланы емдеуге болар ма еді?
2. Ананың орнында болсаңдар, қандай шешім қабылдар едіңдер?
3. Қазіргі таңда жылқышы қарт секілді табиғат жанашырлары бар ма?
4. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан қазақ халқының салт-дәстүрі, таным-түсінігі қалай суреттелгенін төмендегі сызбаға түсіріңдер.

Үлгі:

№	Мәтіннен үзінділер	Түйінді ой
1.	Оралмады аққулар осы маңға, Жылдар өтті, байғұстар шошынған ба?	Қоршаған ортаның қалыптасқан заңдылықтарына қарсы келмеу
2.		
3.		





1. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының соңғы бөлігін хрестоматиядан оқыңдар.
2. «Бала – аққу – ана» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Поэмадан алған әсеріңді баяндап, автор мен анаға хат жазыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы		
Шығармалары		
«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы		



Ғаламтордан Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндерді тыңдаңдар.



Тыңдау CD 3-3. Мұқағали Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді. Оқыған: Сағадат Сейітқожаева



III бөлім БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. *«Құрық деп берсем – құл болма,
Шыбық деп берсем – шіл болма.
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма»* деген бата айтылатын шығарманы табыңдар.
 - а) «Бақытсыз Жамал»
 - ә) «Даналық кітабы»
 - б) «Үшқан ұя»
 - в) «Шырағың сөнбесін»
2. Қазақтың тұңғыш романы қай жылы жарық көргенін табыңдар.
 - а) 1902
 - ә) 1910
 - б) 1924
 - в) 1909
3. Ұлы Отан соғысы кезінде И.В.Панфилов дивизиясының құрамында ерен ерлік көрсеткен қаһарман жазушыны табыңдар.
 - а) Бауыржан Момышұлы
 - ә) Қасым Қайсенов
 - б) Рақымжан Қошқарбаев
 - в) Мәншүк Мәметова
4. «Ертексіз өскен бала – рухани мүгедек адам» деген сөз кімнің шығармасында айтылғанын табыңдар.
 - а) М.Мақатаев
 - ә) М.Дулатұлы
 - б) Б.Момышұлы
 - в) Д.Исабеков
5. *«Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
Бір мамығы майысса ауырсынып,
Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,
Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!»* деген өлең жолдарының авторын табыңдар.
 - а) М.Дулатұлы
 - ә) М.Мақатаев



- б) Р. Мұқанова
- в) А.Байтұрсынұлы

6. «Білесің бе,
Отанның сен не екенін?
(Екі өмір жоқ, әрине, жоқ екі өлім.)
Екі Отан жоқ,
Жалғыз Отан – мекенің!» деген өлең авторын анықтаңдар.
- а) М.Дулатұлы
 - ә) М.Мақатаев
 - б) Р. Мұқанова
 - в) А.Байтұрсынұлы
7. «Енді қайттім, енді қайттім?.. Бір шаңыраққа ие бола алмағаным ба? «Теміржан мен келінімді неге сыйыстырмадың?» – десе, анама не деймін? Не бетімді айтам?». Кімнің сөзі екенін табыңдар.
- а) «Бақытсыз Жамалдағы» Шолпан
 - ә) «Өпке» драмасындағы Қамажай
 - б) «Күй аңызындағы» Жаңыл
 - в) «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы ана
8. Бауырларының бақыты үшін өз бақытынан бас тартқан кейіпкері бар шығарма мен авторын табыңдар.
- а) Д.Исабеков «Өпке»
 - ә) М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда»
 - б) М.Дулатұлы «Бақытсыз Жамал»
 - в) Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»
9. Бауыржан Момышұлына 1976 жылы Мемлекеттік сыйлық алған шығармасын табыңдар.
- а) «Адам қайраты»
 - ә) «Ақиқат пен аңыз»
 - б) «Ұшқан ұя»
 - в) «Москва үшін шайқас»
10. «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамалдың ғашығының атын табыңдар.
- а) Сәрсенбай
 - ә) Жұман
 - б) Ғали
 - в) Байжан






ҚИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚ

Армансыз адам болмайды. Арманы таусылған адамның болашағы жоқ. Осыны түсінген адам арманын жүзеге асыру үшін қиялына қанат бітіріп, ұдайы шығармашылық ізденісте болады. Бір кезде арман болған нәрселер ертегілерде айтылған. Мәселен, қазақ ертегілеріндегі ұшқыш кілем, т.б. бір кездегі қиял еді. «Піс, қазан» ертегісінде айтылған арман да бүгінде орындалған. Осылайша қиял халықтың игілігіне қызмет етіп, ол шындыққа айналды.

«Қиял мен шындық» деп аталған бұл бөлімде төрт өңгіме топтастырылған. Тахауи Ахтановтың «Күй аңызында» өнер адамының қиялы суреттелген. Ал Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесінде» Ләйлә қыздың бейнесі арқылы атом бомбасынан зардап шеккен халық тағдыры, заман шындығы суреттеледі. Қиялды іске асырып, халықтың тұрмысын жақсартатын жаңалықтарды қолданысқа енгізу керек. Алайда халыққа зиян жасайтын нәрселерден сақ болуға үндейді.

Жүніс Сахиевтің туындысы – ғылым мен техниканың дамыған кездегі ғылыми-фантастикалық шығармасы. Осындай шығармалар оқушы қиялын алға жетелеп, ой-өрісін дамытады.

Ал қазақ жазушыларының арасында авторлық фантастикалық шығарманы 1957 жылы алғаш ұсынған Ақжан Машанов. Бүгінде қазақ жазушылары бұл салада көптеп жазуда.



ТАХАУИ АХТАНОВ



Тахауи Ахтанов
(1923–1994)

Тахауи Ахтанов – қазақ әдебиетіне көрнекті шығармаларымен мұра қалдырған тұлғалардың бірі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы.

Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан. Адамзатқа қиянат жасаған соғысты көргені, шайқастың зардабын сезінуі майдангерді бейжай қалдырмайтыны анық. Сондықтан ол соғыс қасіретін жазбай отыра алмады. Оның қаламымен «Боран», «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін» атты майданның қасіреті суреттелген үлкен туындылар жазылды.

«Шырағың сөнбесін» дейді қазақ ізгі тілекпен. Автор ақ тілекпен айтылатын сөзді соғыс тақырыбындағы туындысына қоюы бекер емес. Бұл романның бас кейіпкері – он тоғыз жасар Нәзира, ол офицер Қасымбек Еділбаевқа тұрмысқа шыққан. Олар жаңа өмір – офицерлер өміріне енді үйрене бастаған кезде соғыс басталған. Ер-азаматтары майданда жүргенде, офицерлердің әйелдері жау тылында қалып қойған. Роман Нәзираның әңгімесімен дамиды.

Қасымбек майданда шейіт болды, бірақ ол ұрпақсыз қалған жоқ. Сол майдан жылдары өзінің ұлы Дулаттың дүниеге келгенін көрген. Роман соңында Нәзира Дулатпен бірге туған жерге, Ақтөбе облысына аман-есен жеткені баяндалған. Осылайша Қасымбектің шаңырағы шайқалмады, өйткені ұрпағы бар. Шаңырақтың отын өшірмей, шырақ болып жанып тұратын өмірдің жалғасы барын айтып, жазушы ой тастайды. Міне, роман тақырыбының «Шырағың сөнбесін» деп аталуының өзі осындай мазмұнға толы.

Тахауи Ахтанов, сондай-ақ, өнер адамдарына арнаған әңгімелер мен повестер де жазған. «Алғашқы ән» (1959) әңгімесінің басты кейіпкері –



композитор Серәлі деген жігіт. Ал «Күй аңызы» әңгімесі өнер құдіретін жеткізген. Жазушының шығармалары психологизмге толы. Оның өзі «Күй аңызы» туралы: «Қай шығарма болса да, бір түрткі керек. 1956 жылы «Күй аңызы» деген әңгіме жаздым. Мұның негізі халық аузында бар нәрсе. Ол былай: бір шалдың жалғыз нары ботасы өліп, суалып қалыпты. Сол ауылға бір кәрі, бір жас – екі күйші келе қалған екен, солар шалға: «Қызыңды берсең, нарыңды идіріп береміз», – депті. Осыған келісіп, екеуі күй тартады. Қарт күйші өз өнерінің күшімен нарды идірген екен, бірақ қу қыз түйенің емшегін қысып тұрып, кезек жас күйшіге келгенде сауады да, соған тиеді... «Нар идірген» күйінің аңызы есіме қайта түсті... Әрине, қыз қарт күйшіні алдай алған жоқ, ол бәрін көрді, бәрін түсінді. «Аһ, заманым өтіп кеткен ғой» деген ой жүрегін қарып өтіп, «Ар жағын сен тарт», – деп, домбыраны жас күйшіге тастай берді.

...Бар жазушы солай шығар, мен, әсіресе, әңгіме жазғанда, өмірде өзіме бір ой салған, ерекше әсер еткен оқиғаны өзек етемін»¹, – деп жазған.

«Күй аңызы» халықтық шығарманың, яғни аңыз сюжетінің желісі бойынша жазылған. Бірақ автор оны өзіндік суреткерлікпен жеткізген. Негізгі айтары – өнер құдіретінің күші және жас қыздың тапқырлығын ұрпақтарға үлгі ету. Халық мұрасына жаңа өмір дарытып, өзіндік жаңа ой қосу керек. Жазушы қарт күйшінің сөздері арқылы оқырманға өмір мәні туралы өз ойын жеткізді.

Негізі, Тахауи Ахтанов өзінің шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған. Соғыстан оралған соң, өлеңдері «Жастар даусы» атты жинаққа енген. Бірақ ол жазу еңбегімен шыңдала келе, уақытының көбін романдар мен драмалық шығармалар жазуға арнады. Оған қоса әдебиет сыншысы ретінде де абыройлы қызмет етті.

Қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов оның жазу ерекшелігін байқап, одан үлкен үміт күтетінін айтқан. Ал Әбіш Кекілбайұлы: «Жаңалықты жаңа өмір талабы туғызатыны, ол талаптардың қандай екенін, олардың неден өрбіп, неден туындап жатқанын тек кемел азаматтың ғана қапысыз ұғатыны, ал ондай кемел азаматтық биікке тек кемел талант қана шыға алатыны қашаннан белгілі. Ахтанов бойынан сол қасиеттердің екеуі де бірдей танылды» деген. Бұл – жазушы Тахауи Ахтановтың бүкіл болмысын айқындайтын шынайы сөз.

¹ Ахтанов Т. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2013, 372–373-беттер.



«КҮЙ АҢЫЗЫ» ӘҢГІМЕСІ

Тірек сөздер



Күйші
Домбыра
Нар

Екі салт атты адырдың басына желе-жортып шықты да, аттарының басын іркіп, алақан астынан алысты шолды. Төмен қарай көлбеу бара жатқан кең жазықтың шетінде мұнартып, оқшау тұрған жалаңаш тау көрінді.

– Анау Ипан тауы ғой, – деді жас жігіт қамшысымен нұсқап.

Жас жігіттің дауысы аңсағанын көргендей қуанышты шықты. Оның астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған кең мақпал қамзол, талдырмаш белін қызыл күдері белбеумен қынай бұған, басында төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік. Тек ер-тұрманы ғана жұпынылау. Бір кезде көк сауырлап жез шегені тізілте қаққан ері басқа біреудің астынан ауысқан сияқты, әбден тозып, бояуы оңып, жарғақтанып кеткен. Ердің артындағы ұзын қызыл қоржыннан шекпен қап кигізген домбыраның мойны шығып тұр. Оның қасындағы күрең атты жасы елуді алқындырған, әдемі дөңгелек қара сақалды, биік дөңес мұрынды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған, қағылез кісі. Бұл осы өңірге аты кең жайылған Естемес күйші еді. Ол маңдайына тосқан қолын түсіре берді де, етсіз салалы саусағымен қамшысының ұшын қағып алды.

– Бұл маңдағы ауыл көшіп кеткен-ау, – деді Естемес ойланғандай болып.

– Неге? Ауыл ылдида, Ипанның етегіндегі қайнарда болар, – деді жас жігіт.

– Қыбыр еткен бір қара көрінбейді. Бұл ауылдың малы әрі Ипан аспай, бергі осы бозда жайылатын еді ғой.

Жаңа ғана Ипанды көргенде балапандай талпынып, сергіген жас жігіт енді басылып қалды.

– Иә, мал көрінбейді, – деді ол дауысы солып.

Естемес жас жігітке өңі жылып, есіркей қарады.

– Шаршадың, білем, ә? Оқасы жоқ, ел болмаса да, қайнарда ат шалдырып, тыңайып алармыз. – Ол сәл күрсінгендей болды. – Күйшінің өмірі осы. Қамшыны тастай беріп, домбыра ұстайсың. Домбырадан босап кетсе, қолың тағы да тізгінде болады, солай, Оразымбет шырағым. Ал аттың терін басайық.



Енді екеуі асықпай, аяңмен келеді. Естемес қайтадан сөз бастады:

– Қарағым Оразымбет, маған ергеніңе жыл болып қалды. Құлағың сақ, қолың жүйрік жігітсің. Түбі, жақсы күйші сен боларсың. Бірақ күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қанша ел көрсем де, жер көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей, кетіп барам. Енді бір айналғанша, қарттық келеді. Нағыз отбасының жылуын аңсайтын кез сонда болар.

Естемес ауыр күрсініп қойды. Оразымбет ұстазын аяп кетті. Қабағы кірбеңсіз, көңілі ашық көрінген ұстазын іштей кемірген зор уайым бар екен.

– Сізге қарттық қайда, Еске! Әлі де біреуді айттыруға болады ғой. Алпыстағы Түлкібай да былтыр қыз алған жоқ па? – деді ол ұстазының көңілін аулап.

Естемес ащы мырс етті:

– Аңғыртсың-ау өлі. Немді көріп құда түсем?! Күйге қыз берген қазақты өлі көргенім жоқ.

Осы әңгімеден екеуінің де көңілі жүдеп, үнсіз келе жатты. Кенет суалып қалған жырада жалғыз нар көрінді.

Жолаушылар үйреншікті мал емес, жапанда жалғыз қалған адам көргендей, өлденеден тітіркеніп, аттарының басын тежеп, іркіліп қалды.

Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған. Тамыры құраған ағаштай семіп, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, күйіс қайырмай, қыбыр етпей тұрған мүсәпір бейнесі, әсіресе, телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі күйшіге қатты әсер етті. Оразымбет үрпип қадалып қалған Естемеске бұрылды:

– Еске, дұға оқып жіберіңізші. Елсіз далада мал кейпінде жын-шайтан жүреді деуші еді.

Өз сөзінің соңын көміп нар боздап қоя бергенде, Оразымбет «Астағы-пыралла» деп күбірлеп, кеудесін ұстады. Ішінен дұға оқып тұр ма, әлде айуанмен үнсіз тілдесіп тұр ма, Естемес бұған бұрылған жоқ. Нар аяғы жерге кіріп кеткендей ырғала ауыр қозғалып бұрылды да, теңселе аяңдап, кете берді. Төбе құйқаны шымырлатып, зарлап боздап барады.

– Ботасы өлген боз інген, – деп күбірледі Естемес атын тебініп қозғала беріп. Ойынан енді ғана сергіп, Оразымбетке бұрылды. – Көрмейсің бе, ботасы өлген ғой аруананың. Зары қандай ащы еді. Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды.

– Мен қорқып қалдым, – деп, Оразымбет шынын айтты. – Киелі шығар жануар.



Естемес тағы да үндемей қалды; көзі өткір жылтырап, өңі құқыл тартып, алысқа қарайды. Желе жортып кеткісі келген Оразымбет те оның өңіндегі құбылысты танып, атының тізгінін тартты.

Естемес аз уақыт үн шығармай, іштей ыңылдап, толқып келе жатты. Кенет атының шылбырын Оразымбетке тастай беріп, қолын кейін созып, қызыл қоржындағы домбырасын суырып алды.

Естемес домбыраның құлағын бұрап күйге келтіріп алып, машықты әуенмен қағып-қағып жіберді. Епті ұзын саусақтар пернені жоғарыдан төмен бірнеше қайтара жүгіріп өтті. Бірақ мұның бәрі жаттанды сарын еді. Аздан кейін күйші қолы күрмеліп қалғандай бір пернені басып, жалғыз ішекті шерте берді. Белгісіз тың әуен дүниесінің табалдырығынан аттап өте алмай, қиналған түрі бар. Оразымбет те демін ішіне тартып, ұстазының дидарына ынтыға қарап қалған; жаңа бір күй сарайының есігін ашқанша асыққан сабырсыздық бар өңінде. Ат жалына еңкейіңкіреп барып, Естемес ырғалып, кеудесін көтере беріп, тың күйді бастап кетті. Майда ырғақты, жұмсақ әуен бояуы оңып кеткен шүберектей күзгі құқыл даланың үстінде қалықтай берді. Сәл бәсеңдеп барып, домбыраның кеудесінен екі-үш ырғалып, өрең суырылып көтерілді де, ар жағы мұңды сазға, майда ырғаққа ауысты. Көңілі жүдеу бишараны жұмсақ алақанымен маңдайдан сипап, алыстағы бір болмашы үмітті нұсқағандай елес береді. Күй шым-шымдап ішке кіріп, көңілді босатып, қабақ астында қатып қалған жасты жібітіп, енді бір кез майда рақат самалымен желпіп сергіткендей болады.

Оразымбет тарамыс денелі, қатқыл өңді, егде кісіден дәл осындай жүрек қылын шертетін нәзік күй шығады деп ойламап еді. Ол ұстазының бетіне қарап, оны жаңа көргендей болды. Терең әжімді, ашаң жүзіне жастық балғын нұр жүгіріп, кішілеу өткір көзі дымқыл тартып, Естемес балқып тұр екен. Салалы ұзын саусағы буынсыз болып кеткендей, жібектей майысып, жыпылдап барады. Жаңағы бір сезімтал майда әуенді қайталап келіп, енді көтеріле бергенде, өрге шыға алмағандай тайғанақтап, күй сазы қайта шегінді. Тағы да бір-екі рет талпынып барып, булығып қалды. Естемес ыза болғандай, домбыраны қатты бір қақты да, бұрылып артындағы қоржынға салып қойды. Күйге еліккен Оразымбет ұстазының қолынан ұстай алып:

– Еске, ар жағын!.. – деді дауыстап. Естемес иіліп, атының тізгінін қолына алды.

– Ай, шырағым-ай, мені қинайтыны да сол ар жағы ғой. Бұл өзі көптен көңілді тербеп жүрген бір күй еді. Дәл осы арадан аса алмай-ақ қойдым. Қашан кемеліне келтіргенше, күйді көп алдына салмаған жөн. Халықтың құлағын қажаған күйші күйден садаға кетсін. Қашаннан әдетім: күйімді



өбден нақыштап алғанша, жанға есіткірмеуші едім. Ең аяғы, қасымдағы жолдасым сенен де бүгіп, осы күйді оңаша толғап жүрдім. Жаңағы бір оқиғаның қозғап жібергені ғой. Ар жағын алып кетем бе деп едім. Өлі де бір түрткі жетпей жатыр-ау.

Естемес көңіл толқуын баса алмай, аз бөгеліп, қайтадан сөйлеп кетті.

– Күй деген де ойдан туады. Қолың қанша жыпылдағанмен, көңілің қуыс болса, күй шықпайды. Жаңағы жарты күй осы жасқа келгенше ойланып-толғанып, түйгенім сияқты көрінеді өзіме. Қам көңілді жұбатсам деген бір арман еді.

Естемес ауыр бір күрсініп, ойынан қалт сергіді.

– Нарымыз ұзап кетті ғой. Кәне, сол Ойсылқараның соңынан ерелік, бір қараға жеткізер, – күйші атын тебінді.

Нар соңынан «әудем» жер еріп отырған екі атты Ипан тауынан бергі ылдидағы қайнарда жұпыны ғана жалғыз қараша үйді көрді. Нар үйге жеткенде басына үкілі тақия киген, талдырмаш денелі қыз шығып, бұйдасын шешіп, есік алдындағы қазыққа байлады. Екі атты да сау етіп келіп, «Хабарлас-ау», – деп, аттан түсті. Қыз бала қаймықпай, жолаушылардың қасына келіп, ізетпен үйге шақырып, Естеместің тізгінін алып, белдеуге өзі байлады.

– Әкемнің ұлы жоқ, айып етпеңіздер, – деді дауысы сыңғырлап.

«Дауысының өсемін-ай, құлақты қытықтап барады. Әрі еркін, әрі ибалы, мінезі де оңды екен», – деді Естемес ішінен.

Түндігі бүркеулі қара көлеңке үйдің ішінде жалғыз шалдан басқа адам жоқ екен. Ол орнынан тұрып, қонақтардың сәлемін алып, екі күйшіні төрге отырғызды.

– Жаңыл-ай, қалқам, түндік ашшы, – деп дауыстады. – Ал жол болсын, шырақтарым?

– Өлей болсын! Біз ел аралап жүрген күйші боламыз. Менің есімім Естемес. Мына жігіт Оразымбет күйші.

– Өзім де шырамытып отыр едім. Ана жылы ел осы қайнарда отырғанда екі күн күй тартып, құлақ құрышын бір қандырып кетіп ең-ау.

Осы кезде үйге Жаңыл кіріп, төменгі жаққа келіп отырды. Естемес қабақ астынан қыздың тұлғасын шолып өтті. Жасы он алты-он жетілер шамасында болар. Қою қара қасты, мөлдіреген қара көзді, дөңгелек жүзді, қара торының сұлуы екен. Үстіндегі жалаң көк көйлегі тозған. Шынтағындағы білдіртпей салған жамауын да күйші көзі шалып қалды. «Өттең, үлде мен бүлдеге ораса, жанып-ақ кетер едің-ау» деп қойды Естемес ішінен. Шал арғы ел, бергі елдің хабарын сұрастырып отырғанда да, күйші пейілі



түсіп, сөз арасында қызға қарай берді. Тіпті, бұл үйдің жолаушыларға сусын ұсынып, қазан астына от жағуды ұмытып кеткені де есіне келмеді.

Шал аз уақыт тұйықталып, төмен қарап отырды да, бір кезде басын көтеріп алып:

– Естемес шырағым, – деді. – Өлімнен ұят күшті. Сен келгенде, бір тостаған сусын тауып бере алмай, жерге қарап отырмыз.

– Жоқ, ақсақал, сіз қиналмаңыз.

– Неге қиналмаймын, қарағым? Биылғы жұт елді титықтатып кетті ғой. Арқалайтын да, асырайтын да жалғыз нарымыз анау жатқан. Ауыл көшерде бошалап кетіп, ботасыз қайтты. Суалып қалды. Қаңсытып, таңдайды кептіріп отыр, – деп, шал ауыр күрсінді. Содан кейін қызына бұрылды. – Жаңыл қалқам, қайнардан су әкеліп бер. Қонақтар шөлдеген шығар. Жаңыл иіліп тостағанмен су ұсынғанда, Естемес тағы да ұзағырақ қарады. Қыз көзіне көзі түсіп кеткенде, жүрегі бүлк ете қалды. «Сақалды басыммен сабырдан айырылғаным қалай», – деп кейіді өзіне. Бірақ көңілі құрғыр әлденеге талпынып алып барады. Сонау бір жастық шағы қайтып оралғандай еліте құмартады. Талайдан аңсағанын көргендей көз жазғысы келмейді. «Атастырған адамы болмас, өйтсе, шалды жұртқа тастап кетпейді ғой. Және ұзатылатын уақыты да жеткен ғой», – деп ойлады ішінен. Күйші осы күнге дейін аумалы-төкпелі халге түсіп, қыл үстінде тұрғандай қалтырайды. «Кім біледі, жер ортасынан асқанда төңірінің сарғайтып барып бұйыртқаны осы болар», – деген де ойға тіреліп, қайта ауытқиды. Көңіл аптығын басу үшін Естемес домбырасын алып, ақырын шерте берді.

Ойланып қалған шал басын көтеріп алып, тағы да тіл қатты:

– Апырым-ай, осы мал жарықтықтың күйге елігетіні болады деуші еді. Естемес шырағым, өнеріңді салып көрсең, қайтеді?! Хақ Тағала көз жасымызды көрсе, кім біледі, нарымыз иіп кетер. Салшы өнеріңді, қарағым. Қолымнан келсе, не сұрасаң да, берейін.

– Не сұрасам да, бересіз бе? – деп, Естемес жалт етіп, Жаңылға көз тастады.

– Беремін, қарағым.

Жаңыл сытылып, үйден шығып кетті.

– Ақсақал, сіз де елде жоқ қолқа салып отырсыз. Мен де елде жоқ қолқа салайын. Осы күнге дейін жар сүймей келе жатыр едім.

Шал Естеместің қолқасын түсініп төмен қарап, ойланып қалды.

– Апырым-ай, мынауың, шынында да, елде жоқ қолқа екен, – деді ол сәлден кейін. – Ай, бірақ сен де бір азаматсың ғой. Баламды қор қылмасың. Сөзім – сөз. Өнерің жетсе, тілегіңді бердім, қарағым.



Осы кезде Жаңыл есіктен қарап:

– Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар, – деді.

– Мейлі, болсын. Көне, Жаңыл қарағым, нарыңды тұрғызып, шелегіңді тоса бер, – деп, Естемес домбырасын ұстап, орнынан тұрды.

Жаңыл нарды үйге жақынырақ әкеліп байлады. Шал тулақ алып шығып, нардың алдына төседі. Естемес «Кешкен шандырыңды жібіте алар ма екем» деп, сынағандай нарды шолып өтті. Түйенің ендігі түрі манағы көргенінен бөлек. Балшықтан құйғандай денесінде қыбыр еткен тірлік белгісі жоқ. Басын манағы келген жағына бұрып, сонау алыс адырға құрғақ, жансыз көзін қадап, қатып қалған. «Апырым-ай, мына жануарды жібіту қиын болар» деп секем алып қалды Естемес. Осы кезде Жаңыл келіп, түйенің мойнынан құшақтап, басынан сипады. Нар сонда ғана селт еткендей болды. Естемес көзі тағы да Жаңылға түсті. «Мал баласына осылай пейілің түскені, жас та болсаң, аса мейірбан боларсың», – деп ойлап, күйшінің іші жылып кетті. Жаңыл қарындағы шелегін алып, түйенің желініне тосып, саууға ыңғайланды. Күйшінің жіті көзі қыздың әр қимылын қапысыз бағады. Бай ауылда күн, сауыншы аталатын еңбек әйелінің әр қимылында жарасымды ширақтық, әсем ептілік барына сүйсіне қарайды. Жаңыл бұрылғанда байқады, қыз жүзін ай бетіндегі мұнардай бір мұң шалып тұр екен. Естемес ішінен: «Қасымда тұрсаң да, алыстағы арманым екенсің, күй қанатымен қуып көрейін», – деп, Жаңылға телміре қарап сәл тұрды.

Күйші жүгіне беріп, «я, сәт!» деп, домбыраны қағып-қағып жіберді.

Жасы ұлғайып, қимылы ауырлап кеткен ұстазының жас жігіттей құлшынып шыға келгеніне Оразымбет таңырқай қарады. «Бір жылдан бері мен аңдамаған мінезін осы бүгін көрсетті-ау», – деп ойлады. Өншейінде жайғасып, малдасын құрып, тіпті шынтағына жастық қойдырып тартатын күйші, қазір бір тізелеп жүгініп отыра кетіп, сілтей жөнелді. Домбыраны қатты қағып, нарды бір елең еткізіп алды да, күйді бастап кетті. Алғашқы ырғағынан-ақ Оразымбет бұл жол үстіндегі өзі тыңдаған күй екенін танып: «Еске-ай, манағы тірелген жеріңде тағы да тайып құламасаң не қылсын», – деп, сескеніп қалды. Бірақ Оразымбет бұл күдігін тез ұмытты. Ол енді алғашқы рет тосын күй тыңдағандай көз шарасы үлкейіп, ерні түріліп, елтіп қалған. Күйшінің мына тартысы бөлек еді. Енді манағы мұңды әуеннің мағынасы артып, аяғы арманға ұласып барады. Жібек сазды ырғақтың арасында домбыра ақырын ғана күрсініп алғандай болады да, қайтадан сергіп, балапандай талпынады. Оразымбет лыпылдаған қанат сусылын естігендей де болды. Діріл қаққан күй тарауы майда қоңыр сазды



сарынға ауысты да, ақырындап көтеріле берді. Күйшінің саусағы домбыраның сағасына таман келіп безек қағып, күй аз бұлқынып жоғары өрледі де, суырылып барып, асқақтап жүре берді. Күйшінің қиналған жерден өтіп кеткенін сезіп, Оразымбет: «Аһ, сабазың, шыңыраудан суырып шығарды-ау!» деп сүйсінді. Алдынан кең өріс, алыс қиян ашылғандай оның да бойы сергіп қалды.

Естемес күйге елігіп, өзге дүниені ұмытып кетті. Талайдан бері арқаны құрыстатып, кеудені кернеп, булықтырып жүрген нәрсе түйіні шешіліп, қыртысы таралып, жанын сергітіп, әсем сазды күй болып дүниеге келе жатыр. Сарылып іздегені оңай табылып, шиеленісіп қинағаны тез шешіліп, күйші көңілі де күй қанатына ілесіп алысқа самғады. Сәл иіліп, талдырмаш тұлғасы әсем майысқан қыз бұлдырап алыстап, биіктеп кетеді. Сонау көкжиектен, сағым арасынан сыңғырлап күліп, еліктіре шақырғандай болады. Күйші көңілі соған талпынады.

Естемес қиялынан сергіп, нарға қарады. Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айырылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңыранды. Естемес оны да домбыраның ішегіне іліп әкетті. Күйші көзі Жаңылға түсті. Қыз нардың емшегін қысып ұстап, қатып қалыпты. «Апыр-ау, бұл неге саумай тұр», – деп ойлады Естемес. Нардың желіні тырсыып барады. Естемес қыздың әдейі саумай тұрғанын байқады. Кенет оған бір суық ой келіп, шошынып қалды. «Екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар» деген қыз сөзінің астары енді ашылып, есіне қайта түсті. Дір етіп, бір шошынып қалған күй әлгі тапқан жаймашуақ биігінен төмендеп, қайтадан мұңды сазға ауысып, күңіреніп барады. Сәлден кейін жалт еткен арманынан айырылып қалғандай, күй тағы бір талпынды. Естемес Жаңылға енді бір қарағанда, сығымдап қысқан сүйріктей ақ саусақтың арасынан шым-шымдап, сүт тамып барады. Күйшінің де көзінен жас тамып кетті. «Заманым өткен екен ғой!» – деп, аһ ұрып, жалт бұрылды да:

– Ар жағын сен тарт! – деп, саңқ етіп, домбыраны Оразымбетке тастай берді.

Оразымбет домбыраны қағып алып, жалғастырып тарта жөнелгенде, нардың сүті де шелекке сауылдап, құйыла берді.

...Біз қайдан білейік, ел «Нар идірген» күйі осылай туыпты деседі.





АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Домбыра – қазақ халқының өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік сипаты бар музыкалық аспап. Алғашқы кезде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған. Кейін күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен.



СӨЗДІК

Адыр – бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан белесті дөңес жер.

Бұйда – түйе не өгіздің мұрындығына тағатын бас жіп; бау.

Нар – жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе.

Аруана – бір өркешті таза тұқымды түйенің ұрғашысы.

Ойсылқара – түйенің пірі, сақтаушысы, атасы.

Тулақ – жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін пайдаланылатын кептіріп қатырылған шикі тері.

Інген – айыр өркешті түйенің ұрғашысы. Оны көбінесе сауын малы ретінде пайдаланады.

Әдебиет теориясы

Пейзаж (франц. pays – ел, жер) – әдеби шығармадағы табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.

Эллипсис (көне грекше elleipsis – сөз тастау, қысқарту, кеміту) – сөйлемнің бір мүшесін алып тастау арқылы құрылған сөз үлгісі. Эллипсис сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерін, өткірлігін арттырады. Эллипсисті сөйлемдердегі түсіп қалған сөздердің мәні белгілі болады.

Стиль (лат. stylus, грек. stylos – жазуға арналған таяқша) – қаламгердің жазу мәнері, ой түйінін ашу тәсілі, образдар жүйесінің тұрақты бірлігі. Стильдің жұмыс стилі, газет стилі, ғылым стилі, т.б. түрлері бар. Әдебиетте көркем құралдар тұтастығы, әдіс ретінде қолданылады. Көркемдік компоненттер мен түр ерекшеліктерін өз қажетіне асыруда, мазмұн байлығын тереңдете түсуде суреткердің стилдік ерекшелігі айқындалады.





1. Тахауи Ахтановтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы не білесіңдер?
2. «Күй аңызы» әңгімесі қалай жазылды?
3. Қазақтың аңызға айналған күйлері туралы естігендерің болса, әңгімелеп беріңдер.
4. Әңгімені түсініп оқып, күйшілердің іс-әрекетіне мән беріңдер. Олардың әңгімесінен нені байқадыңдар?
5. Жазушының күй және күйші туралы осынша тебіреніп жазуының себебі неде деп ойлайсыңдар?
6. Күй өнері мен күйшілер туралы жазған қандай жазушыларды, қандай шығармаларды білесіңдер?



1. Естемес күйшінің күй өнері туралы пікірінен нені байқадыңдар?
2. Екі жолаушының портреті суреттелген жерді тауып оқып, алдағы оқиғалармен қандай байланысы бар екенін айтыңдар.
3. Әңгіменің сюжеттік-композициялық жоспарын құрыңдар.

№	Құрылымы	Оқиға желісі
1.	Басталуы	
2.	Дамуы	
3.	Шиеленісуі	
4.	Шарықтау шегі	
5.	Шешімі	

4. Әңгімедегі кейіпкерлерге мінездеме беріңдер. Олардың портреттік сипаттамаларын жазыңдар.



2. Оразымбет ұстазы Естеместің құлшынысына неліктен таңғалды?
3. «Екі күйші, өнерлеріңді бірдей салыңдар» деген қыз сөзінің астарынан нені байқадыңдар?
4. Неліктен қыз нардың иігенін білдіргісі келмеді?



5. Естемес күйшінің «Заманым өткен екен ғой!» деп аһ ұруы нені білдіреді?



Өңгіме кейіпкерлерінің қарым-қатынасын ашуға қолданылған тілдік көркемдегіш құралдарға талдау жасаңдар.

Тапсырма	Мысалдар
Эпитет	
Метафора	
Теңеу	
Мақал-мәтелдер	
Тұрақты тіркестер	
Портрет	
Пейзаж	



1. Өңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
2. «Тек ер-тұрманы ғана жұпынылау. Бір кезде көк сауырлап жез шегені тізілте қаққан ері басқа біреудің астынан ауысқан сияқты, әбден тозып, бояуы оңып, жарғақтанып кеткен». «... кішілеу өткір көзі биік қабағының астында терең ұялаған, қағылез кісі» деген жолдардан нені аңғардыңдар? Асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңдар.
3. Елсіз ауылда жалғыз отырған шал мен қыздың тұрмыс-тіршілігі суреттелетін сөйлемдерді теріп жазыңдар. Ол сөйлемдерден қандай ой түйдіңдер?
4. Неліктен Естемес Оразымбетке «Күйімді үлгі етсең де, менің өмірімді үлгі етпе» дейді?



1. Жазушының өңгімені: «Біз қайдан білейік, ел «Нар идірген» күйі осылай туыпты деседі,» – деп аяқтауында қандай ой жатыр? Сендерше қалай аяқтау керек еді?



2. Әңгімедегі Естеместің махаббаты мен Жаңылдың махаббатының қайсысы шынайы? Жаңыл Оразымбетті жас болғаны үшін ғана ұнатты ма?
3. «Күй құдіреті» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Тахауи Ахтанов туралы		
Оның өмір жолы		
Шығармалары		

Әдебиет теориясы

Әңгіме – әдебиетте оқиғаны қарасөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Роман мен повестке қарағанда, әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аздау болады.

Жанрлық ерекшелігі оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі бойынша да айырмашылығы байқалады.



Ғаламтордан «Нар идірген» күйін тауып, тыңдаңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Жазушының «Күй аңызы» атты әңгімесін оқығаннан кейін дискіден «Нар идірген жігіт» және «Нар идірген шал» деген екі күүді тыңдаңдар. Сосын осы қшеуінен алған әсерлеріңді жазыңдар.



Тыңдау CD 4-1. Тахауи Ахтанов. «Күй аңызы» әңгімесінен үзінді.

Оқыған: Қайрат Еркебаев.

Халық күйі «Нар идірген жігіт». Орындаған: Нәби Жәлімбетов

Халық күйі «Нар идірген шал». Орындаған: Нәби Жәлімбетов



ЖҮНІС САХИЕВ



Жүніс Сахиев
(1950 жылы туған)

Жүніс Сахиев 1950 жылы 1 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Бөйдібек ауданы Алмалы ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан ата-анасы мен ағасы Сейділда айтқан ертегілерді тыңдап, аспан әлеміне қызығушылығы оянды. Сол кезде ғарышты игеруге тұңғыш қадамдар жасалып, әлемдік жаңалықтар басталған. Атап айтқанда, 1957 жылы ғарыш кеңістігіне Жердің бірінші жасанды серігі ұшырылды. Ал 1959 жылы Айға тұңғыш рет ғаламшарлық автоматты кеме жіберілді. Жүніс Сахиевтің өмірінде бұған қоса тағы бір әсерлі оқиға болды. 1960 жылы Оңтүстік Қазақстан өңіріне атақты жазушы Мұхтар Әуезов келді. Сондықтан анасы он жасар баласының көрнекті жазушыны

жақыннан көруіне мүмкіндік жасады. Осының өзін ана жүрегі жақсылыққа жорыды, жақсы адамның шарапаты тиеді деп, баласынан үміт күтті. Ана үміті ақталды.

Жүніс Сахиевтің алғашқы ғылыми-танымдық мақалалары мектепте оқып жүрген кезінен аудандық «Алғабас» газетінде жарық көре бастады.

Ол оқыған мектепте телескоп болған, бұл оның аспан әлемінің қырсырын білуге деген қызығушылығын арттыра түсті. Арман жетегімен ол Алматыға келді. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1977 жылы бітірді. Оның фантастика жанрын ғылыммен ұштастыруына табиғат құбылыстары әсер етті. Әсіресе, 1975 жылы шілде айында Айдың тұтылуын көруі оған қатты әсер етті. Осылайша ол ғылыми-фантастика жанрында жазатын болды. Оның өзінің Сүмбиле атты телескобы бар, ол осы құралы арқылы Күн мен Айға, Марсқа зерттеулер жасады. Марсқа жасаған зерттеулері үшін Кеңес Одағының Ғылым



академиясына қарасты Астрономия-геодезия қоғамының академигі атанды. Зерттеу мақалалары Мәскеу қаласында шығатын журналдарда жарық көрді.

Оның авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-фантастикалық романдарының бастауы 1971 жылы басталды. Өлі күнге дейін ол жалғасын табуда. Осындай еңбегінің нәтижесінде «Кеңістік көшпенділерінің» тоғыз томы жарық көрді. Ең алғашқысы «Тіршілік ұясы» (1983) деп аталған, екіншісі – «Борыш» (1987), үшіншісі – «Шеңбердің түйісуі» (повесть, 1991). Бұдан әрі «Көктен келген көшпенділер» (1999), «Марстан шыққан жаңғырық» (2002), «Қимайтын әлем» (2003), «Шолпанға көшкен ауыл» (2004), «Космотарих куәсі» (2006), «Су өлемінің саздары» (2008), «Жасампаздық қиырында» (2009), «Ғарыштан келген гүл» (2011), «Күзетші» романдары (2013) жарық көрді.

Жүніс Сахиев, сондай-ақ, С.М. Дагаев пен В.М. Чаругиннің 9–11-сыныптарға арналған «Астрофизика» және Е.П. Левитанның «Астрономия» кітаптарын қазақ тіліне аударған. Ол – «Астрономия» энциклопедиясының авторы әрі құрастырушысы.

Оның ғылыми-зерттеулері ел экономикасының дамуына оң ықпал етуге арналған. Тек экономика ғана емес, табиғатты қорғау, қазақ тарихы, өуендік дәстүрді сақтау, осылайша оның еңбектері оқырмандарына ой салады.

Жүніс Сахиевке Қазақстан Жазушылар одағы мен «Жандос» қоғамдық ұйымы бірлесіп бекіткен Жандос атындағы әдеби сыйлық берілді. Ол, сондай-ақ, халықаралық Байқоңыр сыйлығының да иегері.

2015 жылдан бастап жазушы Жүніс Сақұрпағы деген лақап атты пайдаланады.

«АЙДАҒЫ ЖАСЫРЫНБАҚ» ӘНГІМЕСІ

Жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы... Айнадай таза, кең де жарық класс бөлмесі көңілімізді сергітіп жіберді. Жазғы ұзақ каникулдан кейін бір-бірімізді кәдімгідей-ақ сағынып қалыппыз.

Бір кезде есік ашылып, Гүләйім апай кіріп келді.

– Сәлеметсіздер ме, оқушылар!

– Сәлеметсіз бе, Гүләйім апай!





Гүлөйім апай орындығына жайғасып, алабұртқан жүзімізге бір көз тастап қойды.

– Ал, жағдайларың қалай? Жазғы демалысты қалай өткіздіңдер?

– Жақсы! – дедік біз көңілді үнмен.

– Ендеше алғашқы сабағымызды соған арнаймыз. Кім қайда болды, не көрді, не түйді?

Біз бір-бірімізге қарап, жымысып қоямыз. Сол кезде Жантемірдің:

– Апай, жазғы каникулда Мерген планетолог әкесі Ертілеспен бірге Айда болып қайтыпты. Олармен бірге Сартай да барыпты. Солар айтып берсін не көргендерін! – деген дауысы саңқ ете қалды.

– Бұл жақсы жаңалық екен, – деді апай елең етіп, – қане, Мерген, Сартай, Айдан не қызық көріп қайттыңдар?

– Онда пәлендей ештеңе көрген жоқпыз, – деді Сартай жақтырмағандай Жантемірге бір қарап қойып, – Айда біз жасырынбақ ойнадық!

Бәрі ду күлді. Гүлөйім апай да сәл жымып алды. Класс іші тынышталған кезде мен апайға:

– Жасырынбақ ойнағанымыз рас. Бірақ ол Жердегі жасырынбақ емес. Мен бәрін айтып берейінші, – дедім...

– Біз Айға ғалымдардың арнайы кемесімен бардық, – деп бастадым мен әңгімемді, – Жермен екі арадағы геосинхронды, геостационарлы деп аталатын айналым жолдарды артқа тастаған соң, қонуға дайындалдық. Отырған орындығымызды тікейтіп, белдігімізді байладық. Соны күткендей, ғарыш кемесінің дүрілі күшейіп, бейтаныс ғаламшар табиғатына қарай құлдилап берді. Ай бетіне табан тіреуге жақын қалғанымызда қараңғы дүниеден денеміз түршікті. Өзіміз тани білетін Дауыл мұхиты, Жаңбырлар теңізі, Дағдарыс теңізі делінетін сусыз ойпаттар мен аттары есімде жоқ жыпырлаған қазаншұңқырлар қарайып, көзге шалынды. Қала шамдары жымыңдамады. Қол шам төрізденіп, көз қарықтырды да тұрды.

Көп кешікпей, кемеміз Ай бетімен жанасты. Біраз жылжып барып ғарыш айлағының алдына тоқтады. Сыртта бізді арнайы көлік күтіп тұр екен. Соған мініп, «Ғалымдар үйіне» жеттік. Көкем, Сартай және мен – үшеуіміз бір пәтерге орналастық. Сол бір сәт екеуіміз үшін әлі қорқынышты. Өзіміз жатқан бөлменің үлкен терезесі сыртындағы Ай термометрі 200 градус суықты көрсетті де тұрды. Сартай екеуіміз көпке дейін көз іле алмадық. Жердегі қараңғылық жай екен. Ай аспанындағы жұлдыздар да



жымыңдамайды. Айналаның бәрі бейне бір күл шаңының астында қалғандай, көңіл құлазытады. Тіршіліксіздіктің нағыз көрмесі де сонда екен. «Пәтердегі жылу жүйесі сәнсе, әп-сәтте мұз болып қатып қаламыз-ау» деп те қорықтық.

Айдағы таңның атуы, Күннің көтерілуі ұзаққа созылды. Күн өзіміз Жерде жүріп қарағанда, батыс жағы дейтін оң жақ шетінен – Дағдарыс теңізі жақтан шығады екен. Айда ол – шығыс. Ондағы жарты күн Жердегі екі аптаға тең. Оны бәріміз де білеміз. Біз Жерден өліара қарсаңында аттанғанбыз. Өліара кезінде Ай Күн мен Жердің арасында болады ғой. Сөйтіп, ол Күнмен қабат шығып, бірге батады. Ал бірер күннен соң, Ай Күннің сол жағына өтіп, Жердің батыс жағынан қияқтанып көрінеді. Біз оны жаңа Ай туды дейміз. Ал сол кезде Айда, шын мәнінде, таң атып, Күн шығады екен. Сартай екеуміз қазақ халқының оны ежелден-ақ дәл білгеніне қайран қалдық.

Жер есебімен екі тәулік өткенде, қалашық орналасқан аймақ жарықтанды. Бірақ Жердегідей емес. Тас қараңғы ғарыштағы Күнге шағылысқан бір домалақ дененің бетіне сәуле түскендей ғана көрініс. Не көгілдір көкжиек жоқ, не аспанды шарпыған әсем бұлт жоқ. Күннің сәулесі де шашырамай, бажырая қалған. Көз қарықтырады.

Күн сәулесі Дағдарыс теңізін жартылай жарықтандырған кезде Сартай екеумізге сыртқа шығуға рұқсат берілді. Ал көкем бастаған ғалымдар зерттеу жұмысына әлдеқашан кірісіп кеткен. Назарымызды Ай бетін дірілдете баяу жылжып бара жатқан зауыт бөлді. Көкемнің түсіндіруінше, олар Ай топырағынан оттегі және тағы басқа Ай базасына қажетті технологиялық заттарды өндіруге арналған.

Жер бізге қара аспанға іліп қойған шыны шар төрізденіп көрініп тұрды. Оның бірінші ширегі, толуы, соңғы ширегі әрбір жиырма төрт сағат сайын айналып келіп жатты. Алғашқы кезде оған қарай беретінбіз, бірақ кейіннен көзіміз үйреніп кетті.

Сөйтіп, арнайы жеңіл комбинезон, аяғымызға салмақ ауырлатқыш бөтекке киген біз серуенге шықтық. Айдың ылғалданған құм сияқты топырағына ізіміз бадырайып түсіп жатты. Кейде балалығымыз ұстап, әрі-бері жүріп, ізімізбен сурет саламыз, атымызды жазамыз. Әйтеуір, бір ескерткіш жазып қалдыруға тырысамыз.

Күн мейлінше баяу көтерілген сайын қазаншұңқырлардағы көлеңкелер қысқарғандай болды. Бірақ онда көлеңке мен Күн сәулесі біреу ақ, қара бояумен бояп бөліп тастағандай, екі бөліктеніп тұрады. Ай беті баяу болса



да, қара бояудан жуылғандай елеусіз өзгереді. Өлгі жылжымалы зауыт-автоматтар алдымызда ап-анық көрінеді. Аяқ астымыз қуыс шардың үстінде тұрғандай қатты діріл қағады. Талай-талай шаршы метр алаңдарды алып жатқан жалпақ Күн батареяларының панельдері Күн сәулесіне шағылысып, жарық қоса түскендей болады.

Ай бетінде қазаншұңқырлардың көп екені бәрімізге белгілі. Біз қалашық орналасқан Дағдарыс теңізінің тегіс деген жерлерімен жүрдік. Сөйтіп, шағын бір шұңқырға тап болдық. Ол оншалықты терең емес екен. Қарайған көлеңкесі әлі де болса, бір жағына жантайып, қара сиясы төгілген сауыттай болып жатыр. Сол кезде мені «Шұңқырға түсіп бір байқасам қайтеді?» деген әуестік биледі.

Содан абайлап, шұңқыр ернеуіндегі тастарға аяғымды тіреп, қолмен де ұстап, жайымен ішіне түстім. Сартай сыртта, маған бір жағдай болғанда, қол ұшын беруге әзір. Шұңқырдың іші әжептеуір үлкен, кең әрі тегіс еді. Мен көлеңкеге ендім. Сол-ақ екен, комбинезонымның сол жеңіндегі термометрдің түтікшесіндегі қызыл түсті сынап төмен қарай жылжи жөнелді. Денемді суық алғандай күй кешіп, сәл кібіртіктеп қалдым. Бірақ қайта шығуға намыстандым. Сөйтіп, қап-қараңғы дүниеге тап болдым. Айдың Күн сәулесі түсіп тұрған жағы өзінше бір бөлек дүние сияқты. Төбемде әлгінде ғана көмескі көрінген жұлдыздар жыпырлайды.

– Мерген! Ей, Мерген, – деген хабар жетті шыны дулыға ішіндегі дыбыс қабылдағыштан.

Мен жалт бұрылып, жоғары қарадым. Ойыма «Сартай бірдемеге ұшырады ма?» деген күдік келгенді. Қарасам, ол көз алдын оң алақанымен қалқалап, әлдекімді іздеп тұр. Мені көрмейтін тәрізді.

– Не болды саған, Сартай? Кімді іздеп тұрсың? Әлде көзіңе ұшатын беймәлім бірдеме елестеді ме?

– Жоқ! – деді Сартай іліп алғандай, – көзіме ештеме де елестеген жоқ! Мен сені таппай тұрмын!

– Таппағаның қалай? Мен ешқайда кеткен жоқпын!

– Көлеңкеге енген бойда зым-зия болдың! – деді ол толқып.

– Ал сен менің көз алдымдасың!

– Көлеңкеден шықшы! – деді енді Сартай дегбірсізденіп.

– Жарайды. Қазір.

Мен көлеңкеден шықтым. Сартай мені жоғалтып тапқандай қатты қуанды. Шұңқыр ернеуіне шыға бергенімде, қолымнан тартып алып, құшақтай алды. Реңінің бозарғаны да шыны дулығаның ішінен ап-анық көрініп тұр.



– Енді сен түсіп көрші! – дедім мен.
– Оданда Жердегі сияқты жасырынбақ ойнасақ қайтеді? – деді Сартай.
– Қалайша?
– Не қалайшасы бар? Сен іздеуші, мен жасырынушы боламын. Көзіңді жұмып, елуге дейін санайсың. Содан соң, іздей бер!
– Жарайды, ойнасақ ойнайық, – дедім мен.

Санап болған соң, көзімді ашып, іздей бастадым. Жым-жырт. Мана жүрген жылжымалы зауыт-автоматты жүйелер де алыстап кеткен. Шұңқыр ішін әрі-бері қарап, Сартайды көре алмадым.

– Сартай! А, Сартай! Қайдасың, көріп тұрған жоқпын! – дедім енді өзім де үрейленіп.

– Мұнда тұрмын ғой! – деді ол мәз болып.

Артынша кеңк-кеңк күлгені де микрофонды қырылдатып жіберді. Мен де күлдім. Бірақ сонда да сыры беймәлім табиғатқа сенбей жүрексінемін. «Айда серуендейміз деп жүріп, бір-бірімізді жоғалтып алсақ» деген үрейлі ой билей бастады. Әрі-бері қарап:



Құпияға толы планета

<http://wallpapersfan.com/wp-content/uploads/2017/12/960158-www.wallpapersfan.com-1024x768.jpg>



– Ойын бітті, Сартай! Мен жеңілдім! Шыға бер! – дедім.

– Қазір! – деді ол.

Бір мезетте Сартай көлеңкенің шетіне шыға келді. Ол шұңқырдың ернеуіне жеткенде, қайта жоғалтып алардай қолынан шап беріп ұстай алып, өзіме қарай тарттым. Сөйтіп, ешқашан ойымызға келмеген жасырынбақ ойынын ойнадық. Кешікпей, Ай табиғатын зерттеу жұмысын аяқтап, көкем келді. Тамақтанып болғаннан кейін пәтерде отырып, екеуміз жаңағы көрген қызықтарымызды айтып күлдік.

– Бұл – күлкі емес, – деді әкем терезеден тіршіліксіз Ай табиғатына қарап отырып, – көлеңкенің қоюлығы Айдағы атмосфераның жоқтығынан. Күн жүйесі алғаш ғарыш шаң-тозаңынан пайда болғаннан кейін ғаламшарлардың тіршілікті жағдайға көшу кезеңдері бірдей өткен. Айдың да атмосферасы мен гидросферасы болған. Мұнда да бір заманда тіршілік қайнап жатқан. Мәдени дамудың жоғары шегіне жеткен Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластаған, оның ыдырауына әкеліп соқтырған. Озондық ойықтың ұлғаюы нәтижесінде Күн радиациясының электр магниттік ағымы, оған қоса қысқа толқынды диапазондағы рентгендік және ультракүлгін сәулелер ғаламшар бетіндегі тіршілікті жойып жіберген. Ай беті жалаңаштанып, шектен тыс қызып, жасыл желек біткен құрап, бұлақ, көл, теңіз бен мұхит буланып, ғарышқа ұшып кеткен. Қиыр ғарыштан қаңғып келген аспан тастары ғаламшардың бетін әжімге толтыра берді. Ай беті жыпырлаған қазаншұңқырларға толды. Ғаламшардың күнгей жағы құрғап, түнгі жағындағы ішкі суы мәңгілік мұз болып қатып қалды. Ай өз осінен айналуын мейлінше баяулатты. Біздің ғылыми зерттеуіміз осыны дәлелдеді...

Әкем мән-жайды Сартай екеумізге түсіндіріп болған соң, өзінше ойға батып, үнсіз қалды. Біз үлкен терезеден сыртқа көз тастадық. Жиегі қара пердемен тұтылғандай қап-қараңғы Ай аспанында менмұндалап әсем Жеріміз көрініп тұрды. Бір кезде Сартай:

– Енді мұнда жасырынбақ ойнамайықшы, – деді.

– Жарайды, енді ойнамаймыз, – дедім мен іле қостап, – онанда ана көрініп тұрған Жеріміздегі атмосферамыздың, гидросфера мен биосферамыздың тазалығын ойлайықшы.

– Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарыңда, – деді сол кезде көкем Сартай екеуміздің сөзімізді тыңдап болып, – достарыңа да түсіндіріңдер мұны...





СӨЗДІК

Геосинхронды айналым – Жер айналасындағы орбита.

Геостационарлы айналым – Жер экваторының дәл төбесінде шеңбер бойымен орналасқан орбита.

Озондық ойық – атмосфераның озон қабатында озон молекулалары жоқ ойық.

Әліара – Ай батырындағы соңғы екі күн мен жаңа туған Айдың көзге көрінбейтін алғашқы екі күні.

Қазаншұқырлар – жер бетінің ойыс келген жері, ойдым.

Әдебиет теориясы

Фантастика – әдебиетте өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанр.




1. Фантастика дегенді қалай түсінесіңдер? Фантастикалық шығармалардың қиял-ғажайып ертегілерден, аңыз әңгімелерден қандай айырмашылықтары бар?
2. Фантаст-жазушы Жүніс Сахиев туралы және оның фантастикалық шығармаларының ерекшеліктері туралы білетіндеріңді айтыңдар.
3. Әлемдегі және қазақтың қандай фантаст-жазушыларын білесіңдер?
4. Күн жүйесіндегі ғаламшарларды атаңдар. Ғаламшарлардың біздің өміріміздегі мәні қандай?
5. «Айдағы жасырынбақ» әңгімесін түсініп оқыңдар, ондағы ғылыми-техникалық сөздердің мәнін ашыңдар.



1. Айға сапар шеккен Мерген мен Сартай туралы әңгімелеңдер.
2. Ай бетіндегі табиғат суретінің ерекшелігіне назар аударыңдар.
3. Айдағы табиғат құбылыстары туралы Мергеннің әкесінің әңгімесінен қандай ой түйдіңдер?



- 
4. Айға сапар шеккен Мерген мен Сартайдың жасырынбақ ойнау туралы жауаптарына сыныптастары неге күлді?
 5. Ай табиғатындағы балалардың бірін-бірі көре алмай қалу құбылысының сырын Мергеннің әкесі қалай түсіндірді?



1. Жазушы Дауыл мұхиты, Жаңбырлар теңізі, Дағдарыс теңізі деген атауларды не себепті қолданғанын түсіндіріңдер.
2. Әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
3. Ай ғаламшарындағы құбылыстар туралы әңгімелендер.



1. Әңгіме желісі бойынша Жер мен Айдағы тіршілікті салыстырыңдар.
2. Ғылым-фантастикалық жанрдағы осындай шығармалардың құндылығы неде деп ойлайсыңдар?
3. Қазақ әдебиетінде ғылыми-фантастика жанрының қазіргі деңгейі қандай?
4. Мергеннің әкесінің зерттеу еңбегінен не түсіндіңдер, пікірлеріңді білдіріңдер.
5. «Мәдени дамудың жоғары шегіне жеткен Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластаған, оның ыдырауына әкеліп соқтырған» – деген сөздерден қандай ой түйе болады? Пікірлесіңдер.



1. Төмендегі тақырыптар бойынша топтарға бөлініп, қызықты әңгімелер құрастырыңдар:
«Егер кенеттен Күн сөніп қалса, не болар еді?»
«Жерден аспан әлеміне барып тіршілік етсек...»
«Күн мен түннің орны ауысып кетсе...»
«Ұшатын төрелкелер мені алып кетсе...», т.б.
2. Қазақ ғарышкерлері туралы мәлімет жинап, олардың жүргізген зерттеу жұмыстары жайлы біліңдер.
3. Автор әңгімені неге «Айдағы жасырынбақ» деп атады екен? Сендер қалай атар едіңдер?



4. «Қоршаған ортаны қорғау – әрбір азаматтың міндеті» деген тақырыпта мақала жазыңдар.
5. ЭКСПО–2017 – «Болашақ энергиясы». Қазақстанда өткен Халықаралық көрме тақырыбының осы әңгімемен қандай байланысы бар?



1. «Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарыңда» деген әке сөзінен қандай ой түйдіңдер?
2. Ғылым мен техниканың дамуынан жерімізге қандай қауіп төнеді? Оның алдын алу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Фантастика жанрының анықтамасы		
Фантастиканың бастауы фольклорлық шығармаларда		
Ғылыми-фантастикалық жанрдың ерекшелігі		



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Ғылыми-фантастика жанрындағы шығармалар туралы әсерлеріңді жазыңдар.



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Авторлық шығармада «Жаңа хабардан ел құлағы елу болды» деп жазылған, бұл сөйлемде көркемдеуіш құралдың қай түрі қолданылған?

- | | |
|----------|---------------|
| а) мақал | б) жаңа хабар |
| ә) аңыз | в) мәтел |



«ДАБЫЛ» ӨНГІМЕСІ

I

Ғарыштан келіп, Жер атмосферасына іліккен созылыңқы тамшы пішінді үлкен тас таңсәрідегі шырт ұйқыда жатқан ауыл үстінен ысқыра ағып өтіп, тау аңғарын жанай ұшып, жолындағыны күйдіріп-сыдырып барып, қара жерге жантая қадалды...

* * *

Ауыл ортасын қақ жарып өтетін үлкен көшенің оңтүстік-шығыс жағындағы екі қабат үйдің шамы бүгін ерте жанды. Ондағылар кеше кешке бүгін Ақтау баурайындағы кең сайға серуен құрып қайтпақ болып келіскен. Оның басты себебі осы үй иесі Төленнің туған інісі Жасағанның алыс астанадан келуі еді. Жасаған – жасы елуден асқан, орта бойлы, шашы сиреген, қыр мұрынды, қой көзді кісі. Қазаққа белгілі түрколог. Ғылым докторы. Жұмысы әркез қауырт өтіп жатқаны. Қазақ халқының қоныс тепкен ата жерінің талай-талай құпия сырларын ашқан ол. Жаңалықтың шегі болған ба? Жасаған уақытын бос жіберген жан емес. Қай кезде де ой үстінде жүргені.

Ол еңбегі еленбей қалған жоқ. Халқының сүйікті азаматтарының бірі болды. Осы ауылда оны ағасы Төлен ғана емес, күллі ел болып құрмет тұтып, қарсы алады. Ал Жасаған болса, оны тәкаппарлық көргендей ыңғайсызданып: «Осы ауылда туып-өстім. Енді оған мейман болғаным ұят. Құрмет атаулы бұл жерде маған артық. Бала кезімдегідей саф ауаны еркін жұтып, еркін жүріп-тұрғым келеді», – деп қашқалақтайды. Төлен де мұнысын түсінеді. Жүзіне қарап ештеме айтпайды. Бірақ, бәрібір, ол келгенде, қуанышын қайда қоярын білмей, тыпыршиды. Әйтеуір, бірдемені ойластырып қояды.

Бұл жолы да сондай бір әрекет жасаған еді. Төлен бүгін таң алагеуімнен тұрған. Малың қарап, өзенді аңғарға апаратын жол заттарын түгендеген. Жұбайы Перузат та қарап жүрген жоқ. Тамақ жағын реттеуде. Мұны сезген Жасаған да, әйелі Балайым да қарап жата алмады. «Тыныш ұйықтасын» деп, үйдің екінші қабатындағы демалыс бөлмесіне

Тірек сөздер



Ғарыш

Ғылым

Ғалым

Түрколог

Тастағы жазулар



төсек салып берсе де, екеуі еппен басып, тепкешекпен төмен түсіп, ағасы мен жеңгесіне көмекке кіріскен.

Ауылдың саф ауасы мен таңсәриден сайрайтын түрлі құстарының құй-қылжыған дауыстары, маңыраған қой, мөңіреген сиыр қаладан келген адамға өзгеше әсер береді. Ауылда туып, ауылда өссе де, қаланың шуы мен газ түтінінен жалыққан Жасаған ат шаптырым бақтың ішін аралап, жүріп алды. Содан соң Төленмен бірге қораға барып, соярға дайындаған қойды алысып шықты. Соның артынша гүр деген дыбыс естіліп, Төлenniң құрда-сы Қазыкен арнайы тауға ыңғайланған, дөңгелекпен де, адымдап та жүре алатын бесаспап көлігімен жетті. Төлен қақпаны ашатын түймені нұқи қойды. Ол ашыла бере, Қазыкен көлікті үй ауласына қарай туралады.

Төлен көліктің ішке қарай дұрыс өнуін қадағалап тұрды. Ол деген жеріне жетіп, кілт тоқтап, дыбысын сөндірді. Артынша есігі ашылып, іштен бірнеше адам түсті. Бастаушысы – бойшаң, арық, шашын сол жағына жантайта қайырған, көзілдірік таққан сары кісі Әбен мен оның жолдасы, орта бойлы, мұртты, қыр мұрынды, даусы гүрілдеп шығатын Таңатар. Онан кейін түскендер – осы үш еркектің әйелдері. Бірі – дөңгелек жүзді, тәмпиш мұрын, арық келген Айгүл, екіншісі – орта бойлы, арық, бірақ жүзі реңді, бетінде шамалы секпіл бар Ұлдай, үшіншісі – дөңгелек жүзді, толық бет, балық ауыз, бота көз Әсел. Айгүл – Әбеннің, Ұлдай – Қазыкеннің, Әсел – Таңатардың жұбайы. Бұлар – бір-бірімен жиі араласатын туыстар. Бүгін де абыр-сабыр бас қосып, сен, мен демей, әрқайсысы ебіне келген істеріне кірісіп кеткен. Жолаушылар көлігіне ұқсап келетін салонның артқы жағындағы арнайы бөлімге қой жайғастырылды. Содан кейін табақ-аяқ, құралдар қойылды. Көліктің екінші қабатындағы ашылмалы-жабылмалы тор қораптың ішіне алты қанат киіз үй бекітілді. Осындай ауызбірлік пен ынтымақтың арқасында туыстар уақыт өткізбей, жолға шықты.

Көлік Ақтауға қарай бет алды. Іште отырғандар көңілді еді. Әйел жағы әндетіп те қоя берген. Көлік шыныларынан көрініп тұрған табиғат аясы кім-кімнің де көңілін сергітер еді. Өн мен табиғат астасып, алыстан, әсем астанадан келген Жасағанның жан дүниесін тербеді. Ол ойға шомып, айнала төңіректі көзімен шолып өтті. Өзінің балалық шағын еске алды. Талай-талай шарлаған тау шатқалдарын, сайлардағы бұталарды, жабайы алма, алмұрт терген алыстағы күндерін ойлады. Одан бері қаншама жылдар өтсе де, Жасаған үшін бұл таудың барлық сыры ашылған емес. Әрбір тас өзінің қойнында бір-бір сырды жасырып жатқандай. Өзі де тауқұмар еді-ау. Сол тау мен тас енді өзінің халқының өткен тарихын, жазба ескерткіштерін



алдына жайып берген жоқ па? Иә, сонау бір замандағы ата-бабаның нақыл сөздерін, жырларын, әдет-ғұрпы жөніндегі мәліметтерін қойнында сақтап, «Міне, оқып ал» дегендей еді.

Балалық шақтан таныс үлкен сай аңғарына қарай бұрылғанда, Жасаған көлік терезесінің бірінен Ақтаудың ұшар басын қарады. Ол да мұның келе жатқанын жылы қабылдағандай, Күн сәулесіне шағылысып, әсемдене, төкаппарлана түскендей, Жасаған шыдап отыра алмады. Иығындағы фотокинобейне камерасын алып, тау табиғатын түсіріп алды. Көлік қия жолмен жылжып, үлкен иектен аса бере, камера тетігін тағы басты. Әркі жақтан таныс табиғат менмұндалап шыға келген. Аңғар ортасында гүрілдеп өзен ағып жатыр. Оның екі жағалауына топтана өскен қарағай ағаштар таудың сонау басталар басына қарай кеткен. Өзен жағасында жылқылар жүр. Алыстан тал бастарына қонып, қайта ұшып кетіп жатқан торғайлар да көзге шалынады. Оның кейбірі желмен ойнағандай қалбалақтап-қалбалақтап барып, аңғарға қарай құлдилай жөнеледі.

Көлік иектен асып, өзенге қарай құлаған бетте манадан бері тыйылып қалған өн де жалғасып кетті. Енді бір кезде өн тоқтап, әңгіме-дүкен басталды. Сөйлеуін сөйлеп отырса да, бәрінің көздері аңғар табиғатында. Осы кезде Әбен:

– Өзеннің арғы жағындағы тегіске тоқталық, – деді Қазыкенге бұрылып, – мына жермен дөңгелекті көлік өте алмайды. Адымдағыш аяғын қос.

Орта бойлы, денесі мығым, дөңгелек жүзді, қыр мұрынды, қысыңқы көзді Қазыкен «Мән-жайды түсіндім» дегендей басын шұлғып қойды. Көлік өзен жағасына жетіп, кілт тоқтап, сәл кідірді де, аяқтарын түсіріп, адымдап баса жөнелді. Су оның сирағынан да келген жоқ. Бірақ өзен арыны қатты, қой тастар көп еді. Көлік аяқтары қой тастардың ара-арасына гүмп-гүмп түсіп, түйеше теңселді.


– Міне, заманымыздың нағыз түйесі! – деп, рақаттана күлді Таңатар.
– Әйтеуір, бәрі темірге айналды ғой! – деп қойды Әсел.
– Қай нәрсенің де бір артықшылығы, бір кемшілігі бар. Қайтеміз, заман осы. Бұл менің күнделікті нан тауып отырған көлігім, – деп, Қазыкен суға бір қарап қойды.

Көлік теңселе-теңселе, арғы бетке өтті. Қазыкен бір тетікті басқанда, ол түйеше шөгіп барып, дөңгелектеріне жатты. Енді жұмсақ жылжып, Әбен көрсеткен тегіс алаңға тоқтады. Бұл – ауыл тұрғындарының жиі-жиі демалыс өткізетін орны.



Иштегілер бір-бірлеп сыртқа шықты. Жолдан мінген қасапшы Бөрібай қойды құшақтай көтеріп алды да, өзен жағасына апарып, аяқтарын жіңішке арқанмен байлады. Айгүл мен Ұлдай оған көмекке кетті. Қалғандар көліктің екінші қабатындағы алты қанат ақ үйді түсіріп, тігуге кірісті. Жасаған өзінің киіз үй тігуді ұмыта бастағанын білдіргісі келмей, аңдап сөйлейді. Тігушілер әуелі тор көз алты қанатты тұрғызды, сықырлауықты орнатып, бел арқанмен байлады. Содан соң бірі шаңырақтың күлдіреуішіне айыр қадап, жоғары көтеріп, ұстап тұрып, қалғандары уық шаншуға кірісті. Әрбір қанат он екі бастан тұратындықтан, уық қадау көп уақыт алмады. Ши орау мен киіз жабу да ежелгідей жедел орындалды. Бұл кезде өзен жағасындағылар да біраз жұмыс тындырған-ды. Қасапшы Бөрібай қойды әп-сәтте сойып, терісін іреп сыпырды. Екі келіншек қойдың ішек-қарнын үлкен шараға салып, өзен суына жуды. Содан соң етінен, бауырынан кесіп, қуырдақ дайындады. Үйді тігіп болғандар бұл кезде ішке көрпе төсеп, жайғасып та үлгерген еді.

Қуырдақ келгенше үй іші мұнда бұрыннан қоныстанған адамдар отырғандай, күбір-күбір әңгіме-дүкенге, емен-жарқын әзілге толды. Жасаған



Автоматты планетааралық станция (АМС)

http://itd2.mycdn.me/image?id=862908992135&t=20&plc=WEB&tkn=*lxE0wy-P_2b_yHyE_kTGiMhK9wI



алыстан келген мейман ретінде төрден орын алған. Қалғандары айнала жайғасып, назарды соған аударған. Артынша екі иінінен демалып, үлкен самауыр, иісі мұңки табақта қыжылдаған қуырдақ Айгүл мен Ұлдайдың қолымен ішке кірді. Отырғандар қуырдақ пен шайдан ала отырып, әртүрлі тақырыпқа әңгіме қозғады. Әркімнің қалаған өз мамандығы, кәсібі бар. Мамандар өз тұрғыларынан айтты. Бірі өзінің көлігін айтса, екіншісі – есеп-қисабын, үшіншісі – мал жайын сөз етті. Жасаған ғана ілтипат сақтап, отырғандардың әңгімелеріне құлақ түріп қалған еді. Бір кезде Таңатар Жасағанға бұрылып:

– Ал, Жәке, ендігі сөз өзіңізде. Әйтпесе, мына түрімізбен сөз қалдырар емеспіз. Ауыл әңгімесі бітер ме? – деп, күліп қойды.

– Жасаған жасынан тауқұмар, – деп, килікті сөзге сол кезде аға ретінде Төлен, – мына тауда бұл кезбеген жер қалмаған шығар-ау. Ақыры, сол мақсатына жетті. Ғалым болды. Ру-тайпамыздың сонау әргі жағындағы жазба ескерткіштерін зерттеді. Ал ендігісін өзі айтсын...



СӨЗДІК

Расытхана – астрономиялық, метеорологиялық, т.б. бақылау жүргізетін ғимарат; обсерватория.


Түрколог – түркітекті халықтардың тілін, мәдениетін, әдебиетін зерттеуші маман.



1. Әңгімені түсініп оқыңдар.
3. Әңгіменің «Дабыл» деп аталу себебін табыңдар. Оны басқаша атауға бола ма? Сендер қалай атар едіңдер?
4. Әңгіме желісі бойынша сюжеттік-композициялық жоспарын құрыңдар.

№	Құрылымы	Оқиға желісі
1.	Басталуы	
2.	Дамуы	
3.	Шиеленісуі	
4.	Шарықтау шегі	
5.	Шешімі	



- 
5. Ғарыштан жер бетіне түскен зат қалай аталады? Ұшатын тәрелкелер туралы әңгімелерді де фантастика деуге бола ма?
 6. Әңгімеде ауыл суреті қалай баяндалады? Жазушының оқығаны неге ауыл суретімен бастағанын ойланыңдар?
 7. Әңгіменің кейіпкерлерін атаңдар. Олардың Жасағанмен қандай байланысы бар?



1. Аспан денелеріндегі шоқжұлдыздар туралы мәлімет жинаңдар, ол шоқжұлдыздар әңгімеде қалай суреттелетінін айтыңдар.
2. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы мәлімет жинаңдар. Көне жазбаларды әңгімеде жазушы қалай қолданғанын көрсетіңдер.
3. Бұл әңгімеде жазушы көне жазбаларды не үшін пайдаланды деп ойлайсыңдар? Жазушының дүние танымы мен аспан әлемін зерттеулері туралы әңгімелендер.
4. «Төленнің құрдасы Қазыкен арнай тауға ыңғайланған, дөңгелекпен де, адымдап та жүре алатын бесаспап көлігімен жетті. Төлен қақпаны ашатын түймені нұқи қойды,» – деген жолдардағы көлік құрылысына назар аударыңдар. Заманауи техникалық құралдардың қазіргі таңда қолданыста бола алатындығы туралы ой-пікір білдіріңдер.



1. Жасағанның жазба ескерткіштер туралы әңгімесін зер сала оқыңдар.
2. Жасағанның мақсаты туралы айтыңдар. Жасағанға тән қасиеттерді топтастыру сызбасы арқылы көрсетіңдер.
3. Ауыл тұрғындары Жасағанды не үшін құрметтейді? Мұның астарында халқымыздың ғылымды жетілдіруге, мәдени мұраларымызды сақтауға деген қандай арман-тілектері жатыр?
4. «Міне, заманымыздың нағыз түйесі!» – деп, Таңатардың көлікті түйеге балауының себебі неде деп ойлайсыңдар? «Бесаспап» сөзінің мағынасын ашыңдар.



1. Шығарма тіліне талдау жүргізіңдер.



Кейіпкерлер		Мінез-құлқы	
Жасаған Таңатар Таңатардың достары Әйелдер			
Ауыл көрінісі	Кейіпкерлер портреті	Термин сөздер	Салт-дәстүрлер мен халық тұрмысының көріністері

3. Фантастика жанрында жазылған шығармаларда көбіне аспан әлемі туралы жазылады. Бұның себебі неде деп ойлайсыңдар?



1. «Жұлдызаралық жолымыздағы тоғыз ғаламшардан құралған осы бір жұлдыз жүйесіндегі көгілдір кезбешар назарымызды айрықша аударды. Оның өзіміз аялдаған жалғыз табиғи серігінен мұқият бақылау жүргізгенімізде тіршілік иелері – адамдармен қатар олардың тасқа ойып жазған жазуларын да кездестірдік. Ол жазулар арқылы Талас дейтін өзен бойын мекен еткен халықтың тарихын білдік. Енді бір келгенімізше олар жоғары мәдениет деңгейіне жетеді. Сонда біз олармен осы тілде сөйлесетін боламыз. Ал оған дейін олар осы серікке ұшып келе қалса, бұл ескерткішімізді оқып, біздің осында келгенімізді біледі. Бұл тасты сол мақсатта қалдырып отырмыз. Күнге ғаламшарының ғарышкерлері». Мәтіндегі айтылған ойға қандай пікір білдіре аласыңдар. Қазақстанның болашағына, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысы бар ма, нені аңғардыңдар? Пікір алмасып, ой түйіндеңдер.
2. Өңгімедегі жер-су атауларына назар аударыңдар.
3. Аспан кемесі туралы айтылғандардан қазақ халқының болашақ арман-мақсатының қандай көрінісі байқалады?
4. Өңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.



1. Өңгімедегі халқымыздың ежелгі жазуы мен келешекте енетін латын жазуы туралы мақала жазыңдар. Тақырыбын өздерің ойлаңдар.



2. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.
3. Жазушы көтерген жазу мәселесі жайында «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы ойларыңды білдіріңдер.



– Біздің болашағымыз жарқын.



– Қазақ халқы болашақта өзінің төл жазуымен жазады.



– Ешқандай төл жазуынсыз, сол бұрынғы кирилл жазуымен жүреміз.



– Бәрі реттеледі, тіл сақталады.



– мәдени мұраларымыз сақталып, қазақ тілі өркендесін.



– Мен талай қиындық көрдім, болашағыма сенемін.

4. Хрестоматиядан әңгіменің жалғасын оқып шығыңдар. Оқиға қалай дамытылғанына назар аударыңдар.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Жүніс Сахиевтің фантастика жанрында шығармалар жазғаны		
Түркология бойынша ғылыми-фантастикалық шығарманың болуы		



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Егер сендерге ғылыми-фантастика жанрында әңгіме жазу тапсырылса, қай тақырыпта жазар едіңдер?



РОЗА МҰҚАНОВА



Роза Мұқанова
(1964 жылы туған)

Роза Мұқанова 1964 жылы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Көлденең ауылында дүниеге келген. 1987 жылы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолында әдебиет пен өнерге қатысты мекемелерде жауапты қызметтер атқарған. Қазір Қазақ ұлттық өнер университетінде оқытушы, профессор.

Оның «Жарық дүние» (1994), «Дүние кезек» (1997), «Құдірет-кие» (2000) әңгімелер мен повестер, драмалық шығармалар жинақтары жарық көрді. Орта ғасырдағы ғұламалардың бірі – Рабғузидің «Қисса-сүл-әнбий-я» еңбегін тұңғыш рет қазіргі қазақ тіліне аударып, оны 2001 жылы жариялады.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Бұл әңгіме жанрында жазылғанымен, оның көтерер жүгі, салмағы маңызды. Өйткені кеңестік дәуірде мұндайды айтуға болмайтын. Тек 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін еліміздегі полигондардың, ядролық сынақтардың зардаптары айтыла бастады.

«Мәңгілік бала бейне» шығармасында ядролық сынақтардың зардабынан мүгедек болған Ләйлә қыздың өмірі сипатталған. Оның туған жері Қарауылдың ащы болмысы мен әлеуметтік жай-күйі бейнеленген. Ләйлә атомның әсерінен азап шегіп қана қоймай, кейбір адамдардан көңілі қалып, сатқындық пен саудаға түскен өз арын арашаламақ болады. Бірақ, бәрібір, полигон зардабы оның өмірін қиған. Қоғамның лас әрекетіне шыдамаған Ләйләмен бірге оның Қарауылдағы арманы да, махаббаты да өледі.



Шығарманың негізгі кейіпкері Ләйлә бейнесі өмірден алынған. Ол – Семей полигонының құрбаны болған бүлдіршін Еңлік. Роза Мұқанованың өзі Семей өлкесінде дүниеге келген, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің жазылу тарихы оның туған жерінің тағдырымен байланысты.

Бірде Қазақстан Жазушылар одағында «Семей-Невада» деген тақырыппен ядролық сынақтардың зардабынан мүгедек болған жандардың суреттері қойылған фотокөрме ұйымдастырылған. Роза Мұқанова сол көрмеге барған. Ол көрмеге қойылған суреттерде қасірет пен мұңға толы аналар мен балалардың бейнесін қарау оңай емес еді. Солардың арасындағы тағы бір сурет Роза Мұқанованың назарын өзіне бұрып, жүрегіне қатты әсер етті. Бұл бейкүнә қыздың суреті еді. Ол суретте, шамамен, 5–6 жастағы бүлдіршін қыздың көзінен үлкен қасіретті көруге болатындай екен. Суретке жақындай бергенде, жазушы «Еңлік. Жасы 14-те» деген жазуды оқиды. Ол суреттегі түр-әлпеті жас бала қалпында қалған 14 жастағы қыздың жүзі жазушыға қатты әсер еткен. Осы көрме, Еңліктің тағдыры Роза Мұқанованы бейжай қалдырмады, нәтижесінде «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі жазылды.

Бұл шығарма – қазақ жеріндегі, жалпы дүние жүзінде ядролық сынақтарға қарсы автордың азаматтық ұстанымы. Жазушы Ләйлә бейнесі арқылы тек қана оның мүгедек қалпын айтумен шектелмеген, қоғамдағы келеңсіздіктерді де сынаған.

«Мәңгілік бала бейне» 1996 жылы Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының сахнасында қойылды. Ол содан бері көрермендердің үздіксіз ықыласына бөленіп келеді. Осы әңгіменің желісі бойынша Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Қыз-жылаған» («Молитва Лейлы») фильмін түсірді. Ол бірнеше халықаралық кинофестивальдерде жүлделі орындарға ие болды.

Роза Мұқанова 1997 жылы М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесін сахнаға лайықтап, ұлы жазушының шығармасына екінші тыныс берді.

Ал 2016 жылы Қалибек Қуанышбаев атындағы Астанадағы музыкалық-драма театры Роза Мұқанованың «Сарра» атты пьесасын сахналады.

Роза Мұқанова – әзірше прозалық бес кітаптың, төрт пьесаның авторы. Бұл туындылары оның екі томдық шығармалар жинағында жарық көрді. Ол – Төлеген Айбергенов атындағы, «Алаш», т.б. сыйлықтардың, Кафка атындағы медальдің иегері.

АҚШ-та «Мәңгілік бала бейненің» аудармасы «An angel with the devil's appearance» деген атаумен жарық көрді.



«МӘҢГІЛІК БАЛА БЕЙНЕ» ӘҢГІМЕСІ

Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлдебір бейне қараңдап, сусып барады. «Жапан түзде жүрген неғылған жан?» – дейді қыз-көңіл алабұртып. «Мен адамдар әулетінің рухымын», – дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толықсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйлә-қыз бен быт-шыт болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей, қиғаштай шалқайып, керіліп жатып алатын. Бәлкім, сонда үңірейіп, ойылып жатқан жаралы жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шынымен-ақ қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып, не күн туды? Түн ішінде сайға келіп жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейпі ме? Сорлы-ау, мәңгі бақи бала кейіпте қалуыңа не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?» – деп бұлардың өздеріне кінә артып тұра ма? Әлде Қарауылдың жеріндегі бар сойқанды сезіп, әлдекімдерге көктен аңырап қарғыс айта ма, әйтеуір, жанындағы жұқалтаң бұлттарға екі бүйрегін кезек тіреп алып, зарлап тұрғандай көрінеді. Ләйлә Айға қараған қалпы, қалғып бара жатыр екен, селт етіп, көзін ашты. Жанарынан үзілген бір тамшы жас дір етіп иегіне құлады.

«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубесіне келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан» дейді. Солай ма, жарық Ай? Мен саған ғана, сенің өзіңе ғана сенемін. Тым болмағанда үмітімді сен ақтарсың. Сонда, бұл жұрт нені айта-

Тірек сөздер



Ядролық сынақ
Жарылыс
Қарауыл
Терең сай



ды? Мен кіммін осы? Мәңгілік пе? Шынымен-ақ, мәңгілік өспей қалған бала кейіп пе?».

Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп-әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...». Ләйлә жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде өспей қатып қалған Ләйлә тамыры адырайған егде қолдарын сермеп, көкке көтерді:

– Е...е...е...ей... Қашпа менен, қашпа! Бәрібір, сені тауып аламын. Жасқандың ба, сен де менен жиіркенемісің, сен де менен қорқамысың, жарық Ай?!

Ай барған сайын алыстап, сырғып барады... Мүгедек қызды да, жырым-жырым болып айырылған жер бетін де менсінбей, қап-қараңғы түн серігін қолтықтап, толықсып, кергіп барады, ұзап барады. Ләйлә-қыз одан сайын дауыстап, қол бұлғап, айғайлап тұр:

– Ертең де қайта оралшы. Ертең де терең сайда кездесейік. Мен сені сонда күтемін. Терең сайдан күтемін, жарық Ай!

Ең соңғы сөздерді айтқанда иегі кемсеңдеп, жүрегі құрғыр, алай-дүлей соғып, езіліп кетті.

Бұл жолы Қарауылға бет алған Ләйлә-қызға Шыңғыс тауының еңселі биік шыңы барған сайын шөгіп бара жатқандай көрінді. Бұл жолы қыз түн қойнындағы ербиіп көрінген тау белестерінен біртүрлі сескеніп, үрейленіп келеді. Әлгібір «адам рухымын» дейтін түн иесі ме, қартайған тау етегінен пана іздеп жүрген қаралы киімділер ме, көзі бұлдырлап кетті. Өзі тұратын Қатира төтесінің үйіне жақындай бере тынысы тарылып, демі қалтырай шықты. Есіктің тұтқасына қолын соза беріп, қайта тартып ала қойды. Үй ішіндегі өзіне тосырая қарайтын, ішіп-жеп қадалатын көздерді көргісі келмеді. «Жұрт ұйқыға батқанша отыра тұрсам да болар», – деп есік алдында кідіріп қалды. Сол сәт тосын шыққан дауыстан шошып кетіп, баж ете түсті. Қатира екен.

– Әй, қас қарайса, жын қуғандай, осы сен қайда кетесің? Не пәлең бар, а?

Ләйлә үнсіз төмен қарады. Ісініп, қызарған жанарын да, әбден сілесі қатып шаршаған күйін де төтесіне сездіргісі келмеді. «Менің мұңымды бөлісер Қатира ма, онанда үнсіз тұрғанымның өзі жақсы» дегендей ләммим деп тіс жармады.

– Қайда жүрсің деймін мен саған?



Ләйлә тағы да үн қатпады. «Жоқ, жоқ. Терең сайда отыратынымды ешкімге, ешбір жанға айтпаймын. Мен Аймен кездесуге, сонымен сырласуға барамын. Жарық Айдан басқа жанымды түсінер жан таппаған соң, терең сайға жүгіремін. Ол сәтте мені іздемеңдер, менен сұрамаңдар, мені көрмеңдер!»

– Е, енді саған жетпей жүргені меңіреулік пе еді? Оған да жетерсің, меңіреу де атанарсың.

Қыздың көзі жарқ етті. Қатира мырс етіп, айызы қанғандай қыздың аяқ-қолына сұқтана қарады. Ләйлә-қыз мүгедек денесіне сабырлылық жинай алмай, ызаға булығып, қалшылдап барады. Қолы мен аяғына әлдекімнің көзі түсе қалса, қу жанын қоярға жер таба алмай намыстанып, есі шығатын. Мынау шамадан тыс үлкейіп бара жатқан егде қолдар мен жетілмей қалған аяғына ешкімнің көзі түспесе екен, байқамаса екен деп зар қағатын. Ал Қатира болса әдейі қақшиып, шошына именіп, мұның жанды жеріне тие түскісі келгендей сұқтана, жиіркене көз тастады. Осындайда



Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» спектаклінен көрініс.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының актерлері,
солдан оңға қарай: депутат – Ғаникамал Байқошқарова, Пысықай – Омар Қиқымов,
Ләйлә – Нұржан Бексұлтанова, Құмар – Азамат Сатыбалды,
Қатира – Қазақстанның халық артисі Торғын Тасыбекова
(*Жазушы Роза Мұқанованың жеке архивінен алынды*)



Ләйлә-қыздың жаны шырқырап, жасырынар жер таппай алас ұрады.

– Қайда болдың деймін? Мал қораға қайтып, қол жетпей, у-шу болып жатқанда, қайда қашып кетесің? Айт деймін енді, ойбай!

Ләйлә көзін жерден алмаған қалпы:

– Адам емеспіз бе? – деп, ақырын күбір етті.

Сол-ақ екен Қатира ыршып түсті:

– Сөзді қара! «Адам емеспіз бе» дейді. Адам сиқы жоқ кейпіңе неге қарамайсың, а?

Қатираның ащы тілі сумандап, Ләйләның бала жүрегін қып-қызыл қанжоса етіп тілгілеп, пара-парасын шығарып, түтіп жатыр, түтіп жатыр. Бұрын осындайда жанына тиер сөзді естігенде шыр-пыр болып, зар қағып, жылап еңірейтін қыз, бұл жолы бедірейіп қатқан қалпы, өңі қуарып, Қатирадан көзін алмады. «Сезімсіз, жүрексіз, қатыгез адамның төрт түлігі қашанда сай болады. Табалайсың ғой, табалай бер, табала! Мен осы қасиретті Құдайдан сұрап алғанмын! Иә, иә, сеніңше сұрап алған тағдырым осы, осы! Отыңмен кіріп, күліңмен шығып жүрмін емес пе, не жазып едім саған?»

Жетілмей қалған сәби бетін жап-жалпақ алақанымен басып алып, жүресінен отыра кетті. Сол қалпы пысылдап бастап, төзімі таусылып, көз жасына ерік берді. Мұндайда бүкшііп, босағада жылап отырған Ләйлә-қызға бірде-бір жан: «Әй, мынаған не болды, тиіскен кім?» деп сұрамайды да. Бәлкім, осылай бейшара күй кешіп, жылап отыруы заңдылық деп ойлай ма? «Ей, байғұс, көз жасыңды біз емес, Құдай көрсін. Соның ілтифатын күт, пейілін көр!» дей ме, теріс қарап, күбірлеп өте шығатын. Ләйлә мұны да сезетін. Түн ішінде жарқырап, толықсып шығатын мылқау Айды есіне алып, терең сайға қарай жүгіре жөнелгісі келетіні де сондықтан.

Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап-жарық. Жер бетін кезіп, жылжыған қалпы Ләйлә-қызды іздеп жүр. Қарауылдың суынан да, жерінен де, тауынан да сұрап беу-беулеп іздеу салады. «Қайда кеттің? Неғып бүгін терең сайда жоқсың?» деп ана-дауыс жып-жылы алақанымен қолын жайып, сай ішінде қалықтап жүргендей. Түн жамылған сай іші жап-жарық. Ай таң атқандай ағартып барады. «Құлыным-ай» деген ана-дауыс еміреніп келіп, сай ішін жағалап кетті. Сол-ақ екен, тып-тыныш бір әлем орнады да, көкірегі қарс айырылып, ана-бейне дауыс салды:

«Сен құрсақта жатқанда, Дегелең тауының түбінен жер астын дүмпілдетіп жарылыс болып жатушы еді, сол басылды ма? Іңгәләп бесікте жатқан сен талай рет сол жарылыстан қорқып, шыр етіп, қолды-аяққа тұрмай



безілдеп кетуші едің. Сол әдетің ес білгенше қалмап еді... Сен Шыңғыс тауының етегінен көтерілген ауадағы қып-қызыл, саңырауқұлақ іспетті лаулап тұрған алауға қызығып, жүгіре жөнелетін едің, қазір ше? «Апа, тау жақтағы өuede қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді» дейтін ең. Сонда өжең жарықтық: «О, қарғатайым-ау! Сен де, Құдай жеткізсе, сол саңырауқұлақ сияқты жұрттың көзінің жауын алып, лаулап тұратын боласың» деп мейірленіп, маңдайыңнан сүюші еді. «Қазір қайда-сың? Қайда кетіп қалғансың?»

Сай ішіндегі дауыс әлсіреп сөніп, Ай көтеріліп, биіктеп бара жатқандай болды. Сол қалпы, терең сайдағы әр тобылғының түбінен Ләйлә-қызды іздеп, кезіп барады. Бірақ бұл жолы Ай бетіне еміреніп қарайтын терең сайдағы қыз бейнесі көрінбеді.

* * *

Адамдар қарақұрым болып көп жиналған жерден бойын аулақ салып, көзге түспеуге тырысып жүруші еді. Қатира қоярда-қоймай бұған жік-жапар болып, жабысып алды.

– Жүр, Қарауылда той бар. Сонда барайық. Сен сорлы да бір сейіліп қайт.

Ләйлә не айтарын білмей, кезерген жұқалтаң ернін тістелей берген: «Елдің көзі-ақ... Жұрттың сөзі...» Бұл ойын Қатираға сездіріп, мүсөпір күй танытқысы келмеді. Сылтауратып: «Шаршап отырмын», – деген.

– Қой-ей, жүр енді, жүр! – деп, әйел қызды жұлмалай берді де, көнбейтін болғасын, қолын әр жерден бір сумандатып, қытықтай бастады. Қыз қарқылдап кеп, қыстығып күле, орнынан көтерілді де, үп-үлкен алақанымен әйелді кеудесінен итеріп қалды. Сол сәт Қатираның өңі құп-қу болып кетті.

– Бармасаң, қой әрі!

– Барамын! – Кенет Ләйлә әлдекімге ерегіскендей, «Барамын», – деді.

«Шіркін-ай, шіркін-ай десейші! Менен басқаның бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бар бақыты он екі мүшеңнің саулығында екен ғой. Көпке қиған бақыттың өзіне зар болған қандай сормаңдай едім». – Ләйлә той өтіп жатқан үйдің көңілді адамдарына қызыға қарады. Бұршақ-бұршақ болып төгілген көз жасын әлсін-әлсін ел көзінен жасырып, сүрте берді. «Білемін, өспеймін. Құдірет-ау, басқа мазағың жетпегендей, әлі көрсетер қасіретің көп пе? Онан да біржола жоқ етіп неге жібермейсің.



Неге, неге? Саған да керегім жоқ па, менің қасиетсіз бейнеме ыржалаңдап күлгің келе ме? Көңіліңе басқа ермек таппай, мәңгі өспейтін қыз тағдырын қызықтайын дедің бе?»

– Ләйлә, Ләйлек! Ақ Ләйлә!

Қыз жып-жылы жігіт дауысына елең етті. Қаптаған жұрттың арасынан әлдекім жырылып, қолын созып бұған қарай жақындай түсті.

– Ой...й, – деп таңданды қыз. – Құмарды қара, Құмар! Қандай әдемі болып өсіп кеткенсің. Ғажап! Өзіммен бір партада отырған Құмарым ғой, көршім ғой. Құмар... иә, сен мені үнемі «Ләйлек, Ақ Ләйлек» дейтінсің. «Ләйлек деген құстың аты. Ол сондай нәзік, сүйкімді құс» дейтінсің!

Қыз біртүрлі есінен адасқандай есеңгіреп тұрып қалды.

– Таныдың ба? – деді жігіт ақырын жымыып.

– Таныдым. Неге танымауым керек? Сен сондай өзгеріп, әдемі болып кетіпсің. Бақыттысың ғой... Кешір мені, ренжіме...

– Сен де... сен де бақыттысың, Ләйлек.

Құмар қыздың мәңгілік құрысып қатып қалған бала бейнесіне мән бермеді, көрмегенсіді, білмегенсіді. Қыздың онсызда өзіне қадалған мұңлы жанарына жара салғысы келмеді. Оның ішкі дүниесінің ойсырап тұрғанын да сезбегендей, қыздың кіп-кішкентай иығына қолын салып:

– Ләйлек, жүр, билейік. Мен сені биге шақыруға келдім.

Сол сәт жәудіреп қараған Ләйлә-қызды жерден көтеріп алып, маңдайынан сүйді. Қыз жүрегі езіліп кетті. Жігіт, қызды көтерген қалпы, қаптаған көпшіліктің дәл ортасына еніп барады. Екеуі де бүкіл дүниені бір сәт ұмыт еткендей, айналып билеп жүр. Ләйлә-қыз көзін жұмды. Басы айналып кетті ме әлде ұмыт болған қыз-сезім селт етіп, мұның әлсіз денесінің тынышын алды ма, көзін аша алмады. Сол қалпы Құмардың мойнынан қапсыра құшақтап қатып қалыпты. Жігіт сәл сыбыр етіп:

– Ләйлек! Ақ Ләйлә, – деді. Қыз есеңгіреп барып көзін ашты. – Тойға келіп едік. Ауылда ешкім де қалмауға айналған ба, қалай? Сені көріп, қуанып кеттім...

Қыз жүзіне қызғылт рең пайда болды. Біртүрлі қысылып, ұялып тұр. Үстіне киген қып-қысқа шыт көйлегінен де, Қатираның қоярда-қоймай мұны бала сияқты етіп, дәл төбесіне қып-қызыл бантик тағып бергеніне де намыстанып, күйіп барады. Бірі балалықтан қол үзіп, бозбаланың күйін кешіп жүр. Бірі, керісінше, болашақтан қол үзіп, мәңгілік, мәңгі бақи өспей, жетілмей, мүгедек кейіпте қалған. Әлде тағдыр дегеннің өзі осы ма? Өзіне сөйлеп тұрған жігіттің дауысы бұл жолы әсерсіз болды ма әлде тағы



бір сүреңсіз, сұрғылт ойдың шырмауына түсіп кетті ме, әйтеуір, Құмардың бірде-бір сөзіне құлақ аспады. Меңіреу адамша сілейіп қатып қалыпты. Қыз егдеріп кеткен қолын жасыра қойды. Ұйқыдан оянғандай есін жиып, жан-жағына қарады. Жалғыз өзі.

– Құмар, Құмар! Қайдасың?..

Қыз жан-жағына жалтақтай қарады. Ығы-жығы халықтың арасынан жігітті іздеген қыз аласұрып, адамдарға тіксіне қарап:

– Құмар қайда? Қайда жібердіңдер, қайда кетті? Қайда... Қайда?! – деп сұрастыра берген.

Өмірінде алғаш рет адамдармен қатарласып, арман дүниесінің жалынан мықтап бір ұстағандай еді, ол да сусып қолынан шығып кетті. Жаңа ғана бар қасірет атаулыдан біржола арылып, әуеде қалықтап жүр еді, топ етіп қара жерге қайта түсті. Қыз тағы да жанұшыра «Құмар!» деп дауыстап қалып еді, әлдекімдер мырс-мырс етіп күлгенін, пыш-пыш етіп сөйлегенін сезді.

«Азаптан, осы бір азаптан құтқарыңдаршы мені» деп қыз шыңғырып жібергісі келген. Сонда ғана, сонда ғана әлгі бір мейірімі мол, жап-жарық Айды іздеген. Соған қарай ентелеп ұшып, тобылғысы сірескен терең сайға беттеген. Ләйлә-қыз көкке қадалып, жас іркілген жанарымен жалаңаш Айды аймалап, иегін көтеріп, ғарыштағы жарық Айға бетін тосты.

Бұл кезде Қарауыл қаралы күйде еді. Қарттар жағы күңіреніп, таяғына сүйеніп, күрсініп тұрған. Қара жамылған әйелдер бір-бірімен дауыс салып көрісіп, сай-сүйегінді сырқыратып зарлап жүрген. Бастарын әрең көтеріп: «Айрылдық қой! – дейді. – Болашақтан үміт жоқ бейбақ болдық қой. Ұрпақсыз тұл қалдық қой. Ата-баба жері еді, күлін көкке ұшырды ғой...»

Өлсіреген әйелдер бірінің иығына бірі басын сүйеп, еңіреп жылаулы. Есі шыққан Ләйлә Қатираны іздеп, таба алмады. Қарауылға не болғанын, неге осынша аңырап, зарлап жатқанын ұқпады. Көзі атыздай болып шарасынан шығып кете жаздап тұр.

«Ойпыр-ай, не күн туған? Не болған адамдарға?!» – Қыздың қол-аяғы қалш-қалш етіп, көзі жұмылып бара жатты.

Қарауылдың тұрғындары сол күні қақ айырылып үңірейіп жатқан жерді көрді. Тартылған су мен тұтылған Айды көрді.

Сол күнгі еңіреген қалың жұрттың дауысы әлдекімдердің құлағына жеткен бе, ақ киім киіп бейтаныс жандар түн ішінде келіп, жетілмей қалған мәңгілік бала бейне өулетінің бәрін жинап, бітеу қара машинаға тиіп жатты. Ішінен шыққан баласы емес пе, қимастықпен боздаған ата-ана зарлап



қала берді. Бұл сәтте Ләйлә терең сайда еді. Оны іздегендер де, издескендер де таба алмады. Әдеттегідей ел көзінен жасырынып келген Ләйлә-қыз терең сайға жетіп, жарық Аймен кездескен. Ұзақ үнсіздіктен кейін, балалық бар арман-тілегін, Құмарға деген қыз сезімінің бой көтергенін жасырмай ағынан жарылып, түнгі сай ішінде жалғыз өзі күбір-күбір еткен. Сонда Ай жарықтық қыз сезімінің тіршілігіне сүйсініп, дірілдеп жылап тұрғандай көрінген. Сол түннің суық ызғарын да ұмытып, екі тізесін ебедейсіз өсіп кеткен екі қолымен құшақтап алып, Ләйлә ұзақ отырды. Орнынан тұра бере, бұрынғыдай емес, денесінің ауырлығын сезді. Бойын күздің қара суығы алып қалды ма әлде ыстығы көтеріліп тұр ма, егде қолдарының күші қайтып, қайраты таусылып, Қатира үйінің есігін зорға ашты.

Әйелдің шатынаған көздері қадалып, мұның онсыз да жаралы жанын онан әрі жаныштап жіберді:

– Айтпады деме, енді кешігеді екенсің, күз болмақ түгілі, қыс болса да, үйден қуып шығамын, білдің бе?

Қатира екіленіп алыпты. Қыздың құлағына алыстан талып қасқырдың ұлығаны естілді.

– Қумашы! – деді жалына қарап иегі дірілдеп, көзі бозарып кетіпті.

Ләйлә көзін аша алмады. Мұп-мұздай қолымен аяғына әлдене тиіп кетсе болды-ақ, еріндері қыбырлап: «Құмар, Құмармысың... Сен қайдан жүрсің? Мен сені сол күні ұзақ іздедім емес пе?! Кел, өткендегідей мені биікке көтеріп, айналып биле. Кел... Құмар!» – деп сандырақтайды. Қыздың ауыр халіне ешкім де алаңдап көңіл бөлмегендіктен, оның не айтып, не сөйлеп жатқаны үйдегілерге беймәлім еді. Тек сол күні түнде дәрігер келіп кеткеннен кейін ғана қыз әлсіз басын көтерді. Бас жағындағы өзін бағып отырғандарға көз салды. Екеуі де көрші ауданның басшы азаматтары сияқты.

– Өзіңнің көңіліңді де сұрай келдік, – дегендеріне Ләйлә масайрап, өңі қашқан жүзіне қызғылт рең жүгіріп, көзін жерге салды. Осы келіп отырған екеуден қыз жақсылықтың нышанын күтіп, сөздің аяғын бақты.

– Қарағым Ләйлә, сенің де көрген қасіретің аз емес. – Жаңағы сөз бастаған күмілжіп, отырып қалды да:

– Ертең біздің ауданда қаралы жиын өтпек. Өзің сияқты балаларды өткенде қала жаққа алып кеткен. Содан әлі күнге дейін хабар жоқ. Енді, міне, көзге көрінер өзің қалған екенсің. Ертең өтетін қаралы жиынға өзіңді қолға ұстап, көтеріп шықсақ деген ой келіп еді.

Сол-ақ екен, қыздың құлағы шулап, басы айналып кетті.



– Алапат күннің белгісі ретінде, ел басына қатер тұнған күннің белгісі ретінде. Иә... иә, әйтеуір, жақсылықтың емес, жамандықтың, тек жамандықтың белгісімін. О, Құдай...

– Ал, Ләйлә, жолға жиналсақ...

Қыз талықсып барып, көзін ашты. Бұл жолы әлгі бір ағыл-тегіл болып жанарына толып кететін жас көрінбеді. Бірақ әлсін-әлсін өкси берді.

– Жамандықтың белгісі болғым келмейді. Мені аяңдаршы. Мен ел көзіне оғаш, мүгедек болғаныммен, жақсылықты ғана аңсаймын. Мен тек жақсылықты...

Отырғандар түнеріп, үнсіз қалды. Қыздың онсызда үзілгелі тұрған нәзік жанын ешкім түсіне алмады.

– Намысқойын қарай гөр! Жаман неменің! – деп, Қатира күңк-күңк етті.

Ләйлә көзін қайта ашып, отырған адамдарға ұзақ телміріп жатты. Со-сын оларға сыбырлап:

– Құмар да бола ма? Ол да сол қаралы жиынға қатыса ма? – деді әрең жұтынып.

Отырғандар ешнәрсе түсінбеді. Ләйлә көзін қайта жұмып, ұзақ жатты да, бір уақытта ап-анық етіп:

– Бармаймын, бара алмаймын. Кідірмей, жүре беріңіздер, – деді.

– Тұңғышымның да қызығын көруге жеткізді. Осыған да тәубе, осы да жетеді, – деп сампылдаған Қатираның дауысы төсек тартып жатқан Ләйләға ап-анық естілді.

«Өмір қандай арзан? Бір ғана ыстығы басылмаған қуаныш үстінде жа-ныңды қия салу қиянат емес пе? Өй, байғұс, тоқтатсайшы. Тоқтат!» деп, Ләйләнің дауыстағысы келген. Бірақ үні шықпады. Қатира үйіне келген біреуге даурығып сөйлеп жатса керек.

– Той өткеннен кейін-ақ Қарауылдан кетемін.

«Қасиетті жер еді, қадірден әбден жұрдай болды.

«Жақсының арты жын» деуші еді. Шынымен-ақ, адам естіп, көз көр-меген қасіреттің бәрі Абай ата басқан топырақтан шығып жатқан жоқ па? Алланың әмірі деген осы да!» деп ойлады Ләйлә-қыз.

Төсек тартып жатқан қыз бетіне Ай сәулесі түсті.

Қарауылдың барлық терезесінен сығалап, іздеп, тінтіп жүріп, Ләйлә-қызды әрең тауып алған сияқты. Аппақ болып, дөңгеленіп, ерекше бір нұрмен қыз бетіне төніп тұр. Науқас қыз Айға қарап алғаш рет жымыған. Көптен күткен жанашырын, сырласын терезе сыртынан байқап қалып,



қыз жүрегі елжіреп сала берген. Өз тағдырына, адамдарға деген өкпесі сол күнгі ағыл-тегіл көз жасына айналды. Сол сәт жап-жарық Айдан мәңгілік адасып қалатындай тағатсыздана сүйсініп тағы да қарады.

– Қасірет шеккен жан иесінің жалғыз ғана сырласы өзің екенінді ұмытпа! – деді.

Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қимай, ұзақ аймаласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елшісіндей елеңдеп, алшақтап қашып бара жатты.

Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалпы айырылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына біткен күш-қайрат мүлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сәулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың әсері ме, қыз көзінің сәулесі азайып кеткендей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауға тырысып еді, қозғалтпады. Ләйлә-қыз мұңайып, жанарын бір жұмып, дем алып тағы ашамын деген, бірақ...

Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік: Бірі – жер баласы, бірі – түн баласы.

Қатира тойға дайындалып жүріп, әдеттен тыс ұзарып, сұлап жатқан Ләйләнің жанына ентелеп жетіп барды да, үңіле қарады:

– Ойбай, мына бейбақ өліп қалғаннан сау ма? Құдай-ау, өліп қалыпты. Енді қайттім? Қырсықты неменің дәл той күні өлетінін кім білген?!

Қатира өзінен-өзі сөйлеп, әрлі-бері жүріп, сенделіп қалды.

«Қап, дәл той күні қылжия қалғанын көрмеймісің. Қасиетсіз неме. Той үстінде кімге барып атүсті өлімді хабарлайсың. Жатсын енді, менен басқа мұны өзір сезе қойған ешкім жоқ» деген әйелдің сумақай жүйрік ойы бір сәтте шешім қабылдап, кезеріп жатқан қыз жүзін орамалмен жасырып жаба салған. Сол бойы үйден жүгіріп шыққан Қатира сасып қалды. Алыстан өзіне таныс зарлы әуен талып естілді. Қара жамылған Қарауылдың топ-топ адамдары аңырап, тағы да көрісіп жүр. Айтқан сөздерінен төбе құйқаң шымырлап, сай-сүйегің сырқырайды.

– Ойпыр-ау, өлтіре ме, қайтеді. Түнде тағы... тағы да... жарылысы болды... Қатира дір-дір етті.



Өлгінің өліміне сол жарылыстың әсері болмасын...» деді іштей сыбырлап. Еңіреп жатқан сонау қаралы топты той болатын үйіне жақындатқысы келмеді.

– Аулақ! Аулақ! Тұңғышымның қызығын тойлатуға да мұрша бермедіңдер ме? Өлгенде бір көрген қызығымды қисаңдаршы, тым болмағанда!

Сосын әлі үйінен шықпаған Ләйләнің сүйегі есіне түскенде, әлсіреп, өңі қуарып, бүк түсіп, отыра кетті.

Қарауылдың қаралы тобыры осылай қарай бет алыпты, шулап келеді. Қатираның дыбысы шықпады... Біресе алақанын жайып, көптен жәрдем сұрайды. Біресе екі қолын төбесіне қойып, аңырап, босағасына қарай теңселіп, құлай береді.

Қалықтап жылжыған Ай сәулесі қараңғыда қалып бара жатқан Қатираның жүзіне сонау алыстағы қалпы жіп-жіңішке болып түсті. Өзі шалқайып жатыр. Қатираның көзіне Ай жарылып, екіге бөлінгендей көрінді.

– Ойпыр-ай, – деді ол сыбыр-сыбыр етіп, – ендігі жерде Қарауылдың Айы бұрынғыдай толықсып, сән бермейді десеңші. Сүттей аппақ болып, қап-қараңғы түннің көзін ашпайды десеңші!

Саусақтары дір-дір етіп, кеудесін қысып бара жатқан бешпетінің түймелерін ағыта берді, ағыта берді...



СӨЗДІК

Көрісу сөзінің мағынасы екі түрлі. 1) Қуанышта көрісу – салтанатты түрде өтеді, бұрын қыс кезінде ауыл арасы алшақ болғандықтан, бір-бірін көре алмаған ағайын-туыс көктем келіп, күн жылынған соң, жер аяғы кеңіп, жол жүріп, бір-бірін іздейді, үлкендерге сәлем бере барады. Қуаныш үстінде жүз көрісіп, мәре-сәре болысады. 2) Қайғыда көрісу. Бұл сөз тіркесі көрісудің басқа сипатын аңғартады, яғни қайғылы жағдайға байланысты адамдардың бір-бірімен жылап көріскені айтылған. «Қара жамылған Қарауылдың топ-топ адамдары аңырап, тағы да көрісіп жүр» деген сөйлемдегі «көрісу» сөзінің мағынасы. Осы соңғы жағдайға байланысты айтылған.

Қаралы жиын – өлген адамның қайғылы қазасына арналған жиын.

Ләйлек – құс аты.

Тәубесіне түсіру – тәубе ету – шүкіршілік қылу; тәубесіне келтіру – Құдайын есіне түсірді, яғни Құдайды ұмытқан адамды ақылға шақыру.

Дегелең – Шығыс Қазақстан облысында орналасқан тау.

Қарауыл – қазіргі Шығыс Қазақстан, бұрынғы Семей өңіріндегі жер атауы.





АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

«Семей» ядролық полигоны – кеңес дәуірі кезінде ядролық сынақтар жүргізілген жер, аумағы 18,5 мың км². Полигон бұрынғы Семей облысы Абыралы ауданы, сонымен қатар Павлодар және Қарағанды облыстарының біраз жерін қамтыған. 1949 жылы 29 тамызда таңертеңгі сағат 6-30-да Абай және Абыралы аудандарында халыққа алдын ала ескертілместен, қуаттылығы 30 килотонна болатын бірінші жарылыс болды. 1949–89 жылдар аралығында 470-тей қуаты әртүрлі ядролық жарылыстар жасалды.

1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Семей» ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды.

Әдебиет теориясы

Эпилог – көркем шығармадағы автордың ойын тиянақтауға қызмет ететін, шығармадағы ойды қорытындылайтын бөлік.

Трагедия (гректің *tragos* – ескі және *ode* – ән, жыр) – драма жанрының бір түрі.

Трагедиялық образ – кейіпкер заманның қатыгез әдеттерімен шайқаста өледі. Бірақ оның күресі адамның қайтпас рухын жеткізеді.



1. Роза Мұқанова туралы білетіндеріңді жазыңдар.
2. «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін толық оқып шығыңдар. Әңгіменің жазылуына қандай себептер әсер етті?
3. «Невада–Семей» қозғалысы туралы мәлімет жинаңдар.
4. Ләйлә-қыздың тағдыры, ол неліктен осындай халге душар болғаны туралы әңгімелендер.
6. Әңгімеде Қарауыл ауылының тыныс-тіршілігі қалай суреттелген?
7. Ләйлә-қыздың пәк сезімі мен бала махаббаты жайында айтыңдар.
8. Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.


Кейіпкерлер	Мінезі
Ләйлә	



Қагира	
Құмар	



1. Ләйлә-қыздың Аймен, меңіреу түнмен сырласуының себебі неде?
2. Әңгіменің басындағы «Мен адамдар өулетінің рухымын» дейтін жолдардан полигонның қандай зардабын, адамдардың қандай қасіретін байқауға болады?
3. Ләйлә-қыздың мінез-құлқы, іс-әрекеттері суреттелетін жолдарды әңгімеден тауып, кестені толықтырыңдар.



4. Жазушы әңгімені неге «Мәңгілік бала бейне» деп атаған?




1. Әңгіме желісі бойынша сюжеттік-композициялық жоспарын құрыңдар.

№	Құрылымы	Оқиға желісі
1.	Басталуы	
2.	Дамуы	
3.	Шиеленісуі	
4.	Шарықтау шегі	
5.	Шешімі	

2. Жазушы әңгімені: «Меңіреу қалпы, дел-сал болып мүлгіген жымжырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлдебір бейне қараңдап, сусып барады» деп бастауының себебі неде деп ойлайсыңдар?



- 
3. *Меңіреу, дел-сал, қара жамылған* деген сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.
 4. Ләйлә-қыздың Аймен сырласқан монологын оқып, түсінгендеріңді айтыңдар.
 5. Өңгімедегі қаралы жиын туралы айтыңдар. Өдетте қаралы жиын қандай мақсатта жасалады?



1. Ләйлә-қыз бейнесі арқылы Қарауыл елінің қандай қасиеттері бар екені көрінеді?
2. Ләйлә-қыздың трагедиялық тағдыры туралы ой бөлісіңдер. Өңгімеде тек қана ядролық сынақтың зардаптары ғана емес, сонымен бірге Ләйлә-қыздың жанын ауыртатын адамдардың болуы нені білдіреді?
3. «Менен басқаның бәрі де бақытты, бәрі де көңілді. Бұл дүниенің бақыты он екі мүшеңнің саулығыңда екен ғой». Осы сөйлемдерден қандай ой түйе болады?
4. «Жамандықтың белгісі болғым келмейді. Мені аяңдаршы. Мен ел көзіне оғаш, мүгедек болғаныммен, жақсылықты ғана аңсаймын». Ләйлә-қыз сөзін кімге арнады?



1. Жазушының Ләйлә-қызды неге Күнмен емес, Аймен ғана сырластыруының себебі неде деп ойлайсыңдар?
2. «Екі тіршілік: бірі – жер баласы, бірі – түн баласы». Жазушы осы сөздер арқылы не айтқысы келді?
3. Ләйлә-қыз өлгелі жатқанда, Қатира тойға дайындалып жүр. Қатираның іс-әрекеттері туралы ой бөлісіңдер.
5. Өңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтап, Қарауыл тұрғындары үшін қаншалықты қиын болғанын Ләйлә-қыздың тағдыры арқылы түсіндіріңдер.



1. Жазушының: «...ендігі жерде Қарауылдың Айы бұрынғыдай толықсып, сән бермейді десеңші. Сүттей аппақ болып, қап-қараңғы түннің көзін ашпайды десеңші!» деген сөйлемдермен аяқтау себебі неде? Бұл өңгімені өздерің қалай аяқтар едіңдер?



2. Ләйлә-қыз тағдырының басқаша шешілуіне мүмкіндік бар ма еді?
 3. Хрестоматиядан жазушының "Шерменде" атты әңгімесін оқып, екі шығарма бойынша сыни пікір білдіріңдер.

Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Жазушы Роза Мұқанова туралы		
«Мәңгілік бала бейне» шығармасы туралы		
Семей полигонының зардаптары		



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

«Мәңгілік бала бейне» әңгімесін оқығаннан кейін алған әсерлерің туралы жазыңдар.



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

- Шығармада «Қатираның көзіне Ай жарылып, екіге бөлінгендей көрінді» делінген, жазушы не айтқысы келді?
 - Ай екіге бөлінген
 - Қатираның есі ауысқан
 - Қатира аспанда екі ай бар екенін көрген
 - Қатира түс көрген
- «Қара жамылған Қарауылдың топ-топ адамдары аңырап, тағы да көрісіп жүр». Осы сөйлемдегі «Қара жамылған» деген сөз тіркесі көркемдеуіш құралдың қай түрі?

а) теңеу	б) эпитет
ә) метафора	в) аллитерация



Тыңдау CD 4-2. Роза Мұқанова. «Мәңгілік бала бейне» драмасынан бейнеуізінді.



IV бөлім БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «...күрең атты жасы елуді алқындырған, әдемі дөңгелек қара сақалды, биік дөңес мұрынды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған, қағылез кісі». «Күй аңызы» өңгімесінен алынған үзіндіде кімнің портреті берілгенін табыңдар.
 - а) Оразымбет
 - ә) Құрманғазы
 - б) Естемес
 - в) Абыл

2. «Боран», «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін» шығармаларының авторын табыңдар.
 - а) Ә. Кекілбаев
 - ә) Д. Исабеков
 - б) М. Мақатаев
 - в) Т. Ахтанов

3. «Күй аңызы» атты өңгімеде қай күй туралы айтылғанын табыңдар.
 - а) «Балбырауын»
 - ә) «Қосбасар»
 - б) «Көңілашар»
 - в) «Нар идірген»

4. Ақжан Машановтың фантастика жанрында жазған кітабының атын табыңдар.
 - а) «Мөңгілік бала бейне»
 - ә) «Көрінбес қорған»
 - б) «Жер астына саяхат»
 - в) «Айдағы жасырынбақ»

5. Роза Мұқанованың ядролық сынақтан зардап шеккен қыз туралы шығармасын табыңдар.
 - а) «Аққулар ұйықтағанда»
 - ә) «Невада – Семей»
 - б) «Бақытсыз Жамал»
 - в) «Мөңгілік бала бейне»



6. Қазақ әдебиетінде ең көп ғылыми-фантастикалық романдар жазған фантаст-жазушыны табыңдар.
- а) Абдул-Хамид Мархабаев
 - ә) Талап Сұлтанбеков
 - б) Ақжан Машанов
 - в) Жүніс Сахиев
7. «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі қатыгез әйел:
- а) Жамал
 - ә) Қатира
 - б) Нәзира
 - в) Ғали
8. Қазақ жазушыларының арасында авторлық фантастикалық шығарманы алғаш рет ұсынған кім екенін табыңдар.
- а) Ж.Сахиев
 - ә) А.Мархабаев
 - б) А. Машанов
 - в) М.Сәрсек
9. «Апа, тау жақтағы өuede қалықтап тұратын саңырауқұлақ бүгін тағы да түсіме кірді» деген кім екенін табыңдар.
- а) Нәзира
 - ә) Жамал
 - б) Ләйлә
 - в) Қатира
11. Әдебиетте өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанр:
- а) роман
 - ә) хикаят
 - б) фантастика
 - в) драма



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

I бөлім. ДАНАНЫҢ СӨЗІ – АҚЫЛДЫҢ КӨЗІ

Қорқыт.....	6
«Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» жайында.....	11
Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр.....	14
Қорқыттың нақыл сөздері.....	21
Ахмет Ясауи.....	28
«Даналық кітабы» туралы.....	30
«Даналық кітабы».....	31
Жыраулар поэзиясы.....	39
Ақтамберді жырау.....	39
«Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы.....	40
«Балаларыма өсиет» толғауы.....	46
Шалкиіз жырау.....	49
Би Темірге бірінші толғау.....	51
I бөлім бойынша тест.....	58

II бөлім. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ САРЫН

Мұрат Мөңкеұлы.....	62
«Үш қиян» толғауы туралы.....	64
«Үш қиян» толғауы.....	66
«Сарыарқа» толғауы туралы.....	72
«Сарыарқа» толғауы.....	74
Шәкәрім Құдайбердіұлы.....	80
«Еңлік – Кебек» поэмасы туралы.....	82
«Еңлік – Кебек» поэмасы.....	84



«Жастарға» өлеңі туралы.....	94
«Жастарға» өлеңі.....	95
II бөлім бойынша тест	100

III бөлім. МАХАББАТ ПЕН АБЫРОЙ

Міржақып Дулатұлы	104
«Бақытсыз Жамал» романы туралы.....	106
«Бақытсыз Жамал» романы	107
Бауыржан Момышұлы	118
«Үшқан ұя» повесі	119
Дулат Исабеков.....	128
«Әпке» драмасы туралы.....	129
«Әпке» драмасы	130
Мұқағали Мақатаев.....	146
«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы	149
III бөлім бойынша тест	160

IV бөлім. ҚИЯЛ МЕН ШЫНДЫҚ

Тахауи Ахтанов	164
«Күй аңызы» әңгімесі.....	166
Жүніс Сахиев.....	177
«Айдағы жасырынбақ» әңгімесі.....	178
«Дабыл» әңгімесі	187
Роза Мұқанова	195
«Мәңгілік бала бейне» әңгімесі.....	197
IV бөлім бойынша тест	212



Учебное издание

**Каскабасов Сеит Аскарлович
Алмуханова Риза Таскынғалиевна
Раушанов Есенғали Абдижапбарович
Кайырбай Канат Сатыбалдыұлы**

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 8 классов общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Лингвист – Анар Мұратқызы ФАЗЫЛЖАНОВА
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институты директорының орынбасары,
филология ғылымдарының кандидаты

Мұқабадағы суреттердің авторы **Ағымсалы Дүзелханов**
Қорқыт ата және күрзі суреттерінің авторы **Нұрлан Тазабеков**

Ұсынылған күйлер «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі»
(EL production company, Ltd 2009) жинағы бойынша берілді.

Редакторы
Мұқабаның дизайнері
Техникалық редакторы
Дизайнын жасаған және
компьютерде қалыптаған

Ғұсман Жандыбаев
Заманбек Кетебаев
Зайра Бошанова
Гүлмира Өтенова

ИБ №7375

Басуға 15.06.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90¹/₁₆.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.
Баспа табағы 13,5. Шартты б.т. 15,79. Шартты бояу көлемі 63,18.
Таралымы 5000. Тапсырыс №



ISBN 978-601-200-597-4



9 786012 005974